

ISSN 2073-333X

Международный научно-популярный журнал

Қазақстанның ғылымы мен өмірі  
Наука и жизнь Казахстана  
№4 (61) 2018



ауыл шаруашылығы ғылымының докторы,  
профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

**Рақымжан Елешев**

**Құрылтайшы:**  
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

**Учредитель:**  
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

**Founder:**  
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»  
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА**  
**SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**  
**Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал**  
**Международный научно-популярный журнал**  
**International popular-science journal**

**№4(61) 2018**

**ПЕДАГОГИКА**

**Астана 2018**

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

*Абдукаримов О.А.*, ҚР қоғам қайраткері  
*Асанов Ж.К.*, з.ғ.к., ҚР Жоғарғы сот төрағасы  
*Абдрасилов Б.С.*, б.ғ.д., профессор  
*Абдурасулова К.Р.*, з.ғ.д., профессор (Ташкент)  
*Абзалов Э.М.*, з.ғ.д., профессор, 3-сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі (Ташкент)  
*Байделдинов Д.Л.*, з.ғ.д., профессор  
*Байдаулет И.О.*, мед.ғ.д., профессор  
*Баулин Ю.В.*, з.ғ.д., профессор (Киев)  
*Бисенов К.А.*, тех.ғ.д., профессор  
*Бородин С.В.*, з.ғ.к., адвокат (Воронеж)  
*Бурханов К.Н.*, с.ғ.д., профессор  
*Букалєрова Л.А.*, з.ғ.д., проф. (РУДН, Мәскеу)  
*Ведерникова О.Н.*, з.ғ.д., проф. (Мәскеу)  
*Гаипов З.С.*, с.ғ.д., профессор  
*Голик Ю.В.*, з.ғ.д., профессор (Мәскеу)  
*Гриб В.В.*, з.ғ.д., профессор, бас ред. (Мәскеу)  
*Грунтов О.И.*, з.ғ.д., профессор БГУ (Минск)  
*Дулатбеков Н.О.*, з.ғ.д., профессор  
*Елешов Р.*, -а-ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі  
*Есім Ғ.*, ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі  
*Елубаев Ж.С.*, з.ғ.д., профессор  
*Жұрынов М.Ж.*, академик, ҚР ҰҒА Президенті  
*Жұмағұлов Б.Т.*, - т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі  
*Зарипов З.С.*, з.ғ.д., профессор (Рязань)  
*Ыдырысов Д.А.*, т.ғ.д., профессор  
*Қасымбеков М.Б.*, с.ғ.д., профессор  
*Кемел М.*, э.ғ.д., профессор  
*Коробеев А.И.*, з.ғ.д., профессор (Владивосток)  
*Құл-Мұхаммед М.А.*, з.ғ.д., профессор  
*Козаченко И.Я.*, з.ғ.д., профессор (Екатеринбург)  
*Коняхин В.П.*, з.ғ.д., профессор (Краснодар)  
*Лебедев С.Я.*, з.ғ.д., профессор (Мәскеу)  
*Лиховая С.Я.*, з.ғ.д., профессор (Киев)  
*Мацкевич И.М.*, з.ғ.д., профессор (Мәскеу)  
*Мухамедиұлы А.*, ф.ғ.д., профессор  
*Мұсақожаева А.К.*, профессор, ҚазҰӨУ ректоры  
*Мұтанов Ғ.М.*, т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі  
*Рустамбаев М.Ю.*, з.ғ.д., профессор (Ташкент)  
*Оразалин Н.М.*, ҚР Жазушылар Одағының төрағасы, ақын-драматург  
*Орлов В.Н.*, з.ғ.д., «Российский криминологический взгляд» журналының бас редакторы  
*Сартаев С.С.*, з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі  
*Сагадиев К.А.*, э.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі  
*Сәрсембаев М.А.*, з.ғ.д., профессор  
*Саломов Б.*, з.ғ.д., профессор, адвокат (Ташкент)  
*Сұлтанов Қ.С.*, с.ғ.д., профессор  
*Сыдыкова Л.Ч.*, з.ғ.д., профессор (Бішкек)  
*Шамурзаев Т.Т.*, з.ғ.д., профессор (Бішкек)  
*Шестаков Д.А.*, з.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург халықаралық криминологиялық клубының президенті  
*Харченко В.Б.*, з.ғ.д., профессор (Харьков)

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

*Абдиров Н.М.*, з.ғ.д., профессор  
*Абдуллаев К.К.*, -а.-ш.ғ.д., профессор  
*Ағыбаев А.Н.*, з.ғ.д., профессор  
*Айтжанов Б.Д.*, вет.ғ.д., профессор  
*Асангазы О.*, тіл жанашыры  
*Әбішев Т.Д.*, з.ғ.к., профессор  
*Әбішев Х.А.*, з.ғ.д., профессор  
*Байменов А.М.*, тех.ғ.к., профессор  
*Бишиманов Б.М.*, з.ғ.д., профессор  
*Бектұрғанов Е.Ө.*, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты  
*Борбат А.В.*, з.ғ.к., бас редактор (Мәскеу)  
*Джансараева Р.Е.*, з.ғ.д., профессор  
*Данилов А.П.*, з.ғ.к., доцент (Санкт-Петербург)  
*Жұмағұлова В.И.* - ф.ғ.д., профессор  
*Жақып Б.Ө.*, филол.ғ.д., профессор  
*Жолдыбай К.*, жазушы-публицист  
*Иванчин А.В.*, з.ғ.д., адвокат (Ярославль)  
*Ивона Массакки*, профессор (Польша)  
*Кәрібаев Б.Б.*, т.ғ.д., профессор  
*Кленова Т.В.*, з.ғ.д., профессор (Самара)  
*Куфлева В.Н.*, з.ғ.к., доцент (Краснодар)  
*Корконосенко С.Г.*, с.ғ.д., профессор (Санкт-Петербург)  
*Қанжәгітов Е.Қ.*, вет.ғ.д., профессор  
*Құрманалиев К.А.*, ф.ғ.д., профессор  
*Қуаналиева Ғ.А.*, з.ғ.д., профессор  
*Лопашенко Н.А.*, з.ғ.д., профессор (Саратов)  
*Мажейка Кипрас И.*, МЕАТР акад.(Мәскеу)  
*Маткаримова Ғ.С.*, з.ғ.д., проф. (Ташкент)  
*Мельник Ғ.С.*, с.ғ.д., проф. (Санкт-Петербург)  
*Миндагулов Ә.Х.*, з.ғ.д., профессор (Мәскеу)  
*Омаров Б.Ж.*, фил.ғ.д., профессор  
*Саданов А.Қ.*, б.ғ.д., профессор  
*Сапиев О.С.*, ҚР қоғам қайраткері  
*Старостин С.А.*, з.ғ.д., профессор (Мәскеу)  
*Сұлтанмұрат Е.*, академик  
*Сматлаев Б.М.*, з.ғ.д., профессор  
*Сыдыков Е.Б.*, т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі  
*Сейтжанов Ә.Ә.*, з.ғ.к., доцент  
*Рустемов Б.Т.*, жазушы-публицист  
*Турецкий Н.Н.*, з.ғ.д., профессор  
*Тұрсынов С.Т.*, э.ғ.д., профессор  
*Усманов А.*, п.ғ.д., профессор  
*Тогжанов Е.Л.*, з.ғ.к.  
*Тойлыбаев Б.А.*, п.ғ.д., профессор  
*Тұрғараев Б.Т.*, з.ғ.д., профессор  
*Рүстемова Ғ.Р.*, з.ғ.д., профессор  
*Фадеев В.Н.*, з.ғ.д., проф. (Мәскеу)  
*Шаукенова З.К.*, э.ғ.д., профессор  
*Усманов С.У.*, т.ғ.д., профессор  
*Челадзе Г.*, құқық докторы, әкімшілік бизнес докторы, профессор (Грузия)  
*Нхи Thinkh*, Вьетнам Жазушылар Қауымдастығының Төрағасы (Вьетнам)

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

*Абдукаримов О.А.*, общественный деятель РК  
*Асанов Ж.К.*, к.ю.н., Председатель Верховного Суда РК  
*Абдрасилов Б.С.*, д.б.н., профессор  
*Абдурасулова К.Р.*, д.ю.н., профессор (Ташкент)  
*Абзалов Э.М.*, д.ю.н., профессор, государственный советник юстиции 3-класса (Ташкент)  
*Асангазы О.*, общественный деятель  
*Байдельдинов Д.Л.*, д.ю.н., профессор  
*Байдаулет И.О.*, д.мед.н., профессор  
*Бисенов К.А.*, д.т.н., профессор  
*Баулин Ю.В.*, д.ю.н., профессор (Киев)  
*Бородин С.В.*, к.ю.н., вице-президент, адвокат (Воронеж)  
*Бурханов К.Н.*, д.п.н., профессор  
*Букалерева Л.А.*, д.ю.н., проф. (РУДН, Москва)  
*Ведерникова О.Н.*, д.ю.н., проф. (Москва)  
*Гаипов З.С.*, д.п.н., профессор  
*Голик Ю.В.*, д.ю.н., профессор (Москва)  
*Гриб В.В.*, д.ю.н., профессор, гл. ред. (Москва)  
*Грунтов О.И.*, д.ю.н., профессор БГУ (Минск)  
*Дулатбеков Н.О.*, д.ю.н., профессор  
*Елешов Р.*, д. с-х.н., академик НАН РК  
*Есим Г.*, д.ф.н., академик НАН РК  
*Елюбаев Ж.С.*, д.ю.н., профессор  
*Журынов М.Ж.*, академик, Президент НАН РК  
*Жумагулов Б.Т.*, - д.т.н., академик НАН РК, депутат Сената Парламента РК  
*Зарипов З.С.*, д.ю.н., профессор (Рязань)  
*Идрисов Д.А.*, д.т.н., профессор  
*Касымбеков М.Б.*, д.полит.н., профессор  
*Кемел М.*, д.э.н. профессор  
*Кул-Мухаммед М.А.*, д.ю.н., профессор  
*Коробеев А.И.*, д.ю.н., профессор (Владивосток)  
*Козаченко И.Я.*, д.ю.н., профессор (Екатеринбург)  
*Коняхин В.П.*, д.ю.н., профессор (Краснодар)  
*Лебедев С.Я.*, д.ю.н., профессор (Москва)  
*Лиховая С.Я.*, д.ю.н., профессор (Киев)  
*Мацкевич И.М.*, д.ю.н., профессор (Москва)  
*Мухамедиулы А.*, д.ф.н., профессор  
*Мусаходжаева А.К.*, профессор, ректор КазНУИ  
*Мутанов Г.М.*, д.т.н., профессор, академик НАН РК  
*Рустамбаев М.Ю.*, д.ю.н. профессор (Ташкент)  
*Оразалин Н.М.*, Председатель Союза Писателей Казахстана, поэт-драматург  
*Орлов В.Н.*, д.ю.н., гл. ред. журнала «Российский криминологический взгляд»  
*Сартаев С.С.*, д.ю.н., академик НАН РК  
*Сагадиев К.А.*, д.э.н., академик НАН РК  
*Сарсембаев М.А.*, д.ю.н., профессор  
*Саломов Б.*, д.ю.н., профессор, адвокат (Ташкент)  
*Султанов К.С.*, д.пол.н., профессор  
*Сыдыков Е.Б.*, д.и.н., академик НАН РК  
*Сыдыкова Л.Ч.*, д.ю.н., профессор (Бишкек)  
*Шамурзаев Т.Т.*, д.ю.н., профессор (Бишкек)  
*Шестаков Д.А.*, д.ю.н., профессор, президент Санкт-Петербургского международного криминологического клуба

## РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:

*Абдиров Н.М.*, д.ю.н., профессор  
*Агыбаев А.Н.*, д.ю.н., профессор  
*Айтжанов Б.Д.*, д. вет.н., профессор  
*Абдуллаев К.К.*, д. с.-х.н., профессор  
*Абишев Т.Д.*, к.ю.н., профессор  
*Абишев Х.А.*, к.ю.н., доцент  
*Байменов А.М.*, к.тех.н., профессор  
*Бишиманов Б.М.*, д.ю.н., профессор  
*Бектұрғанов Е.У.*, депутат Мажилиса Парламента РК  
*Борбат А.В.*, к.ю.н., гл. редактор (Москва)  
*Джансараева Р.Е.*, д.ю.н., профессор  
*Данилов А.П.*, к.ю.н., доцент (Санкт-Петербург)  
*Жумагулова В.И.* - д.ф.н., профессор  
*Жакып Б.О.*, д.фил.н., профессор  
*Жолдыбай К.*, писатель-публицист  
*Иванчин А.В.*, д.ю.н., адвокат (Ярославль)  
*Ивона Масаки*, профессор (Польша)  
*Карибаев Б.Б.*, д.и.н., профессор  
*Канжигитов Е.К.*, д.вет.н., профессор  
*Кленова Т.В.*, д.ю.н., профессор (Самара)  
*Куфлева В.Н.*, к.ю.н. доцент (Краснодар)  
*Корконосенко С.Г.*, д.пол.н., профессор (Санкт-Петербург)  
*Қурманалиев К.А.*, д.ф.н., профессор  
*Куаналиева Г.А.*, д.ю.н., профессор  
*Лопашенко Н.А.*, д.ю.н., профессор (Саратов)  
*Мажейка Кипрас И.*, академик МЕАТР (Москва)  
*Маткаримова Г.С.*, д.ю.н., профессор (Ташкент)  
*Мельник Г.С.*, д.пол.н., профессор (Санкт-Петербург)  
*Миндагулов А.Х.*, д.ю.н., профессор (Москва)  
*Омаров Б.Ж.*, д. фил.н., профессор  
*Саданов А.К.*, д.б.н., профессор  
*Сапиев О.С.*, общественный деятель РК  
*Старостин С.А.*, д.ю.н., профессор (Москва)  
*Султанмурат Е.*, академик  
*Сматлаев Б.М.*, д.ю.н., профессор  
*Сейтжанов А.А.*, к.ю.н., доцент  
*Рустемов Б.Т.*, писатель-публицист  
*Рустемова Г.Р.*, д.ю.н., профессор  
*Турецкий Н.Н.*, д.ю.н., профессор  
*Турсинов С.Т.*, д.э.н., профессор  
*Тогжанов Е.Л.*, к.ю.н., доцент  
*Тойлыбаев Б.А.*, д.п.н., профессор  
*Тургараев Б.Т.*, д.ю.н., профессор  
*Усманов А.*, д.п.н., профессор  
*Усманов С.У.*, д.т.н., профессор  
*Шаукенова З.К.*, д.соц.н., профессор  
*Фадеев В.Н.*, д.ю.н., профессор (Москва)  
*Челадзе Г.*, доктор права, доктор бизнес админ., профессор (Грузия)  
*Нхи Thinh*, Председатель Ассоциации писателей во Вьетнаме (Вьетнам)  
*Харченко В.Б.*, д.ю.н., профессор (Харьков)

## EDITORIAL BOARD:

*Abdulkarimov O.A.*, public figure of the Republic of Kazakhstan  
*Asanov Zh. K.*, Dr. of Law, the Chairman of the Supreme court of Kazakhstan  
*Abdrasylov B.S.*, Dr. of biology, professor  
*Abdurasulova K.R.*, Dr. of Law, prof.(Tashkent)  
*Abzalov E.M.*, Dr. of Law, Professor, State Counselor of Justice of the 3rd class (Tashkent)  
*Asangazy O.*, public figure  
*Baideldinov D.L.*, Dr. of Law, professor  
*Baidaulet I.O.*, Dr. of medical science, prof.  
*Bisenov K.A.*, Dr. of technology, professor  
*Baulin U.V.*, Dr. of Law, prof. (Kiev)  
*Borodin S.V.*, Dr. of Law, vice president, lawyer (Voronezh)  
*Burhanov K.N.*, Dr. of polit., professor  
*Bukalerova L.A.*, Dr. of Law, prof. (Moscow)  
*Vedernikova O.N.*, Dr. of Law, professor (Moscow)  
*Gayipov Z.S.*, Dr. of political sciences, prof.  
*Gollik Y.V.*, Dr. of Law., Professor (Moscow)  
*Grib V.V.*, Dr. of Law., Professor (Moscow)  
*Gruntov O.I.*, Dr. of Law., Professor (Minsk)  
*Dulatbekov N.O.*, Dr. of Law, professor  
*Eleshov R.*, Dr. of agricultural sciences, acad. NAS RK  
*Esim G.*, Dr. of Philology, acad. NAS RK  
*Elubaev G.S.*, Dr. of Law, professor  
*Zhumagulov B.T.*, - Dr of technical sciences, Academician of the NAS of the RK  
*Zhurinov M.Zh.*, academic, President of NAS RK  
*Zaripov Z.S.*, Dr. of Law, professor (Ryazan)  
*Ydyrysov D.A.*, Dr. of history, professor  
*Kasimbekov M.B.*, Dr. of political sciences, prof.  
*Kemel M.*, Dr. of economics, professor  
*Kul-Muhammed M.A.*, Dr. of Law, professor  
*Korobeev A.I.*, Dr. of Law, professor (Bladibostok)  
*Kozachenko I.Ya.*, Dr. of Law, professor (Ekaterinburg)  
*Koniyakhin B.P.*, of Law, prof. (Krasnodar)  
*Lebedov S.Y.*, Dr. of Law, professor (Moscow)  
*Lihovaya S.Y.*, Dr. of Law, professor (Kiev)  
*Matskevich I.M.*, Dr. of Law, professor (Moscow)  
*Mukhamediuly A.*, Dr. of philosophy., prof.  
*Musakhodzhayeva A.K.*, professor  
*Rustambaev M.Yu.*, Dr. of Law, prof. (Tashkent)  
*Orazalin N.M.*, Chairman of the Writers' Union, Poet, playwright  
*Orlov B.N.*, Dr. of Law, Editor-in-chief «Russian criminological view»  
*Sartayev S.S.*, Dr. of Law, acad. NAS. RK  
*Sagadiev K.A.*, Dr. of Economics, acad. NAS. RK  
*Sarsembaev M.A.*, Dr. of Law, professor  
*Salomov B.*, Dr. of Law, professor  
*Sultanov K.S.*, Dr. of political sciences, prof.  
*Sydykov E.B.*, Dr. of history, professor  
*Sydykova. L.Ch.*, Dr. of Law, professor (Bishkek)  
*Shamurzaev T.T.*, Dr. of Law, professor (Bishkek)  
*Shestakov D.A.*, Dr. of Law, professor, writer

## EDITORIAL COUNCIL:

*Abdirov B.D.*, Dr. of Law, professor  
*Agibaev A.N.*, Dr. of Law, professor  
*Aitganov B.D.*, a doctor of betener sciences is a professor  
*Abishev T.D.*, candidate of Law  
*Abishev H.A.*, Dr. of Law, professor  
*Abdullaev K.K.*, Doctor of agricultural sciences, professor  
*Baimenov A.M.*, candidate of tech, professor  
*Bishmanov B.M.*, Dr. of Law, professor  
*Bekturganov E.U.*, Member of the Parliament of Kazakhstan  
*Borbat A.V.*, Deserved Lawyer of the Russian Federation, candidate of Law (Moscow)  
*Jansaraeva R.E.*, Dr. of Law, professor  
*Zhumagulova V.I.* - Doctor of philological sciences, Professor, academician  
*Zhakyp B.U.*, Dr. of philology, professor  
*Zholdybay K.*, writer, journalist  
*Ivona Massaki*, professor (Poland)  
*Karibaev B.B.*, Dr. of hisroy, professor  
*Kangigitov E.K.*, a doctor of betener sciences  
*Klenova T.V.*, Dr. of Law, professor (Samara)  
*Kufleva V.N.*, cand.Sc. in Law, assistant professor (Krasnodar)  
*Korkonosenko S.G.*, Dr. of polit, professor (St.-Peterburg)  
*Kurmanaliev K.A.*, Dr. of philology, prof.  
*Kuanalyeva G.A.*, Dr. of Law, professor  
*Loopachenko N.A.*, Dr. of Law, prof. (Saratov)  
*Mazheika Kipras I.*, acad.PANS (Moscow)  
*Matkarimova G.S.*, Dr. of Law, professor (Tashkent)  
*Melnik G.S.*, Dr. of polit, professor  
*Mindagulov A.N.*, Dr. of Law, professor  
*Omarov B.Zh.*, Dr. of philology, professor  
*Sadanov A.K.*, Dr. of biology, professor  
*Sapiev O.S.*, The public figure of RK  
*Starostin S.A.*, Dr. of Law, prof. (Moscow)  
*Sultanmurat E.*, academic  
*Smatlaev B.M.*, Dr. of Law, professor  
*Seitzhanov A.A.*, Ph.D., associate Professor  
*Rustemov B.T.*, writer, publicist  
*Rustemova G.R.*, Dr. of Law, professor  
*Turetski N.N.*, Dr. of Law  
*Tursunov C.T.*, Doctor of Economics, professor  
*Toqshanov E.L.*, Dr. of Law, professor  
*Toilybaev B.A.*, Dr. of pedagog., professor  
*Turgaraev B.T.*, Dr. of Law, professor  
*Usmanov A.*, Dr. of political sciences, professor  
*Usmanov S.U.*, Dr. of history, professor  
*Shaukenova Z.K.*, Dr. of soc., professor  
*Fadeev V.N.*, Dr. of Law, prof. (Moscow)  
*Cheladze G.*, Dr. of Law, professor (Gruzia)  
*Huu Thinh*, Chairman Vietnam Writer's Association, poet (Vietnam)  
*Harchenko B.V.*, Dr. of Law, prof. (Harkov)

### ТМД елдеріндегі редакция өкілдігі:

Мәскеу ММУ:	проф. Матвеева А.А..	ұялы тел.: +7 (916) 526-44-29
Мәскеу:	проф. Лебедев С.Я.	ұялы тел.: +7 (985) 977-28-05
Санкт-Петербург:	доцент Данилов А.П.	ұялы тел.: +7-911-963-13-91
Рязань:	проф. Зарипов З.С.	ұялы тел.: +7-960-5726474;
Краснодар:	проф. В.П. Коняхин	ұялы тел.: +7-918-443 56 21
Краснодар:	доцент Куфлева В.Н.	ұялы тел.: +79184333395
Киев:	проф. Лиховая С.Я.	ұялы тел.: +7 380674469485
Харьков:	проф. Харченко В.Б.	ұялы тел.: +7 380932339968
Ташкент:	проф. Абдурасулова К.Р.	ұялы тел.: +7 998 909 63 92 51
Ташкент:	проф. Абзалов Э.М.	ұялы тел.: +7 998 901 87 07 01
Душанбе:	проф. Бахриддинов С.Э.	ұялы тел.: + 992907702120
Бишкек:	проф. Сыдыкова Л.Ч.	ұялы тел.: + 996555753058
Бишкек:	проф. Шамурзаев Т.Т.	ұялы тел.: + 996555789546
Ярославль:	проф. Иванчин А.В.	ұялы тел.: + 89106641313
Ставрополь:	проф. Кибальник А.Г.	ұялы тел.: +79624038213
Ростов-на-Дону:	проф. Бойко А.И.	ұялы тел.: +7 (928) 158-68-17
Екатеринбург:	доцент Сергеев Д.Н.	ұялы тел.: +7 (902) 260-15-54

### Представительство редакция в СНГ:

Москва МГУ:	проф. Матвеева А.А..	моб.: +7 (916) 526-44-29
Москва:	проф. Лебедев С.Я.	моб.: +7 (985) 977-28-05
Санкт-Петербург:	доцент Данилов А.П.	моб.: +7-911-963-13-91
Рязань:	проф. Зарипов З.С.	моб.: +7-960-5726474;
Краснодар:	проф. Коняхин В.П.	моб.: +7-918-443 56 21
Краснодар:	доцент Куфлева В.Н.	моб.: +79184333395
Киев:	проф. Лиховая С.Я.	моб.: +7 380674469485
Харьков:	проф. Харченко В.Б.	моб.: +7 380932339968
Ташкент:	проф. Абдурасулова К.Р.	моб.: +7 998 909 63 92 51
Ташкент:	проф. Абзалов Э.М.	моб.: +7 998 901 87 07 01
Душанбе:	проф. Бахриддинов С.Э.	моб.: + 992907702120
Бишкек:	проф. Сыдыкова Л.Ч.	моб.: + 996555753058
Бишкек:	проф. Шамурзаев Т.Т.	моб.: + 996555789546
Ярославль:	проф. Иванчин А.В.	моб.: + 89106641313
Ставрополь:	проф. Кибальник А.Г.	моб.: +79624038213
Ростов-на-Дону:	проф. Бойко А.И.	моб.: +7 (928) 158-68-17
Екатеринбург:	доцент Сергеев Д.Н.	моб.: +7 (902) 260-15-54

---

Веб-сайт: [www.nauka-zan.kz](http://www.nauka-zan.kz) e-mail: [nauka-zan@mail.ru](mailto:nauka-zan@mail.ru)

#### Журнал редакциясының мекен жайы:

Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау, Түлкібас көш., 49 үй

#### Адрес редакции журнала:

г. Астана, Алматинский район, Юго-Восток, правая сторона, ул. Тулкибас, д.49.

**Главный редактор:** д.ю.н., профессор Алауханов Е.О. +7 701 111 8828;

**Научный редактор:** к.ф.н., доцент Абдиева Роза Серикбаевна, 87013323407

# ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 37.015.3:001.895

**Алметов Негматжан Шадиметович**

п.ғ.д., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

**Бекжанова Сания Жаркынбековна**

6D010300 – Педагогика және психология мамандығының 1 курс докторанты,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
Sani-161189@mail.ru

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫ МЕКТЕПТЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-БІЛІМДІК ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ**

***Түйіндеме.** Мақалада болашақ педагог-психологтарды жалпы білім беретін мектепте инновациялық-білімдік іс-әрекетті ұйымдастыруға даярлау мәселесі қарастырылған. Мектептің жаңартылған білім беру мазмұнына көшуі жағдайларында мектеп тәжірибесіне педагогикалық инновациялардың ұдайы ендірілуі оған сәйкес қолайлы психологиялық орта және инновациялық-білімдік іс-әрекетті ұйымдастырумен байланысты. Мектеп психологиялық қызметі педагогикалық инновацияларды ендіруді психологиялық-педагогикалық тұрғыда сүйемелдеу бағытындағы жұмыстарды жүйелі және жоспарлы түрде іс-жүзіне асыруы қажет. Мектеп психологының инновациялық-білімдік іс-әрекетті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-әрекеті мазмұны ашып көрсетілген.*

***Түйін сөздер:** болашақ педагог-психолог, инновациялық-білімдік іс-әрекет, ұйымдастыру, жоғары оқу орны, даярлық, мектеп психологиялық қызметі, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.*

***Резюме.** В статье рассматривается проблема подготовки будущих педагогов-психологов к организации инновационно-образовательной деятельности в общеобразовательной школе. Отмечается, что систематическое внедрение инноваций в практику общего среднего образования в условиях перехода школы в обновленное содержание образования сопряжена с проблемой адаптации учителей и учащихся к педагогическим новшествам, создания благоприятной психологической среды и организации инновационно-образовательной деятельности. Школьная психологическая служба должна систематически и планомерно осуществлять работу в направлении психолого-педагогического сопровождения внедрения педагогических инноваций.*

***Ключевые слова:** будущий педагог-психолог, инновационно-образовательная деятельность, организация, вуз, подготовка, психологическая служба школы, психолого-педагогическое сопровождение.*

***Summary.** In article the problem of training of future educational psychologists for the organization of innovative and educational activity at general education school is considered. It is noted that systematic introduction of innovations in practice of the general secondary education in the conditions of transition of school to the updated content of education it is accompanied by a problem of adaptation of teachers and pupils to pedagogical innovations, creations of the favorable psychological environment and the organization of innovative and educational activity. The school psychological service has to carry out systematically and systematically work in the direction of psychology-pedagogical maintenance of introduction of pedagogical innovations.*

***Keywords:** future educational psychologist, innovative and educational activity, organization, higher education institution, preparation, psychological service of school, psychology and pedagogical maintenance.*

Ұлттық білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы педагогикалық процеске инновациялық технологияларды енгізумен сипатталады. Оқу орнының психологиялық қызметі осы өзгерістерге байланысты. Бірақ қазіргі жағдайда психолог жұмысының негізгі бағыты білім берудің инновациялық қызметіне ауысуы. Болашақ педагог-психологтарды мектепте инновациялық-білімдік іс-әрекетті ұйымдастыруға даярлау педагог-психологтың қызметінің үлгісі қажет. Оқу орнының инновациялық қызметі шеңберінде педагогикалық-психологиялық қызметтің міндеті педагогпен бірге жүру. Болашақ педагог-психологтарды мектепте инновациялық-білімдік іс-әрекетті ұйымдастыруға даярлау,

дайындықты дамыту, ол бүгінгі күні педагогикалық қызметті жүзеге асыру, оқу орындарының практикалық психологтың нақты міндеті болып табылады. білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Мұндай жағдайда педагог тек қана орындаушыны ғана емес, сонымен қатар инновациялық процестерді тікелей жасаушы болып саналады.

Инновация әдетте, білім беру үдерісіне психологиялық өзгерістерге алып келеді, олардың қабілеттеріне, сенімділіктеріне тікелей әсер етеді. Болашақ педагог-психологтарды мектепте инновациялық-білімдік іс-әрекетті ұйымдастыруға даярлау, мұғалімнің психологиялық-педагогикалық қолдауының мақсаты инновациялық қызметке психологиялық қолдау көрсету және педагогтың инновациялық қызметке психологиялық дайындығын дамыту болып табылады, психологтың маңызды міндеті педагогтардың өз жұмысында бір нәрсені өзгерткісі келетін жағдай жасауына көмектесу болып табылады. Оқу орнының инновациялық қызметі педагогикалық оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне енгізу және дамытуға дайындығымен байланысты.

Инновациялық білімдік іс-әрекет дегеніміз, мұғалімнің жаңашыл идеяларды, жаңашыл әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісіне өз кәсіби тәжірибесіне, мектеп жағдайына, балалардың білім дәрежесінде байланысты енгізуін айтамыз.

Инновациялық білімдік іс-әрекетті жүзеге асыру іс-әрекетінің реті-жаңа білім беру бағдарламаларынан, әдіс-тәсілдерімен танысып талдау, оларды өз жұмысында қолдану туралы шешім қабылдау, жаңашыл әдіс-тәсілдерді өз еңбегінде қолдану мақсаттарын белгілеу, эксперименталды жұмыстың кезеңдерін жоспарлау, болашақ қиыншылықтарды болжау, жаңашыл әдіс-тәсілдерді, идеяларды педагогикалық үрдіске енгізу, инновациялық іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылап, бағалау, талдау.

Жаңашылдыққа дайын болу, педагогтың қасиеттерінің жиынтығы болып табылады, оның өзінің педагогикалық қызметін дамытуға және бүкіл мектеп ұжымының қызметін дамытуға, сондай-ақ оның оқушылардың білімінің өзекті мәселелерін анықтауға қабілеттілігін, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық білімдік іс-әрекеттің нәтижелері оңай аңғарылады және сапалы-сандық көрсеткіштерде көрсетілуі мүмкін.

*Қажеттілік* – аса қажеттіліктен және оны жүзеге асыру мен дамыту үшін қажет объекттер мен әрекеттерде туындайтын адамның күйі, сондай-ақ оның белсенділігінің көзі болып келетін, танымдық үрдістерді, қиял мен жүріс-тұрысты ұйымдастырады және бағыттайды.

*Мотив* – қажеттілікті қанағаттандыруға байланысты іс-әрекетке түрткі болу; әрекеттер мен қылықтардың таңдауы түсіндірілетін сезінімді себеп; әрекеттерді таңдауға түрткі болатын зат(материалды немесе идеалды).

*Мақсат* – күтілетін нәтиженің сезінімді бейнесі, адамның іс-әрекеті соған қол жеткізуге бағытталған.

*Есеп* – қандай да бір жағдайларда берілген және осы жағдайлардың түрлендірілуі кезінде орындалатын іс-әрекет мақсаты [1]

*Білім беруді дамытудың инновациялық механизмдері:*

- әртүрлі білім беру орындарында шығармашылық атмосфераны құру, педагогикалық қоғамдастыққа инновацияларға қызығушылықты арттыру;
- әртүрлі инновацияларды қабылдау мен қолдануға арналған әлеуметтік-мәдени және материалдық (экономикалық) жағдайларды құру;
- іздену, білім беру жүйелерін жинақталған инновацияларды тұрақты білім беру жобаларына ауыстыру;

Психологтар эмоционалдық күйлермен айналысатын мамандар, балалардың және ересектердің мінез-құлқына қатысты көзқарастары, мотивациялары бүкіл мектеп қоғамдастығына инновациялық даму жағдайында көмек қолын созуға қабілетті болады. Психолог қандай да бір жағдайдағы белгілі бір инновацияларды іске асыруда инновация дәрежесін анықтауы және белгілеуі керек және осы талдауды оқу орнының жетекшісіне ұсынуы керек.

«Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», — дейді. [1]



Өзінің жеке және кәсіптік құзыреттілігіне сенетін ұстаз өзін-өзі бағалауға және балалардың оған деген көзқарасына оң ықпалын тигізеді, оқу үдерісінде жетістікке жетуге талпындырады және олардың жеке басының дамуына әсер етеді. Білікті ұстаз - өз оқушыларына табыс көзі. Біліктілік - өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру болып табылады. Болашақ педагог-психологтың мектептегі инновациялық білімдік іс-әрекетті ұйымдастыру көптеген факторларға байланысты: педагогикалық жұмыс мотивациясының бағыты немесе сипаты, мұғалімнің шығармашылық қабілеті, кәсіби құзыреттілік деңгейі, эмоционалдық икемділігі, команданың әлеуметтік-психологиялық климаты және басқа объективті немесе субъективті жағдайлар.

Зерттеудің тақырыбы педагог-психологтың мектептің инновациялық білімдік, әдістемелік жұмыс жүйесінде инновацияға дайындығының педагогикалық шарттары болып табылады. Зерттеудің мақсаты мұғалімнің мектептің оқу-әдістемелік жүйесінде инновацияға дайындығының педагогикалық жағдайын теориялық тұрғыдан дәлелдеуге және эксперименталды түрде сынауға арналған. Зерттеудің эксперименталды және тәжірибелік бөлігінің мақсаты мұғалімнің мектептің әдістемелік жұмыс жүйесінде инновацияға дайын болуының педагогикалық шарттарының тиімділігін енгізу және тексеру болды.

Мектептің ғылыми-әдістемелік қызметі инновациялық қызметті жүзеге асыру кезінде педагогтың негізгі кәсіби міндеттерін түсінуге негізделген жүйелік, құзыреттілік және контекстік көзқарас негізінде ұйымдастырылған эксперименттік тәртіпте жұмыс істейтін мектептегі жұмыс жағдайында педагогтың инновациялық қызметке дайындығы маңызды рөл атқарады. Педагогикалық инновацияларды енгізу және қол жеткізу қажеттілігіне байланысты инновациялық қызмет үшін мұғалім дайындығы, құны іске асыру, оның ішінде интеграциялық сипаттамалары анықталады, инновация оқыту әдістемесі, теориясы мен тәжірибесін білу, оқытудың инновациялық қызметінің жақсы жолдары, олардың мүмкіндіктерін бағалау кәсіби қызметінің жоғары өнімділігі. Мониторингтік эксперимент барысында алынған деректер, олардың сенімділігі, педагогтардың арнайы ұйымдастырылған жұмыс барысында инновациялық қызметке дайындығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары сақталған жағдайда тиімді болатындығын дәлелдейді.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз — білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов «Инновация» білімнің мазмұнында, әдістемеді, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке — дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке — дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын). [3]

Болашақ педагог-психологтарды мектепте инновациялық-білімдік іс-әрекетті ұйымдастыруға өзгерістер енгізуге: педагогикалық қызмет стилінде ұйымдастыру және басқару жүйесінің міндеттері, мазмұны, әдістерін, тәсілдерін, нысандарда, қаржыландыру жүйесінде білім деңгейіне мониторинг және бағалау, әдістемелік қолдау, білім беру жұмысына оқу бағдарламалары мен оқу жылы бағдарлама, мұғалімнің және студенттің қызметі жатады.

*Инновациялық білімдік іс-әрекетті ұйымдастыруда педагог-психологтың қызметі :*

- инновациялық бағдарламаларды іске асыруды қолдау;
- педагогикалық-психологиялық білімді игеру және тиісті қызмет әдістерін меңгеру;
- педагогикалық-психологиялық қарым-қатынастарын қалыптастыру ;
- кәсіби көрінісін дамыту;
- шығармашылық әлеуетін іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- білімдік, дәрежелік өсуге педагогты қолдау;
- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;

И.П.Песталоцци: «Кез-келген ғылыми пәннің түпкі мақсаты негізінен адамның табиғатын жақсарту, оны барынша мүмкін дәрежеде дамыту болып табылады. Ғылымды дамыту емес, ғылым арқылы адам табиғатын дамыту - бұл қасиетті міндет. Сондықтан адам табиғаты ғылыми объектілерге сәйкес келуі керек.» [4]

Инновациялық білімдік іс-әрекеттік үдерістер білім беру қызметінің әртүрлі деңгейлерінде орын алады. Жаңа білім беру бағдарламалары педагогикалық үдерістің өзгермелілігін қамтамасыз етеді, баланың жеке сипаттамаларына, оның отбасының қажеттіліктеріне назар аударады. Бұл үшін

мұғалімдердің шығармашылық топтары құрылды, педагогикалық ұжыммен әдістемелік жұмыстың белсенді түрлері пайдаланылады: семинарлар, бизнес ойындары, педагогикалық лагерлер, проблемалық жағдайларды модельдеу және талдау.

Мектепте білім беру инновациялық ұйымдастыруда педагогикалық-психологиялық ,барлық түрлері пайдаланылады, білім беру саласында азаматтардың құқықтарын іске асырылуына кепілдік береді.Қазіргі заманғы жеке сәйкес білім беру жүйесін өзі әкеледі, қоғамдық және мемлекеттік қажеттіліктер, оның дамуына алғышарттар мен дәстүрлерін сақтауға, қоғам игілігі үшін өмірі мен жұмысын және студенттер дайындауды жақсарту.

З.Ф. Есарева: «Оқытушы - оқыту мен тәрбиелеудің ғылыми әдістерін игерген, оқытудың техникалық құралдарын шебер пайдаланатын, біліктілігін үнемі жетілдіретін, ғылыми зерттеулерге, қоғамдық өмірге белсенді қатысатын ғылыми қызметкер» деген пікірін білдіреді.[4]

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты — оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында болашақ педагог-психологтарды мектепте инновациялық-білімдік іс-әрекетті ұйымдастыруға даярлау инновациялық білімдік ұйымдастыруда басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

### **Әдебиет**

1. (Леонтьев А. Н. *Избранные психологические произведения: в 2-х т. М., 1983. Т. 2. С. 156*).
2. Раджерс Э. *Инновация туралы түсінік. — //Қазақстан мектебі, №4, 2006. 7 бб.*
3. Қабдықайыров Қ. *Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004*
4. Песталоцци И.Г. *Избранные педагогические сочинения: В 2 т. Т. 1. — М.: Педагогика, 1981 жж. 316 бб.*
5. Есарева З.Ф. *Особенности деятельности преподавателя высшей школы. Л., 1993. 35 бб.*

**Нуриев Марат Алмасевич**

т.ғ.к., профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,  
Б.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері

**Советканова Дамира Маратовна**  
педагогика ғылымдары магистрі

**Айнакулова Айгерим Мажитовна**  
гуманитарлық ғылымдары магистрі

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, e-mail: nitso@mail.ru

## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛДЫҚ

***Түйін.** Кез келген іс-әрекетке адам шығармашылық тұрғыдан қарауды қалыптастыруы қажет, себебі онсыз өсу, ілгері жылжу, прогресс болмайды. Ұстаздың сырт көзге көрінер бітім-болмысы, яғни киім кию үлгісінен бастап, жүріс-тұрысы, шығармашылдығы сияқты элементтер бала санасына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты, мақалада «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда қазіргі заман мұғалімінің педагогикалық шығармашылығының мән-маңызы жан-жақты қарастырылады. Оқу-тәрбие ісінде оқушылардың шығармашылығын шыңдайтын тек шығармашыл ұстаз ғана. Сондықтан, көп мәселелердің шешімінің тиімділігі мұғалім тұлғасының шығармашылығына байланысты.*

***Тірек сөздер:** педагог, педагогикалық шығармашылдық, шығармашыл тұлға, шығармашыл ұстаз, мұғалімнің инновацияға бейімділігі, педагогтың кәсіби мәдениеті.*

***Резюме.** Любая деятельность должна основываться на творческом подходе, без которого не будет роста и прогресса. От внешнего вида учителя, то есть от одежды, такие элементы, как поведение и творчество, непосредственно влияют на сознание ребенка. В этой связи в статье рассматривается сущность педагогического творчества современного педагога в реализации национальной идеи «Мәңгілік ел». Только творческий педагог может развивать творчество обучающихся в воспитательной работе. Поэтому решение многих задач зависит от творчества педагога.*

***Ключевые слова:** педагог, педагогическое творчество, творческая личность, творческий педагог, склонность педагога к инновациям, профессиональная культура педагога.*

***Summary.** Any activity should be based on a creative approach, without which there will be no growth and progress. From the appearance of the teacher, that is, from clothes, such elements as behavior and creativity, directly affect the child's consciousness. In this connection, the article examines the essence of pedagogical creativity of the modern teacher in the realization of the national idea «Mangilik El». Only a creative teacher can develop the creativity of students in educational work. Therefore, the solution of many tasks depends on the creativity of the teacher.*

***Keywords:** teacher, pedagogical creativity, creative personality, creative teacher, teacher's inclination to innovation, professional teacher's culture.*

Елбасының былтырғы жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты үндеуінің негізгі мақсаты – еліміз мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу. Бұл жолдағы шешуші кілт – болашаққа қалай қадам басу және бұқаралық сананы қалай өзгерту керек деген мәселеге тоқталған. Бұл ретте, бұқаралық сананы, яғни, ұлттық, халықтық сананы өзгертетін адам ол мұғалім. Мұғалім – біздің тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Өйткені, ел болашағының кілті бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Ал жас ұрпақтың тағдыры олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші ұстаздардың қолында.

Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог-мамандардың қажеттігін мойындап отыр. Себебі, адам тағдырында мектептік кезең аса маңызды. Балалардың өмірлік бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер шығынды өлшеп болмайды. Сондықтан да, педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Педагог шебер болу үшін: өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс; өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы керек.

Елбасы атап көрсеткеніндей, «Тек жоғары сауатты, дарынды, дана әрі отансүйгіш мұғалім ғана лайықты ұрпақ тәрбиелеп шығара алады. Бүгінде, мұғалім балаларға білімдер жиынтығын беріп қана қоймай, сонымен бірге, ең бастысы – оларды өмір бойы үйренуге үйретулері керек». Бүгінгі мұғалім білім беру үрдісінде оқушылардың өз бетімен білім алуының, жаңалауының қажеттілігіне, өзін-өзі

дамыту мен өзін-өзі жетілдіруде табандылықпен еңбек етуді жете түсінетіндей жағдай жасауға бағдарлануға міндетті.

Осыған сәйкес, қазіргі білім беру үрдісіне және ұстаз біліктілігіне қойылып отырған талаптарды негізге ала отырып, педагог меңгере білуге тиісті негізгі қасиеттердің негізі ретінде шығармашылықты алып отырмыз.

Философиялық тұрғыдан қарастырғанда шығармашылық – жаңа сапалы материалдық және рухани құндылықтарды жасаудағы адамның белсенді іс-әрекеті ретінде қарастырылады. Педагогикалық энциклопедияда шығармашылық – адамның өзіндік және белсенді іс-әрекетінің жоғарғы формасы ретінде түсіндіріліп, өзінің әлеуметтік маңыздылығымен және жаңашылдығымен бағаланады [1]. Мысалы, қазіргі кездегі ғылымның, техниканың жетістіктеріне (компьютер, интернет, ұялы телефон, медицинадағы ультрадыбыстық диагностикалық аппараттар, лазер сәулелері арқылы емдеу, т.б.) көптеген ізденуші ғалымдардың шығармашылық іс-әрекеттері арқылы ғана қол жеткізіп отырғанымыз анық.

Шығармашыл тұлға – әрқашанда еркін, өзін-өзі жан-жақты дамытуға дайын, бәсекелестікке қабілетті, күзиреттілігі мен белсенділігі жоғары адам. Шығармашылықпен айналысуда адамның тек ақыл-ойы ғана емес, сонымен қатар оның табандылығы, бастаған істі аяғына дейін жеткізе алуы, ойдың еркіндігі мен батылдығы, болжам жасай алуы, өз күшіне деген сенімділігі сияқты тұлғалық қасиеттері өте маңызды. Яғни, шығармашылық адамның тұлғалық қасиетіне жатады, сондықтан мұндай қабілетті әр адам жас кезінен өз бойында дамытқаны жөн.

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясын жүзеге асыруда қазіргі заман мұғалімінің педагогикалық шығармашылығының құрылымы мен мазмұнына тоқталар болсақ:

1. Шығармашыл мұғалім – зиялы тұлға. Оның сыртқы келбеті ұқыптылық пен жарасымдылықпен сипатталады, педагогикалық әдебі жоғары, басқаны түсіне біледі. Прогрессивті алдыңғы қатарлы ойларды уағыздаушы, сыни ойлау деңгейі жоғары, өзгенің ойын, өзгенің пікірін, құрметтей біледі, ұстамды. Өз білімін тұрақты көтеріп отырумен жүйелі айналысады, өз жұмысына рефлексия жасауға қабілетті. Эрудициясы, жалпы мәдениеті жоғары, эстетикалық талғам және көркемдік мәдениеті жинақталған. Ол саясаттағы, ғылымдағы, өнердегі барлық жаңалық пен озық ойларға қызығушылық танытып отырады. Зиялы тұлға ретінде өз бойына адамзат мәдениетіндегі ең жақсы үлгілерді жинақтайды.

2. Шығармашыл мұғалім – рухани бай тұлға. Оның рухани байлығы алдымен балаға деген махабатында, жоғары адамгершілігінде және арлылығы мен ұяттылығында байқалады. Өмірдің мәнін және мақсатын түсінуге, өзінің кәсіби орнын анықтауға ұмтылыста оның руханилығы көрінеді. Ол әлемдегі және адами қарым-қатынастағы сұлулықты өте жоғары сезінгендіктен онда эмпатия және талдай алушылық жоғары дамыған. Өсіп келе жатқан баланың ішкі жан-дүниесінің байлығын түсінуге үнемі тырысатындығы оның өзінде планетарлық ойлауды дамытуына негіз болады.

3. Шығармашыл мұғалім – жаңашыл тұлға. Ол бірсарындылық пен біртүрлілікті қабылдамайды, сондықтан жаңалыққа жаны құмар. Шығармашылыққа деген мотивтері жоғары болғандықтан ойлап табу, тудыру, жасап көру – оның күнделікті кәсіби жағдайы.

4. Шығармашыл мұғалім – еркін тұлға. Оның еркіндігі өмірдегі, кәсіби әрекеттегі мәдени әлемдегі өз орнын анықтай алу қабілетінде жатыр. Оның ойлау, пайымдау және әрекеттену еркіндігі жеке кәсіби жауапкершілікті сезінумен сәтті байланысады. Рухани және материалдық құндылықтар әлемінде еркін бағдарлай алады, педагогикалық, пендешілік догмалардан еркін. Ол өз ісіне өте жауапты, кейде тіпті тәуекелді талап ететін шешімдерді өз мойнына алады. Өзінің өмірлік позициясы, ұстанымы бар.

5. Шығармашыл мұғалім – ізгілікті тұлға. Оның ізгіліктілігі қайрымдылығы, барлық тіршілік иелеріне, ең алдымен бабаларға деген сүйіспеншілігінен байқалады. Ол кез келген уақытта өз оқушыларына, жалпы балаларға көмекке келуге әзір. Өзгеше ойлайтын адамдарды құрметтейді, өз көзқарасына сәйкес келмесе де ол адамдардың қалыптан тыс ойларын түсінуге деген төзімділігі шексіз. Әртүрлі ұлт, дін, мәдениет өкілдеріне бірдей сыйластықпен қарайды. Оның тек оқушылармен ғана емес, ата-аналармен, әріптестерімен ынтымақтаса алу қабілеті зор.

6. Шығармашыл мұғалім – азаматтық белсенді тұлға. Ол айналасында (ауылында, қаласында, елінде) болып жатқан жағдайларға бей-жай қарамайды, ол жағдайларға үнемі өзінің қатысын білдіріп отырады. Қоғамдық өмірдегі өзінің азаматтық ролін дұрыс түсінетін, саяси сауаттылығы жоғары маман. Оқушыларын да өмірдегі өзгерістерге сын көзбен қарап, объективті бағасын беруге кемшіліктерге төзімсіз болып, түзету үшін үлестерін қосуға тәрбиелейді.

7. Шығармашыл мұғалім – бәсекеге төтеп беретін тұлға. Жаңа заманға сәйкес педагогикалық қызмет көрсету аясы кеңейген уақытта шығармашыл мұғалім өзінің шеберлігін үнемі арттырып отырады, өзінің жетістіктері мен кемшіліктері жайлы өзіндік бағасы бар. Әлсіз тұстарын жетілдіру үшін озық

тәжірибені шығармашылықпен қолдану, педагогикалық жаңалықтар кешенінен қалмауды басты назарда ұстайды. Жаңа технологияларды меңгеру, қолдану арқылы өз ісінің нәтижелі болуына талпынады.

8. Шығармашыл мұғалім – мәдениет адамы. Ол белгілі әлеуметтік мәдени ортада өмір сүріп, еңбек етіп жатқандықтан сол ортаның өнерін, тұрмыс салтын, мәдениетін бойына сіңірумен қатар оны құрметтеп басшылыққа алады. Өзінің жалпы мәдениетін көтеру оның айнымас өмірлік қағидаларының бірі [2].

Осыған орай шығармашылық әлеуеттің акмеологиялық сипаттамасы:

- Кәсіби қызығушылықтардың жаратушылық бағыттылығы;
- Жаңашылдық әрекетке деген қажеттілік;
- Инновацияға бейімділік;
- Жалпы және кейбір арнайы интеллектінің жоғарғы деңгейде болуы;
- Ассоциациялық байланыстарды қалыптастыруға деген бейімділік;
- Көз алдына елестете алушылық (фантазия);
- Мінез-құлық пен әрекетті реттеп отырудағы күшті жігерлілік;
- Дербестік;
- Өзінің ахуалын басқара алушылық, әсіресе шығармашылық белсенділігін ынталандыра білушілік.

Шығармашыл тұлғаның ерекше қасиеттерінің қатарына педагогикалық импровизацияны жатқызамыз. Педагогикалық импровизация (суырып салмалық деуге де болады деп ойлаймыз) төрт кезеңнен тұрады: 1) педагогикалық ойдың жарқ етуі; 2) педагогикалық мақсаттың мәнін бір сәтте ұғынып, оны жүзеге асырудың жодарын жылдам таңдай алу; 3) педагогикалық идеяны жұртшылық алдында нақтылы түрде көрсете алу; 4) ой қорытып көрсеткен педагогикалық идеяны тез арада талдай білу;

Педагогикалық шығармашылықтың орын алуына септігін тигізетін тағы бір мәселе – мұғалімнің әртістік қасиеті. Мектеп әрине, театр емес. Дегенмен, мұғалім үнемі халық алдында тұратын танымал адам. Олай болса, ол аудиторияны меңгере алуы, иландыра білуі, шабыттандыра алуы тиіс. Әртістік қасиет – педагогтың «образға ене алуы», сыртқы келбетінің тартымдылығы, тілінің түсініктілігі, көркемдігі, жатықтығы, мимикасы мен қимыл қозғалысының айтылып жатқанға сәйкестігі. Әртістік – образдармен ойлай алу, ашықтық, жағдайға терең эмоционалды берілу, ішкі және сыртқы мәдениет, өзіне тарта алушылық.

Ғылыми әдебиеттерде шығармашылықтың төмендегідей түрлері анықталған: 1) материалдық-техникалық; 2) рухани-теориялық; 3) әлеуметтік-ұйымдастырушылық; 4) педагогикалық; 5) көркем-шығармашылық және т.б [3].

Мұғалімнің шығармашылығы мына жағдайларда көрінеді:

1. мәселені шешудегі тапқырлықта;
2. жаңа формалар, әдістер, тәсілдер, технологиялар жасап, оларды тиімді қолдана алуда;
3. белгілі тәжірибені жаңа жағдайда тиімді пайдалана алуда;
4. жаңа міндеттерге сәйкес белгіліні жетілдіре, өзгерте алуда;
5. жоғары интуициямен нақты есеп негізіндегі сәтті импровизацияда;
6. бір мәселені шеше алудың бірнеше жолдарын көре алуда;
7. нақты педагогикалық іске әдістемелік нұсқаулар мен теориялық ережелерді трансформация жасай алуда.

Педагогикалық шығармашылық – мұғалімнің, өз ісін сүйіп, оған барлық ынта-ықыласымен кірісіп, әр шәкіртінің жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына неғұрлым тиімді, қолайлы жағымды жағдай жасай алуы. Ондай мұғалімдердің әрбір өткен сабағы балалар үшін өте құнды да бағалы, мұндай сабақтарға балалар қуана жүгіріп келеді, мұғалімнен бір қызықты жаңашылдық күтеді.

Шығармашыл мұғалімдердің өзінің ішкі жан-дүниесінде, көңіл-күйінде, балалармен қарым-қатынасында үйлесімділік байқалып тұрады. Олар әр сабақты бір шығармашылықты шыңдау лабораториясына айналдырып жібереді. Мұғалім бір сабақтың үстінде бірнеше рөлді бірақ атқарып тұрады. Ол балаларға білім беруімен қатар сценарист те, басты рөлді орындайтын актер де, режиссер де, суретші де, декоратор да, костюмер де, визажист те, дизайнер де, тәртіпті қадағалаушы да, психолог та бола алуы керек.

Б.Р.Айтмамбетова шығармашылық жолда еңбек ететін барлық мұғалімдерге ортақ педагогикалық идеяларды былайша жіктейді [4]:

- ынтымақтастық педагогикасын жүзеге асыру идеясы;
- әрбір жеке оқушының ішкі жан-дүниесін білу арқылы тығыз қарым-қатынаста болу идеясы;
- тұтас педагогикалық процесті гуманитарландыру, демократияландыру идеясы;

- қиын әрі күрделі мақсаттарды алдын-ала білу идеясы;
- тірек сигналдары арқылы оқушыларды шығармашылық ізденіске үйрету идеясы;
- оқушылардың білім алуында және оны бағдарлауда еріктілік принциптерін жүзеге асыру идеясы;
- оқу материалын өту барысында бағдарламадан озып отыру идеясы;
- ірі блоктар идеясы;
- оқушыларды өздерінің білімдеріне, жұмыстарына талдау жасауға және бағалай білуге үйрету идеясы;
- сынып оқушыларының интеллектуалдық дәрежесін жетілдіру идеясы;
- коллективтік шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру идеясы;
- шығармашылық өнімді еңбекті ұйымдастыру идеясы;
- мұғалімдер ұжымымен, ата-аналар және жұртшылықпен ынтымақта болу;
- қазіргі уақыттың әлеуметтік парызын орындауда мектеп пеп қоғамның тығыз байланысын жүзеге асыру идеясы.

Шығармашыл педагог болу – қазіргі дамуы жылдам ақпараттық ғасыр талабы. Қазіргі таңда маман өзінің шығармашылық әлеуетін үнемі жетілдіріп отыру дағдысын қалыптастырмайынша оның кәсіпке жарамдылығы да төмендей береді. Ал жоғарғы оқу орнындағы теориялық білім нәрімен сусындап жатқан студенттер де өздерінің танымдық белсенділіктерін дамытып, шығармашылық қабілеттерін жетілдірулері қажет, себебі ол ертеңгі кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттерінің нәтижесіне тікелей әсерін тигізетін факторлардың бірі. Болашақ мұғалімдердің білім шаңырақтарындағы бүгінгі табысты оқу іс-әрекеттері – ертеңгі кәсіби құзіреттіліктерінің, бәсекеге қабілеттіліктерінің кепілі.

Өз шығармашылығы арқылы педагог әр сабақта оқушыларды да шығармашылыққа баулуы керек. Жаңа біліммен таныстырудың өзі шығармашылық тұрғыдан жүргізілуі тиіс. Егер мұғалім оқушыларға дайын білімді баяндап бере салса, балалардың шығармашылығы дамымайды. Керісінше проблемалық сұрақтар қою арқылы балалардың ойын жетектеу, өз беттерінше ізденулері арқылы білімді меңгерту, өздері бір мәселенің шешімін ойластырып табуға жағдай жасау жиі іске асырылса оқушылардың шығармашылығын дамытуға негіз қаланады.

Болашақ мұғалім өзінің кәсіптік жұмысының шығармашылық сипатын алдын ала сезінуі қажет. Өз ісіне шығармашылықпен қарамайынша оның еңбегінің нәтижесі де қуантарлықтай болмайды. Ол көп жылдар бойы жинақталған педагогикалық қазынамен танысып оны игерудің өзіндік жеке бағдарламасын анықтауы керек. Жалпы танысып қана қоймай өзіндік педагогикалық папка әзірлеп, қызықты жаңа материалдарды жинақтап, әдебиет тізімдерін, маңызды сайттарды өзіне жүйелеп жазып алғандары абзал. Бұл материалдардың барлығы педагогикалық практика кезінде, немесе алғашқы мұғалімдік қызметінде жақсы септігін тигізеді. Біртіндеп мұғалімнің ізденушілігі арқылы жаңа педагогикалық кітаптар, білім беру саласына катысты заңдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар жинақталып өзінің жеке педагогикалық кітапханасы қалыптаса бастайды [5].

Қорыта айтқанда, болашақ ұстаздардың шығармашылық іскерліктерін қалыптастыруға олардың ғылыми әдебиет көздерін, мерзімді педагогикалық басылымдарды өз беттерінше зерттеп, жаңашылдықты іздестірулері, құнды деректерді жинақтаулары, өздерінің педагогикалық қорын байытулары жақсы ықпал етеді және олардың кәсіби табысты нәтижеге жетулеріне мүмкіндік туғызады. Жүйелі жоспар, нәтижелі сабақ, шығармашыл-ізденімпаз ұстаз ұйымдастырған жұмыстың нәтижесінде шығармашыл тұлға жаңалыққа бейім болып, қазіргі әлеуметтік сұранысқа сай, өздігінен ғылыми ізденістер мен зерттеулер жасайтын, өзін-өзі дамытатын, белсенді әрекетке түсе білетін, тез шешім қабылдайтын, жүйелі түрде өзіне-өзі баға беріп, мәдениетті, эрудициясы жоғары, эстетикалық талғамы бар, білімге, өнердегі жаңалықтарға қызығушылығы басым, шығармашылықпен өзін-өзі үздіксіз дамытып отыратын шәкірттер қалыптастыруға ықпал етері сөзсіз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Айтмамбетова Б., Бозжанова К., Ильясова А. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі. – Алматы: РБК, 1995. – 186 б.*
2. *Бекенов Ш. Шығармашыл мұғалім – зиялы тұлға // <http://bilimainasy.kz>*
3. *Дүйсенбаев Е. Педагогикалық шығармашылықтың құрылымы мен мазмұны // [ucoz.kz](http://ucoz.kz)*
4. *Б.Р.Айтмамбетова. Жаңашыл-педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы. – 1991.*
5. *Берикханова, А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: кәсіби құзіретті ұстаздарды даярлау негіздері. Оқу құралы – Абай атындағы ҚазҰПУ. – Алматы: Palitra Press, 2009. – 239 б.*

**Алметов Негматжан Шадиметович**

«Жалпы педагогика және музыкалық білім» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, n\_almetov@mail.ru

**Азизханова Дидар Каримжановна**

6Д010300 – Педагогика және психология мамандығының 1-курс докторанты,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

## **БОЛАШАҚ ХОРЕОГРАФТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰТҚЫРЛЫҒЫ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

***Түйін.** Мақалада жоғары оқу орнында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Кәсіби ұтқырлық ұғымының көпқырлығы сипатталып, оның негізгі құрамдас бөліктері айқындалған. Жоғары оқу орны педагогикалық үдерісінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың маңыздылығы негізделіп, теориялық мәні, құрылымы мен негізгі бағыттары көрсетілген.*

***Кілт сөздер:** болашақ хореографтар, кәсіби ұтқырлық, кәсіби ұтқырлықты қалыптастыру, кәсіби бейімделу, кәсіби өзіндік даму, негізгі біліктіліктер, кәсіби ұтқырлыққа қабілеттілік.*

***Резюме.** В статье рассматривается проблема формирования основ профессиональной мобильности будущих хореографов в вузе. Характеризуется многогранность понятия «профессиональная мобильность», его структурные элементы. Обоснована необходимость формирования основ профессиональной мобильности будущих хореографов в педагогическом процессе вуза, его теоретическая сущность и основные направления.*

***Ключевые слова:** будущие хореографы, профессиональная мобильность, формирование профессиональной мобильности, профессиональная адаптация, профессиональное саморазвитие, ключевые компетенции, способность к профессиональной мобильности.*

***Summary.** In this article analyzed by the main problems of the formation basic's of professional mobility of the future choreography of the higher education. Characterized by multiplying concepts "professional mobility", its structural elements. The necessity of forming the foundations of professional mobility of future choreographers in the pedagogical process of the university, its theoretical essence and main directions is grounded.*

***Key words:** future choreographers, professional mobility, formation of professional mobility, professional adaptation, professional self-development, key competencies, ability to professional mobility.*

Қазіргі қоғамның қарқынды дамуы, адам қызметінің барлық салаларындағы үздіксіз өзгерістер, инновациялық үдерістер маманның кәсіби ұтқырлығы мәселесін әлде-қайда өзектендіреді. Кәсіби ұтқырлық бүгінгі таңдағы маман тұлғасының негізгі кәсіби сапаларының біріне айналды. Дегенмен, қоғамдағы және қызметтік саладағы өзгерістерге маман толық даяр ма? Неге көпшілік қызметкерлер жаңалықтарға бейімделуде, жаңа жұмыс тәсілдерін меңгеруде, өзгерістерге сай жұмыс бағыттарын өзгертуде қиындық кешеді? Не себептен қызметкерлер арасында психологиялық күйзеліс жағдайлар, кәсіби деформациялану (ыдырау) көріністері артып бара жатыр? Біздің байқағанымыз, мамандардың басым көпшілігі тек өз қызмет саласы шеңберіндегі білімдер, икемділіктер, дағдылар мен қабілеттер шеңберінде шектеліп, өз қызметі саласында күтілетін өзгерістерге жеткілікті дәрежеде дайындығын таныта алмайды.

Қызмет саласындағы жұмыс мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің өзгеруіне сай педагог маман жағынан жауап беретін кәсіби ұтқырлық деңгейін толық көрсетпейді. Мысал үшін, жалпы білім беретін мектептердің жаңартылған білім мазмұнына көшуі кейбір пәндерді оқытуға бөлінетін сағаттар санын, мысалы бейнелеу өнері, технология пәні мұғалімдері оқу жүктемесінің азаюына алып келеді. Бұл жағдай мұғалімдердің басым бөлігі үшін әлде қайда ауыр мәселеге айналатыны бәрімізге белгілі. Ал, кәсіби ұтқырлық деңгейі мұғалімдер мәселенің шешімін жылдам анықтап, жаңа өзгерістерге сай табысты еңбек ете бастады.

Мұндай мәселелер хореография саласында да бар. Қазақстанның әлемдік мәдени кеңістігіне енуі, сонымен қатар Қазақстан халықтарының мәдени мұрасын жаңғырту жағдайында хореография өнері мамандарының қызметі мен мазмұнының да түбегейлі өзгерістерге ұшрағандығы, ұдайы жаңғырып тұруы сөзсіз. Кәсіби ұтқырлық тек өз мамандығын өзгертуді емес, сол мамандық шеңберінде жаңалықтарға бейімделу, жылжуды болжайды.

«Кәсіби ұтқырлық» ұғымының мәні мен құрылымын нақтылау біздің зерттеу жұмысымыз үшін өте маңызды. Сондықтан қазіргі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде аталмыш ұғымға берілген анықтамалар мен сипаттамаларды қарастырамыз.

Ғалымдар «кәсіби ұтқырлық» ұғымы күрделі құрылымға ие болғандықтан, оның мағынасы кең ұғым екендігін атап өтеді. М.И.Дьяченко мен Л.А.Кандыбович кәсіби ұтқырлықтың негізінде, ең алдымен, жинақталған кәсіби білімдердің жоғары деңгейі, қорытылған кәсіби тәсілдердің жүйесін игеру және оларды өз кәсіби қызметі саласындағы қандай болса да тапсырмаларды орындауда тиміді пайдалану икемділігі жататындығын атап өтеді [1; 2].

Алыс шет елдік ғалымдар Д.Мартенс, А.Шелтон т.б. кәсіби ұтқырлық пен маманның бәсекеге қабілеттігі ұғымдарын қатар қояды. Авторлар кәсіби ұтқырлықтың негізіне «түйін біліктіліктерді» қояды. Олардың пайымдауынша, түйін біліктіліктердің әсер ету шеңбері айтарлықтай кең, маманның өз мамандығын өзгертуіне, жаңа мамандықтар мен кәсіптерді меңгеруіне ықпал етеді, кәсіби қызметтердегі жаңашыл инновацияларға кәсіби және психологиялық тұрғыдан даярлығын қамтамасыз етеді [3].

«Түйін біліктіліктер» тұжырымдамасын дамытуда Э.Ф.Зеер тұжырымдаған қорытындылары да маңызды [4]. Автор өз еңбектерінде маманның кәсіби шартталған іс-әрекет мен тұлғалық құрылымдарын негіздейді. Маман іс-әрекеті мен тұлғасының жалпы кәсіби мінездемесін, мәдениетаралық пен салааралық білімдер, икемділіктер мен қабілеттерді сипаттайтын, әртүрлі кәсіби қауымдастықтарға бейімделу мен олардағы табысты қызметке қажетті түйін біліктіліктердің құрылымын анықтаған.

Маманның кәсіби ұтқырлығы оның жеке икемділігі, өмірлік және кәсіби жағдаяттарға жаңашыл, қалыптан тыс көзқарасы, кейде әдеттегі ойлау және іс-әрекет тәсілдер шеңберінің тыс шығуымен сипатталады. Кәсіби ұтқырлық тек шығармашыл, дивергентті ойлау және кретативті қабілеттер иесі болған маманға ғана тән сапа. Осыған байланысты З.А.Решетова [5] мен А.М. Столяренко[6] қоғам дамуының қазіргі кезеңінде кәсіби ұтқырлықтың негізі болашақ мамандардың дамыған шығармашылық ойлауы екендігін ерекше атап өтеді.

Кәсіби ұтқырлық мәселелері бойынша теориялық зерттеулерді қорыға келе, «кәсіби ұтқырлық» ұғымына С.В.Нужнованың анықтамасына сай осы педагогикалық категорияның мәнін толығырақ ашады, деп есептейміз. Автордың пайымдауынша, кәсіби ұтқырлық тұлғаның интергративті сапасы, ол мынадай қасиеттерді біріктіреді: кәсіби ұтқырлыққа деген ішкі қажеттілік, кәсіби құзыреттіліктің қабілеттері мен білімдік негізі, сондай-ақ тұлғаның өзінің кәсіби ұтқырлығын рефлексия негізінде өзіндік пайымдауы»[7]. Яғни, кәсіби ұтқырлық өзара байланысты құрамдастардан (компоненттерден) тұратын күрделі құрылым. Алайда, болашақ маманның кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру үшін жоғарыда аталған құрамдас бөліктердің жекелеген құрамдастырын дамыту қажет.

*Кәсіби ұтқырлыққа деген қажеттіліктің негізінде – өзіндік білім алу мотивациясын дамыту, жетістік мотивациясын дамыту, өзіндік белсендіруге бағдарлануды қалыптастыру, шындықты оптимистік қабылдауға және кәсібін ауыстыруға бағдар алу жатады.*

*Кәсіби ұтқырлыққа қабілеттілік кірістіреді: дамыған когнитивтік қабілеттер, креативтік, дивергенттік, сыни тұрғыда ойлау (СТО).*

*Кәсіби ұтқырлықтың білім беру негізіне кіретіндер - жалпы білім беретін пәндер бойынша және білім жүйесіндегі жалпы кәсіби білімдер, кәсіби білімдер, негізгі біліктіліктер мен құзыреттіліктер, білімдерді тез меңгеріп алуға, өз білімдерін дамытуға, жаңғыртуға қабілеттілік.*

Болашақ хореограф маманды даярлауда оқу-кәсіби және кәсіби қызмет икемділіктері қалыптасады. Дәл осы кезде болашақ маманның кәсіби ұтқырлығы іргетасы қаланады. *Жоғары оқу орны педагогикалық үдерісінде болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығын қалыптастырудың негізгі бағыттары ретінде мыналарды атап өтуге болады:*

- жоғары білім беру жүйесінде хореографиялық білім беру мазмұны мен оқу-тәрбие үдерісінің студенттердің кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау;
- болашақ хореографтардың құндылық бағдарлары жүйесін қалыптастыру;
- болашақ мамандық бейнесін қалыптастыру.

Болашақ хореограф тұлғасын қалыптастыру кезеңінде студент-хореографтың шығармашылық әлеуетін дамыту мақсатында оның құндылық бағдарларын жалпы адамзаттық құндылықтармен салыстыру, болашақ маманның әлемді ұдайы әрекеттегі шындық ретінде қабылдауы, қарқынды өзгерістер жағдайына бейімделу, икемділіктерін қалыптастыруға ерекше назар аудару керек.

Е.А.Бережнаяның диссертациялық зерттеуінде кәсіби дайындау болашақ көркем бейімдік мамандарын, соның ішінде хореографтардың тек арнаулы емес, тұлғалық дайындауды да талап ететіндігін, студенттерде «Мен – болашақ профессионал» позитивті дифференциалды бейнесін қалыптастыруды, оның дамуында жоғары оқу орнында оқытылатын тек арнаулы ғана емес, психологиялық-педагогикалық пәндерде ерекше орын алатындығы көрсетілген.



Автордың дұрыс пайымдауынша мәдениет саласы мамандарын дайындайтын оқу орындарында арнайы шығармашылық пәндерін оқытуға көбірек мән беріліп, болашақ хореографтың кәсіби-тұлғалық дамуында маңызды рөл атқаратын психологиялық-педагогикалық пәндерге екінші орын берілетіндігі атап өтілген.

Е.А.Бережнаяның мына пікірлерін болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру мәселесі тұрғысынан аса өзекті деп есептейміз: «Болашақ хореограф адамдармен жұмыс істеуге тек кәсіби емес, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан да даяр болуы керек. Ол тұлғаны қалыптастырудың негізі ретінде шығармашылықты дамыту мәселелерінде бағдарланған болуы қажет, көркем іс-әрекеттің арнаулы түрлерінде шығармашылық қабілеттерін дамытудың тетіктерін түсінетін болуы керек. Хореограф белгілі бір ұжыммен жұмыс істейді, оның қызметі тек арнайы хореографиялық қабілеттерді дамытуға, би драматургиясын, бейне, қимыл әрекетінің суретін икемділіктерін т.б. жеткізуге, белгілі хореографиялық қоғамдастықтағы адамдардың тұлғалық шығармашылық әлеуметін дамытуға да бағдарланған болуы тиіс» [8,9-б.].

Зерттеу мәселесі бойынша әдебиеттерді теориялық талдау барысында көркем бейіндік оқытуды іске асыру – бұл білім алушылардың саналы түрде кәсіптік, азаматтық, тұлғалық өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін сапасы.

*Жоғары оқу орындарының озық тәжірибелерін оқып-үйрену негізінде болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтадық:*

- болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығы негіздерін қалыптастыру студенттердің негізгі құзыреттіліктерді меңгеруі арқылы жүзеге асырылады. Бұл құзыреттіліктер хореография мамандығының модульдік оқу бағдарламаларында және пәндік оқу-әдістемелік кешендерде көрініс табады;

- жоғары оқу орнында болашақ хореографты даярлау үдерісінің барлық кезеңдерінде студенттерде кәсіби ұтқырлыққа деген қажеттілікті, яғни өзіндік білім алуға және мотивацияларын жетік дамытуға арналған, өзіндік белсенділігіне бағдарланған икемділігін қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет;

- болашақ хореографтарға білім беру мазмұны мен үдерістерін жоспарлауда кәсіби ұтқырлыққа қабілеттіліктерін дамытуға, соның ішінде когнитивтік қабілеттердің жоғары деңгейіне қол жеткізу, креативтілікті, дивергенттік пен сыни тұрғыда ойлауды (СТО) дамытуға өзгеше мән беру керек;

- жалпы білім беретін пәндерден білімдер, жалпы кәсіби білімдер, арнайы кәсіби білімдер, негізгі біліктіліктер мен құзыреттіліктер, білімдерді тез көшіруге (жаңғыртуға) қабілеттілікті дамыту болашақ хореографтың кәсіби ұтқырлығының білімдік негізін қалыптастырудың басты шарты екендігін ескеру қажет.

Кәсіби шығармашылық кәсіби ұтқырлықты қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. Хореограф мамандардың кәсіби ұтқырлығы - көркем-орындаушылық немесе педагогикалық шығармашылықтың жоғары кәсіби деңгейі. Кәсіби шығармашылық хореографтың кәсіби қыметінің ең жоғары құндылығы ретінде қарастырылады. Хореография мамандығы шығармашылық мамандық. Сондықтан «кәсіби шығармашылықты қалыптастыру кәсіби ұтқыр маманды дайындауға толық мүмкіндік береді», - деген түсініктер әрқашанда теориялық тұрғыдан дәлелді болып табылады [7,с.132]. Кәсіби ұтқырлық, жоғарыда айтылғандай көпқырлы, ауқымды ұғым. Хореографтың кәсіби шығармашылығы мен кәсіби ұтқырлығы бір-біріне өте тығыз байланысты екендігіне дау жоқ. Бірақ, бұл екі ұғымды синоним ретінде қарауға болмайды. Хореографтың кәсіби ұтқырлығы арнайы зерттеуді талап етеді. Дәл солай, жоғары оқу орындарында болашақ хореографтарды дайындау үдерісі де кәсіби ұтқырлыққа даярлықтың негіздерін қалыптастыруға бағытталуы, бұл үдеріс жүйелі де жоспарлы болуы керек деген тұжырым жасаймыз.

### **Әдебиеттер**

1. Дьяченко М.И., Кандыбович Л.А., Кандыбович С.Л. Психология высшей школы//Учебник. — Минск . Харвест, 2001.-383 с.
2. Д.Мартенс, А.Шелтон
3. Зеер Э.Ф.Психология профессионального развития.//Учебник. —Москва .Академия, 2006.-240 с.
4. Реиштова З.А. Психологические основы профессионального обучения. Москва.1985
5. Столяренко А.М. Психология и педагогика.3-е изд. —Москва.2010
6. Нужнова С.В. Формирование готовности к профессиональной мобильности.//Высшее образование в Рос-сии.- М.: № 6, 2009. С.152-156
7. Бережная Е.А. Развитие основ профессионального творчества будущих хореографов в процессе изучения предметов психолого-педагогического цикла// Дисс...канд.пед.наук.- Ростов на Дону, 2008.-166 с.

**Ахметова Г.Б.,**

педагогика ғылымдарының докторы, Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, ahmetovag@mail.ru

**Ижапқұлова А.Т.,**

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистранты, izhapqulovaa@gmail.com

## **БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ-ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

***Аннотация.** В статье рассматривается проблема профессионально-ценностного ориентирования будущих учителей как важное условие развития системы казахстанского образования. Профессионально-ценностные ориентации выступают как интегрированное личностное образование, основанное на осмыслении и осознании студентами объекта будущей профессиональной деятельности. Впервые представлена графическая характеристика объекта профессиональной деятельности учителя, которая состоит из 4 основных видов деятельности (конструктивно-проектная, коммуникативно-оценочная, исследовательско-творческая, управленческо-организационная).*

***Summary.** The article deals with the problem of professional-value orientation of future teachers as an important condition for the development of the system of Kazakhstani education. Professional-value orientations act as an integrated personal education, based on understanding and understanding students of the object of future professional activity. For the first time the graphic characteristic of the object of professional activity of the teacher is given, which consists of 4 main types of activity (constructive-projective, communicative-evaluative, research-creative, managerial-organizational).*

***Түйін.** Мақалада қазақстандық білім жүйесінің маңызды шарты ретінде болашақ мұғалімнің кәсіби-құндылық бағдарлану мәселесі қарастырылды. Кәсіби-құндылық бағдар тұлғалық интегралды көрініс деп білеміз және ол студенттердің болашақ кәсіби қызмет объектісін ұғынып, терең түсінуіне негізделеді. Мақалада алғашқы рет мұғалімнің кәсіби қызмет объектісінің графикалық сипаттамасы ұсынылып, оның 4 қызмет құраушысы көрсетілді (конструктивті-жобалау, коммуникативті-бағалау, зерттеу-шығармашылық және басқару-ұйымдастыру).*

Болашақ мұғалімнің жалпы адамзаттың құндылықтарына жақындау мектеп аясынан басталып, жоғары оқу орындарында әрі қарай жалғасады. Нәтижесінде сондай байытылған бейнемен балалардың рухани байытатын, шынайы өмірге дайындайтын қайта мектепке ерекше кәсіби мұғалім ретінде оралады. Педагогикалық университеттердегі білім мен тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі болашақ мұғалімдердің құндылық бағдарын қалыптастыру. Қазақстан Республикасы білім жүйесіндегі өткізіліп жатқан реформалар мұғалімнің өзгеруін қажет етіп, мынадай ұран жариялауда «әлем өзгеруде сондықтан бізде өзгереміз», яғни әлемнің талаптарына сай мұғалімнің кәсіби қызметінің өзгеруін көрсетті. Білімнің аксиологиялық мәселелеріне ғалымдардың назар аударуы қоғамдағы позитивті өзгерістердің тікелей білімдегі өзгерістерге байланысты екенін айқындайды. Осы тұжырымдар әлемнің критерийлері ретінде болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындаудың негізі болады.

Педагогикалық аксиологиялауға өту қазіргі білім саласының алдыңғы қатарлы ағымдарының бірі болып табылады және мынадай ғалымдар осы мәселемен айналасады: Б.С.Гершунский, М.С.Каган, В.А.Сластенин, Е.И.Шиянов, Г.К.Нұрғалиева, Г.Б.Ахметова және т.б. Олар педагогикалық аксиология педагогиканың жаңа бағыты ретінде білімнің заманауи құндылықтарын зерттейді деп тұжырымдайды.

Философияда аксиология құндылықтар теориясы болып анықталады және ол көп мағыналы. Педагогикалық энциклопедияда аксиология немесе құндылықтар теориясы деп «құндылықтың табиғаты туралы философиялық ілім, оның құндылық әлемдегі орны мен құрылымы, яғни түрлі құндылықтар тұлғаның әлеуметтік және мәдени факторларымен өзара байланысты көрсетеді. «Педагогикалық аксиология» ұғымы білімдегі құндылықтарды зерттейтін педагогиканың ғылыми саласы. Оның аймағын отандық педагогиканың құндылық негіздерін анықтап, педагогикалық жүйеде адамның басты роль алатынын тұжырымдайды. Педагогикалық аксиологияның негізгі міндеті білімді сенімділікке, ұстанымдар мен құндылыққа жеткізу.

Әлемде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер басымды қасиеттердің өзгеруіне алып келді, ал болашақ мұғалімдер сол қасиеттерді ескеруі және меңгеруі қажет. Бұл проблеманың негізгі маңыздылығы болашақ мұғалімдердің қоғамның құндылық басымдарын таратушы ретінде түсіндіріледі.

Отандық және шетелдік ғалымдар көптеген құндылықтың теориялық және эмпирикалық зерттеулерін жүргізді. Олар құндылықтарды нормативті ұстанымдары ретінде және қоғамдық дамуды біріктіретін категориялары ретінде көрсетті [Э.Дюркгейм]; әлеуметтік әрекеттің детерминанттары мен мінез-құлықтың мотивациялары [М.Вебер]; қоғамдық өмірдің объектілері мен нормативті ұстанымдары [У.Томас, Г.Мид]; әлеуметтік жүйенің және топтар интеграцияның құралы қызметін атқаратын мақсаттар [Т.Парсонс]; тұлғаның өзін-өзі белсендіруі үшін қажеттіліктер [А.Н.Маслоу]. «Құндылық» ұғымы туралы анықтамалардың ішінен біз тек педагогикалық ғылымның объектісіне

сәйкес келетіндеріне тоқталдық. Біздің позициямызға жақын М.С.Каганның ойы, ол құндылық субъектіге объектінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді дейді. «Құндылық бағдар» ұғымының бастапқы мағынасы тұлғаның құндылыққа бағытталуымен анықталады деген Б.Г.Ананьев. Біздің ойымызша, құндылық бейнені жасаушы, болашақтың эскизын, тұлғаның даму перспективасын анықтау қызметін атқарады.

Білім жүйесінде мұғалімнің маңызды фигура ретінде жалпыадамзаттық құндылықтарды таратушы, шығармашылық тұлғаны жасаушы рольді атқарады. Қазақстан Республикасының білім саласында болып жатқан реформалар мұғалімнің педагогикалық қызметте ізгілендіруді жүзеге асыруды, құндылық тұрақтылықты талап етеді. Осыдан, мұғалімнің құндылық бағдары, бір жағынан, шынайы тұлғаның бейнесін құраушысы болса, екінші жағынан, өзін-өзі дамытатын ішкі мәдениетті қалыптастырушысы болады.

Болашақ мұғалімге педагогикалық қызметті тиімді жүзеге асыру үшін университетте меңгерген тек білім, икем, дағдылардан басқа, қалыптасқан кәсіби құндылық жүйесі, соның қатарында өзінің кәсіби қызметінің мәнін түсіну, еңбек рыногына кәсіби, құзыретті кіріп, әрқашан өзін-өзі білімін жетілдіру айқындалады.

- Біріншіден, олар адам ретінде және маман ретінде мұғалім санасының категориалды аппаратын анықтайды.

- Екіншіден, әлеуметтік, адамгершілік, әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық құбылыстар мен процестерді бағалау критерийлерін айқындайды. Бұл құндылық бағдар критерийі мұғалімге сол құндылықты қабылдауға немесе қабылдамауға мүмкіндік береді.

- Үшіншіден, құндылық бағдар құндылықтарды өмірде болу механизмі ретінде және құндылық-бағдарлау, болжамдау, реттеу қызметтерін атқарады.

Мұғалімдердің құндылық бағдары өзгеріп тұратын әлемдегі әлеуметтік және педагогикалық жарамдылықты терең түсінуіне мүмкіндік жасайды. Педагогтің құндылық бағдары қызметтегі қарым-қатынасты бағалау өлшемі ретінде философиялы-этикалық, психологиялық, қызметтік бағдарды талдауға ықпал етеді.

Отандық зерттеулерде құндылықтар қажеттілікті қанағаттандыратын құрал ретінде [В.Тугаринов, Р.Бектұрғанова]; еңбек құндылық ретінде [Г.Нұрғалиева, С.Тілеуова], кәсіби қызметтің объектісі құндылық ретінде [Г.Ахметова, Е.Артықбаева] қарастырады. Құндылықтар, ұстанымдар, нормалар тұлғаның құрылымдық бірліктері болып табылады. Құндылық-нормативтік жүйе адамдардың мінез-құлықтарын реттеуге және әрекеттің тәсілдерін таңдауда реттеуші болады.

В.А.Сластенин мен Е.Н.Шиянов педагогикалық қызметтің құндылықтарын анықтай отырып, олар мұғалімнен тек педагогикалық технологияларды меңгеріп қана қоймай, нормативті қызметтен тыс шығу мүмкіндігінің бар екенін көрсетті. Кәсіби-педагогикалық қызметтің құндылықтар классификациясын аталған ғалымдар гуманистік идеалға негізделіп, жалпы адамзаттық, рухани, практикалық, тұлғалық құндылықтарға сүйенді. Осыларды педагогикалық дайындық барысында меңгерген жағдайда мұғалім өзінің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің фундаментін жасайды. И.Ф.Исаевтың ойынша «мұғалімнің құндылық әлемі бай болған сайын, жаңа құндылықтарды таңдау және бойына сіңіру тиімді де мазмұнды болады».

Н.Д.Хмель біртұтас педагогикалық процесс теориясының авторы ретінде мұғалімді дайындаудың мазмұны мен әдістемесі оның қызметінің объектісімен, яғни педагогикалық процесспен анықталуды қажет деді. Егер мұғалім педагогикалық процесстегі түрлі қызметтерді білмейтін болса, педагогтің балалармен және оқушылар бір-бірімен тиімді қарым-қатынаста болмаған жағдайда, конфликттің болуы анық. Мұндай жағдай тәрбиелік әсерді төмендетеді.

Академик А.П.Сейтешев өзінің еңбегінде маңызды кәсіби білімнің мазмұнын жетелейтін субъектінің қасиеттеріне мыналар жатады: қоғамға қажетті мәселелерді шешуге көмектесетін білім, дағды, икемдер; қоғамдық және тұлғалық жоспарларды келістіретін құндылық бағдар; кәсіби қызметті жүзеге асыруға қажетті физикалық және рухани потенциал. Сондай-ақ, академик субъектінің кәсіби қалыптасуы оның қызметтің түрлі формалары мен түрлеріне қатысуымен тиімділігі артады.

Г.К.Нұрғалиева педагогикада аксиологиялық тәсілдемені зерттеумен, тұлғаның дамуын модельдеудің педагогикалық технологиясын жасаумен айналасады. Педагогикалық аксиологияның теориясын дамыту кәсіби білімдегі тұлғаның әлеуметтенуінің жаңа парадигмасын анықтады. Тұлғаның құндылық бағдарлаудың методологиялық теориясын жасауда тұлғаның дамуының заңдылықтарын және арнайы механизмдерін айқындауды қажет етеді.

Құндылық бағдарлау процесінің мәні, Г.К.Нұрғалиеваның айтуынша, объективті құндылықтың маңызды тұлғалыққа өтуі, трансформациялануы және интериоризациялануымен; тұлғаның қоғамдық құндылықтарына өсуімен; тұлғаның қажеттіліктерінің жоғары дәрежеге жетудің диалектикалық

процесімен; адамның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жүзеге асыруымен айқындалады. Мұндай процесің ерекшелігі педагогикалық процеске құндылық бағдарлаудың механизмдерін енгізіп, тәрбие субъектілерінің әрекеттерін ізденіс – бағалау – таңдау - жобалау позицияларына жақындату.

Педагогикалық және философиялық зерттеулерді талдай отырып, біз мұғалімнің кәсіби-құндылық бағдарын қалыптастыруда маңызды рольді мұғалімнің кәсіби қызмет объектісі атқарады деп ойлаймыз. Сондықтан, жұмысымыздың негізін мұғалімнің кәсіби қызмет объектісін модельдедік. (1 сурет)



1 сурет – Мұғалімнің кәсіби қызмет объектісінің графикалық сипаттамасы

Біз негізгі педагогикалық білімдерге сүйене отырып, төрт компонентті белгіледік: мақсаттық-мотивациялық, мазмұндық, операциялы-қызметтік, бағалау-нәтижелілік. Болашақ мұғалім өзінің кәсіби қызмет кезеңіне аяқ басқан кезде осы компоненттерді негізге алуы қажет. Өйткені, педагогикалық үдерістің қойылған мақсатқа жету үшін тұлға дамуын ұйымдасқан түрде жүргізу керек. Басқаша айтқанда, белгілі бір нәтижеге жету үшін тәрбиеге мұғалімдер мен оқушылардың өзара әсерлесуі біріктірілген, басқарылатын үдеріс пішінін беру керек. Мұндай үдерісті оқу-тәрбие немесе педагогикалық үдеріс деп атайды. Бұл үдеріс алдын-ала анықталған мақсатқа қол жеткізуге және алдын ала белгіленген өзгерістерге, тәрбиеленуші қасиеттері мен белгілерін түрлендіруге алып келеді. Педагогикалық үдеріс - тәрбиешілердің әлеуметтік тәжірибесі тәрбиеленуші тұлғасының қасиеттеріне айналатын өзара әсерлесуі. Педагогикалық үдерістің ең басты ерекшелігі — оның тұтастығы.

Мақсаттық-мотивациялық компонентті қарастыратын болсақ мақсат санада жасалатын заттар ма құбылыс болсын идеалды бейне ретінде ойда қалыптасады. Ішкі жоспар анықталған мақсат ретінде субъектінің ішінде қалыптасып, өзгертілген интериоризациялық формаға өтеді. Форма негізінде әрқашан жүйелі түрде қалады, яғни ішкі жоспар нәтижеде арнайы жүйе болады. Мақсат, мақсатқа сай атты ұғымдар тұлғаның сипаттамасының негізгі категориялары болып табылады, өйткені мақсаттың нақтылығы және дұрыс қойылуынан кепілді нәтиженің алынуы байланысты.

Келесі деңгей – ол тұтас педагогикалық процесің *мазмұндық компоненті*. Мазмұн – заттың ішкі материалды негізін айқындайтын философиялық категория. Мазмұн әрқашан формамен бірлестікте, яғни заттың тұрақты құрылымы болады. Мазмұнды құрастырған кезде процессуалды және нәтижелілік белгілер байқалады. Процессуалды белгілер дегеніміз жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын әрекеттерге бағдарланған ақпараттық белгілер. Нәтижелілік белгілер нәтиженің параметрлері туралы ақпарат беріп, қызметтің мақсатымен салыстырылады.

Тұтас педагогикалық процесің *операциялы-қызметтік компоненті* мұғалімнің білім беру үрдісінде тиімді нәтиже алу барысын көрсетеді. Бұл кезең ең маңызды кезеңдердің бірі, өйткені мұғалімнің басшылығымен жаңа материалды меңгергенімен, оқушы өзінше білімді меңгереді, бірқатар ойлау және практикалық әрекеттердің қалыптасуын қажет етеді. Үйрену үшін оқушы оқу-таным әрекеттерді көрсетіп, алғашқы және кейінгі ұғыну, есте сақтау, жаттығу және қайталау арқылы жаңа материалды меңгереді.

*Бағалау-нәтижелілік компонент* қорытынды кезең, барлық осыған дейінгі компоненттердің тиімділігі осында айқындалады. Бұл жерде негізгі проблема тиімді өлшемдер жүйесінің болуы және

бақылау мен қатар өзін-өзі бақылау орын алады. Педагогикалық бағаның орны ерекше, өйткені мұғалім оқушылардың оқу жетістіктерін объективті, жүйелі және ретімен бағалауы қажет. Сонымен, тұтас педагогикалық процессті болашақ мұғалімнің кәсіби қызмет моделінің орталық құбылысы болды. Ал, енді кәсіби педагогикалық қызметтің құраушысы ретінде конструктивті-жобалау, коммуникативті-бағалау, зерттеу-шығармашылық және басқару-ұйымдастыру қызметтерін анықтадық.

*Конструктивті-жобалау қызметі* мұғалімнің кәсіби жолында маңызды роль атқару барысында өзекті мәселелерге сәйкес тәрбие жұмысын жобалайды. Бұл қызметтің тиімді болуы мұғалімнің жоспарлаудың, шығармашылық өңдеудегі психология-педагогикалық дайындықты талап етеді. Әрине, барлық оқу процесіндегі жобалау шаралардың барлығы нәтижелі шешімге келуі, мұғалімнің өзінің кәсіби дамуын талдап, бағдарламасын жасау болып табылады. Бұл қызмет түрі мұғалім үшін мына бағыттарды ескеруі тиіс, олар: мерзімді оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың мақсат, мазмұны, әдістері мен формаларын жаңарту, түрлі білім альтернативті стратегиялары мен технологияларды таңдау және т.б.

*Коммуникативті-бағалау қызметі* болашақ мұғалімнен кәсіби қызмет жолында оның ішкі сұлулығын, қарым-қатынас жасау стилін, жеке адамгершілік сүйкімділігі сияқты адами қасиеттердің болуын қажет етеді. Оқушыларды қарым-қатынас жасауды үйрету, диалогқа, дебаттарға қатысу ережелерін түсіндіріп, әңгімелесу ерекшеліктерін ұғындыру. Өйткені, әрбір әлеуметтік ортада өмір сүретін индивид өз жолында қарым-қатынасқа түседі. Бұл жерде мұғалім бірнеше коммуникативті жұмыстар ұйымдастыруға бағдарланады: диалог, топтық, жеке, жұптық.

Л.С.Выготскийдің оқу моделі оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдайды. Сондықтан, оқушының білім деңгейін дамытуға әлеуметтік қолдау көрсетуде мұғалімнің рөлі ерекше. Оқушылардың көбірек білетін басқа адамдармен, әрине, бұл рөлдерде сыныптастары мен мұғалімдері болуы мүмкін, диалог жүргізу мүмкіндігі болған жағдайда, оқу жеңіл болмақ. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болмағанымен, ЖАДА (жақын арадағы даму аясы) аясында қарастырылғандықтан оқу табысты болмады.

Бағалау қызметі қазіргі білім саласында критериалды бағалау жүйесі арқылы жүзеге асуда. Бұл бағыттың маңызды тұжырымдамасы оқушының еңсесін баға арқылы түсіруге болмайтынын айтады және де нақты критерийлер арқылы бағалау процесін объективті, шынайы ету. Сондықтан, болашақ мұғалім осы білімдегі өзгерістерді өз кәсіби дайындық барысында ескеруі тиіс. Осыған қосымша мұғалім кері байланыс жасау механизмін меңгеруі тиіс, өйткені педагогикалық процесстің тиімділігі анықталады.

*Зерттеу-шығармашылық қызметтің* кәсіби объект тұрғысында өте маңызды, өйткені дәстүрлі дәуірде мектеп мұғалімі ғылыммен айналасуы немесе айналаспауы өз еркінде болған. Ал қазір болашақ мұғалім мектепте міндетті түрде зерттеу жүргізуі тиіс. Өзінің өткізген сабағын күнделікті талдау арқылы жетістіктері мен кемшіліктерін айқындауы тиіс, осыдан мұғалім талдау арқылы әріптестерімен бірге талдап, тұжырым шығарады. Бұл бағытта болашақ мұғалім іс-әрекеттегі зерттеу, ғылыми зерттеу, өзін-өзі зерттеу жасауға бағдарлануы тиіс. Зерттеу-шығармашылық қызметі мұғалім оқушыларды зерттеу арқылы олардың даму және тәрбие деңгейін айқындайды. Өйткені, тәрбие жұмысын ұйымдастыру үшін әр оқушының физикалық және психикалық дамуын, ойлау және адамгершілік тәрбиелілігін, жанұядағы тәрбие жағдайын анықтау қажет. Мұның барлығы болашақ мұғалімнің байқауға және диагностикалық әдістерді қолдануға бағдарлануын талап етеді.

*Басқару-ұйымдастыру қызметі* де педагогикалық қызмет тұрғысында соңғы роль атқармайды. Мұғалім оқушыларға ықпал ету қабілетінің болуы, тұлғаны бір бағытқа санасын бұру және оған әсер етуі қажет. Басқару-ұйымдастыру қызметі болашақ мұғалімнен оқытудағы көшбасшылықты жүзеге асыру механизмін, ұжымды құру заңдылықтары мен қағидаттарын, білім беру процесін ұйымдастыру және басқаруды қажет етеді. Ұйымдастыру қызметі тек басқарып ғана қоймай, тиімді бақылау және кері байланыс жасау болып анықталады.

Мұғалімнің кәсіби қызмет объектісін модельдеу нәтижесінде біз диссертацияда педагогикалық мамандықты меңгеріп жүрген студенттердің кәсіби-құндылық бағдарының критериалды моделінде 4 критерий, 12 көрсеткіш және 24 белгілер анықтадық.

Критерийлер - конструктивті-жобалау қызметіне бағдар, коммуникативті-бағалау қызметіне бағдар, зерттеу-шығармашылық қызметіне бағдар, басқару-ұйымдастыру қызметіне бағдар.

Көрсеткіштер тұлғаның психологиялық сипаттамасы тұрғысында когнитивтік, мотивациялық және әрекеттік салаларға сәйкес анықталды: конструктивті-жобалау қызметінің маңыздылығын түсіну және ұмтылу; конструктивті-жобалау қызметінің тәсілдерін меңгеру; коммуникативті-бағалау қызметінің маңыздылығын түсіну; коммуникативті-бағалау қызметіне ұмтылу; коммуникативті-бағалау қызметінің тәсілдерін меңгеру; зерттеу-шығармашылық қызметтің маңыздылығын түсіну;

зерттеу-шығармашылық қызметіне ұмтылу; зерттеу-шығармашылық қызметтің тәсілдерін меңгеру; басқару-ұйымдастыру қызметінің маңыздылығын түсіну; басқару-ұйымдастыру қызметіне ұмтылу; басқару-ұйымдастыру қызметінің тәсілдерін меңгеру.

Әрбір кәсіби әрекетті орындаған кезде қызметтің психологиялық компоненті болады, түрлі психикалық әрекеттер түрлі қарқында экстериоризация және интериоризациялық процесстері арқылы жүзеге асады. Экстериоризациялық ішкі құбылыстар кәсіби әрекеттерді орындау барысында ойлаудың зерделенуі деп білінеді. Ал зерделеу интериоризациялау механизмінің іске қосылуын қажет етеді, өйткені әрбір сыртқы әрекет субъектінің ішкі процесінде өңделген әрекетпен жанамаланады. Маманның эталонды моделі мамандық туралы көріністің эквиваленті болмайды, өйткені тұлға онда өзін бейнелейді, сондықтан модель оның бағытының жобалануы болып табылады.

Біздің модельдің негізгі белгісі – оның нақты тиянақталған элементтердің байланысы, педагогикалық қызметтің ішкі маңызды қатынастарды сипаттайтын құрылым. Болашақ мұғалімнің кәсіби-құндылық бағдарлануын біз педагогикалық қызметтің түрлі белгілер қамтитын интегралды сипаттамасы ретінде қарастырамыз, онда екі концептуалды блоктар біріктірілген (психологиялық және мазмұндық). Психологиялық сипаттамада жоғарыда айтылғандай үш тұлғалық жағына күш салынды – когнитивтік, мотивациялық, әрекеттік.

Болашақ мұғалімнің кәсіби-құндылық бағдарлануының когнитивтік саласы білімдер жиынтығын құрап, кәсіби қызмет объектісі туралы білімнің маңыздылығын ұғынуды сипаттайды. Білімді ұғыну өз тұрғысында кәсіби дайындық кезінде пайда болған білімдер тұлғаның ішкі жоспарына өтуін байқатады. Осыдан, болашақ мұғалім өзін кәсіби білімдерді алып жүруді, өзін-өзі талдауды және бағалауды үйренуі керек.

Мотивациялық салада болашақ мұғалім эмоциялық толғау арқылы жаңа білімдерді меңгеруге ұмтылыс, қызығушылық және қажеттілікке өтуге ынталануы керек. Мотивтер екі жақты қызмет атқарады: олар түрткі болып, қызметті бағыттайды және қызметке субъективті тұлғалық мағына береді. Болашақ мұғалімнің кәсіби-құндылық бағдарлануында болашақ кәсіби қызметке өзін жобалау (экстраполяциялау) орын алады.

Кәсіби-құндылық бағдарлану барысында әрекеттік салада болашақ мұғалім тұрақты әрекетті бойында қалыптастырады, арнайы педагогикалық әрекеттер оның маңыздылығын түсініп, бойында меңгеріледі. Кәсіби педагогикалық әрекеттерді қалыптастыру болашақ мұғалімдердің П.Гальпериннің теорияның кезеңдеріне сәйкес қалыптасса тиімді болады.

Мұғалімнің кәсіби-құндылық бағдарлануы дегеніміз болашақ кәсіби қызметіне қатысты ішкі потенциалды мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді белсенді ететін тұлғалық даму процесі. Кәсіби-құндылық бағдарды біз құндылық бағдардың теориялық тұжырымдамасы және тұтас педагогикалық процестің теориясы методологиялық негізі етіп анықталған дербес процессті айтаймыз. Кәсіби-құндылық бағдарлаудың логикасы мақсат - мазмұн, тәсілдер мен нәтижемен анықталады. Сондай-ақ, бұл компоненттер әдістер арқылы жүзеге асады.

Қорытынды жасайтын болсақ, жоғары педагогикалық білімде түбегейлі өзгерістер енуі қажет болғандықтан біз болашақ мұғалімдердің кәсіби-құндылық бағдарын қалыптастыру деп білеміз. Мұғалімдердің кәсіби бағдарлауы болашақ қызметтің бейнесін жасаған кезде ғана тиімді болады, студенттер өздерін сол бейнеге проециялайды, яғни терең ұғыну және түсіну құбылыстары орын алады.

#### ***Қолданылған әдебиеттер:***

1. Ананьев Б.Г. *Избранные психологические труды, в 2-х томах/ под ред. А.А.Бодалева, Б.Ф.Ломова.* – М., Педагогика, 1980.
2. *Выготский Л.С. Развитие высших психических функций.* — М: АПН, 1960
3. *Каган М.С. Философская теория ценности.* СПб., 1997
4. *Нурғалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория и практика формирования* – Алматы, 1994.- 384с.
5. *Педагогическая энциклопедия.* - М.,1929, т.1. - с.474
6. *Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности: теория и практика воспитания / отв.ред. С.Я.Батышев - Алма-Ата: Наука, 1990.*
7. *Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Мищенко А.И., Шиянов Е.Н. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений.* – М.: Школа-Пресс, 1997
8. *Хмель Н.Н. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя.* Алматы: Гылым, 1998 -320с.

**Бейсембаева А.А.,**

к.пед.наук, доцент КазУМОиМЯ имени Абылай хана, altynai.beisembaeva@mail.ru

**Кошербаева Г.Н.**

к.пед.наук, доцент КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы

## **ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ИГРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА**

***Аннотация.** В настоящее время школа нуждается в такой организации своей деятельности, которая обеспечила бы развитие индивидуальных способностей и творческого отношения к жизни каждого учащегося, внедрение различных, инновационных учебных программ, реализацию принципа гуманного подхода к детям и т.д. Иными словами, школа заинтересована в знании об особенностях психического развития каждого конкретного ребенка. И, неслучайно, сегодня, как никогда, возрастает роль практических знаний в профессиональной подготовке педагогических кадров.*

***Ключевые слова:** игровые технологии, познавательный интерес, младшие школьники.*

*Annotation. Currently, the school needs such an organization of its activities, which would ensure the development of individual abilities and creative attitude to the life of each student, the introduction of various, innovative curricula, the implementation of the principle of a humane approach to children, etc. Other words, the school is interested in knowing about the features of the mental development of each child. It is no coincidence that today, more than ever, the role of practical knowledge in the professional training of teachers.*

***Key words:** game technology, the cognitive interest of Junior school children.*

*Аңдатпа. Қазіргі кезеңде мектептерде әр оқушының өміріне, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, әртүрлі, инновациялық оқу бағдарламаларын енгізуге, балаларға гуманистік қарым-қатынас қағидасын енгізуге және т.б. жеке қабілеттерін дамытудағы қамтамасыз ететін қызметерді ұйымдастыру қажеттілігі үлкен мәселе болып келеді. Басқаша айтқанда, мектеп әрбір нақты баланың психикалық дамуы ерекшеліктерін білуге мүдделі. Сондықтан бүгінгі күні педагог кадрларды дайындаудағы тәжірибелік білім берудің рөлі арта түседі.*

***Тірек сөздер:** ойын технологиясы, танымдық қызығушылық, бастауыш мектеп оқушылары.*

Уровень обучения и воспитания в школе в значительной степени определяется тем, насколько педагогический процесс ориентирован на психологию возрастного и индивидуального развития ребенка. Это предполагает психолого-педагогическое изучение школьников на протяжении всего периода обучения, с целью выявления индивидуальных вариантов развития, творческих способностей каждого ученика начальных классов, укрепления его собственной позитивной активности, раскрытия неповторимости его личности, своевременной помощи при отставании в учебе или неудовлетворительном поведении. Особенно важны эти моменты в младших классах, когда только начинается целенаправленное обучение и учеба становится ведущей деятельностью, в лоне которой формируются психические свойства и качества ребенка, прежде всего, познавательные процессы и отношение к себе как субъекту познания (познавательные мотивы, самооценка, способность к сотрудничеству и т.д.).

Современный этап развития общего образования в Республике Казахстан характеризуется появлением альтернативных педагогических проектов и систем, сменой образовательных парадигм, переходом от массово-репродуктивных к личностно-развивающим педагогическим технологиям. В общем характере и стиле педагогического процесса, всё большее распространение приобретают вариативные программы, разнообразные модели обучения. Здесь особую актуальность приобретает такой творческий метод обучения как игра. Возникает насущная потребность в расширении методического потенциала в целом, и в активных формах обучения в частности. К таким активным формам обучения относятся игровые технологии.

Игровые технологии являются одной из уникальных форм обучения, которая позволяет сделать интересной и увлекательной не только работу учащихся на творческо-поисковом уровне, но и будничные шаги по изучению учебных предметов. Занимательность условного мира игры делает учебный процесс эмоционально окрашенным, а эмоциональность игрового действия активизирует все психологические процессы и функции ребенка.

Понятие «Игровые технологии» включает достаточно обширную группу методов и приемов организации педагогического процесса в форме различных педагогических игр.

Рассматривая игровые технологии в психологической плоскости, можно отметить З.Фрейда, который разрабатывал идею компенсаторности игры, связывал ее с бессознательными механизмами психики человека. По Фрейду, бессознательные влечения реализуются в детских играх символически. Игры, по исследовательским данным ученого, очищают и оздоравливают психику, снимают травматические ситуации, являющиеся причиной многих неврологических заболеваний.

Как считает Фрейд, в противоположность гипотезе антиципации игры, игры выступают не как выражение функции, а как ее изображение. Полезность игры, согласно его теории, заключается в том, чтобы вызвать с помощью удовлетворения, получаемого окольным путем, подлинный катарсис. Игры позволяют либидо развернуться и выразиться, высвободить чувственность, стремящуюся испытать и познать себя.

Игру, как средство поддержания бодрости и силы трактовали Шиллер и Спенсер. Понимая, что в игре человек не только тратит, но и восстанавливает энергию. Такие исследователи, как Шалер, Валлон, Патрик, Штейнталь считали игру не столько компенсаторной, сколько уравновешенной, значит отдыхом. Игра позволяет извлечь в работу ранее бездействовавшие органы и тем самым восстановить жизненное равновесие.

Многие ученые, в том числе Пиаже, Левин, Выготский, Эльконин, Ушинский, Макаренко, Сухомлинский полагали, что игра возникает в свете духовности и служит источником духовного развития ребенка.

Бесспорно, существуют и другие версии происхождения игры. Например, Ж. Шато считает, что игры детей возникли из их вечного стремления подражать взрослым. Р. Хартли, Л. Франк, Р. Гольденсон предполагают, что игра порождается «коллективным инстинктом» детей. Тот же Хейзинга или Гессе, Лем, Мазаев источником игры считают культуру, равно как и игру источником культуры. Многие из вышеназванных исследователей называют источником игры общественный разум.

В «Большой энциклопедии» игра рассматривается как «занятие, не имеющее практической цели и служащее для развлечения и забавы, а также применения на практике некоторых искусств (игра на сцене, игра на музыкальном инструменте)» [1].

Наиболее приемлемым для нас является определение, данное А.А. Деркачом, учебной называется игра, используемая в учебном процессе в качестве задания, содержащая учебную (проблему, проблемную ситуацию), решение которой обеспечит достижение определенной учебной цели [2].

А.Н. Леонтьев в работе «Совершенствование методики обучения иностранному языку в средней общеобразовательной школе» определил игровую деятельность следующим образом: в ходе деятельности ребенка возникает «противоречие между бурным развитием у него потребности в действии с предметами, с одной стороны, и развитием осуществляющих эти действия операций (то есть способов действия) - с другой. Это противоречие может разрешиться у ребенка только в одном единственном типе деятельности, а именно в игровой деятельности, в игре» [3].

В общественной практике последних лет в науке понятие игры осмысливается по-новому, игра распространяется на многие сферы жизни, игра понимается, как общенаучная, серьезная категория. Из раскрытия понятия игры педагогами, психологами различных школ можно выделить ряд общих положений:

- игра выступает самостоятельным видом развивающей деятельности детей разных возрастов;
- игра детей есть самая свободная форма их деятельности, которая осознается, изучается окружающий мир, открывается широкий простор для личного творчества, активности самопознания, самовыражения;
- игра - первая ступень деятельности ребенка, изначальная школа его поведения, нормативная и равноправная деятельность младших школьников, подростков, юношества, меняющих свои цели по мере взросления учащихся;
- игра есть практика развития. Дети играют, потому что развиваются, и развиваются, потому что играют;
- игра - свобода самораскрытия, саморазвития с опорой на подсознание, разум и творчество;
- игра – главная сфера общения детей; в ней решаются проблемы межличностных отношений, приобретает опыт взаимоотношений людей.

Исходя из вышесказанного, можно утверждать, что игра это также является мощным стимулом к овладению иностранным языком и эффективным приемом в арсенале преподавателя иностранного языка. Использование игры и умение создавать речевые ситуации вызывают у обучающихся готовность, желание играть и общаться, а также дает возможность не только выразить себя, действовать, но и возможность переживать и сопереживать.



Игра обеспечивает эмоциональное воздействие на обучаемых, активизирует резервные возможности личности. Она облегчает овладение знаниями, навыками и умениями, способствует их актуализации. Учебная игра-упражнение помогает активизировать, закрепить, проконтролировать и скорректировать знания, навыки и умения, создает учебную и педагогическую наглядность в изучении конкретного материала. Она создает условия для активной мыслительной деятельности ее участников. Игровая задача, содержащая учебную задачу, стимулирует интеллектуальную деятельность обучаемых, учит прогнозировать, исследовать и проверять правильность принятых решений или гипотез. Она является своего рода индикатором успеха учащихся в овладении учебной дисциплиной, представляя собой одну из форм и средств отчета, контроля и самоконтроля учащихся. Учебная игра воспитывает культуру общения и формирует умение работать в коллективе и с коллективом. Все это определяет функции учебной игры как средства психологического, социально-психологического и педагогического воздействия на личность.

Психологическое влияние игры проявляется в интеллектуальном росте обучаемых. Педагогически и психологически продуманное использование ее на занятии обеспечивает развитие потребности в мыслительной деятельности. А это ведет к интеллектуальной активности, умственной и познавательной самостоятельности и инициативности учащихся.

Благодаря игре возрастает потребность в творческой деятельности, в поиске возможных путей и средств актуализации накопленных знаний, навыков и умений. Игра рождает непримиримость к шаблонам и стереотипам. Она развивает память и воображение, оказывает влияние на развитие эмоционально-волевой стороны личности, учит управлять своими эмоциями, организовывать свою деятельность. Игра способна изменить отношение обучаемых к тому или иному явлению, факту, проблеме.

Психологическое воздействие игры на разных людей неодинаково, оно определяется индивидуальными особенностями личности.

Социально-психологическое воздействие игры обнаруживает себя в преодолении боязни говорения (общения) на иностранном (и родном) языке и в формировании культуры общения, в частности культуры ведения диалога. Игра порождает интерес к стране изучаемого языка, к чтению зарубежной прессы. Она формирует способность принимать самостоятельные решения, оценивать свои действия и действия других, побуждает актуализировать свои знания.

С психологической точки зрения мотивация, создаваемая игрой, то есть игровая мотивация, должна быть представлена в учебном процессе наряду с коммуникативной, познавательной и эстетической мотивациями.

Игра по своей природе очень близка к реальным жизненным ситуациям, а иногда и неотделима от них (теория Э. Берна). Игра благодаря дихотомии - вымышленной проблеме и реальным усилиям по ее разрешению - позволяет моделировать социокультурный контекст, проигрывать различные варианты поведения, корректировать и затем снова проигрывать. То, что в жизни трудно или совсем невозможно исправить (межкультурный конфликт или межкультурный шок), в игре можно проигрывать снова и снова, вырабатывая стратегии, необходимые для избегания данного конфликта.

Игра ориентирована на групповую активность, что вполне отвечает запросам современной методики. Она также легко трансформируется в различные формы индивидуальной активности, давая возможность каждому студенту попробовать себя в той или иной роли и проявить индивидуальные способности.

Благодаря знаковой природе игра предоставляет практически неограниченную возможность для создания вымышленных ситуаций, проблем, казусов, конфликтов - всего, что требует вербальной и невербальной активности и что совершенно необходимо для развития навыков межкультурной коммуникации.

Коммуникативная природа игры также предоставляет возможности для развития коммуникативных навыков. Необходимость комментировать свои и чужие действия, взаимодействовать в пределах группы, возражать, соглашаться, высказывать свое мнение служит базой для развития речевых умений и стратегий общения, что необходимо для инициации и поддержания межкультурного диалога.

Как следует из определения О.Ю. Болтневой, «условная природа игры, использование драматических приемов – музыки, пения, костюмов - все это способствует формированию иллюзии реальности, того, чего не хватает в языковой аудитории. Возможность активно действовать в иллюзорной реальности способствует развитию различных групп навыков, в том числе и навыков межкультурной коммуникации» [4].

Переводя задачу обучения иностранному языку в задачу иноязычного общения в процессе совместной деятельности, имеющую личностную значимость для каждого участника этой деятельности, мы создаем условия для мощного скачка уровня мотивации овладения языком, речью, общением.

На наш взгляд, методика использования игровых приемов в обучении иностранным языкам разработана, главным образом, в дидактике раннего обучения (для детей дошкольного, младшего школьного возраста). Применение игровых технологий при обучении иностранному языку эффективно не только в школьном возрасте, но и применительно к взрослой аудитории. Следует уделить внимание играм, предполагающим элементы соревнования между отдельными коллективами, интеллектуальным играм (кроссвордам, лото, головоломкам и т.д.) и, особенно, ролевой игре.

Недостаточная разработанность проблемы использования игровых технологий и недооценка их применения в вузовском обучении, о которой нами было сказано выше, требует, по нашему мнению, серьезного внимания. Речь здесь идет о возможности интеграции приемов и методов, используемых в дидактике раннего обучения иностранным языкам, вузовскую дидактику. Мы уверены, и это подтверждается на практике, использование игры как приема обучения иноязычной речевой деятельности эффективно как в детской, так и во взрослой аудитории.

Эффект игры основан на таком механизме памяти как непроизвольное запоминание. В игре обучаемые (взрослые и дети) запоминают неосознанно то, что не стремились запомнить. В этом смысле можно говорить о зависимости запоминания от деятельности, в ходе которой оно совершается. Игра является той самой деятельностью, которая создает эмоционально стимулирующую заинтересованность и способствует непроизвольному запоминанию.

Дидактическая игра, используемая в обучении, представляет собой ситуацию, моделирующую реальность в целях обучения.

Учебная игра воспитывает культуру общения и формирует умение работать в коллективе и с коллективом. Все это определяет функции учебной игры как средства психологического, социально-психологического и педагогического воздействия на личность. Психологическое влияние игры проявляется в интеллектуальном росте обучаемых. Педагогически и психологически продуманное использование ее на занятии обеспечивает развитие потребности в мыслительной деятельности.

Термин «конвергенция» (от лат. *convergere* – приближаться, сходиться) является реалией многих отраслей знания. Первоначально этот термин возник в биологии, где под конвергенцией понимались идентичные признаки у различных организмов, развивающихся в одной и той же среде. В языкознании данным понятием обозначается совпадение у двух или более языковых групп некоторых фрагментов языковой системы (фонетика, лексика и т.д.) в связи с достаточно длительными и интенсивными языковыми контактами. В культурологии конвергенция выступает в качестве одного из ключевых аспектов культурных изменений социума. В политических науках конвергенцией называется возникшая во второй половине XX в. концепция о единстве современного индустриального мира.

Родоначальником понятия конвергенция в журналистике считается профессор Массачусетского технологического университета Итьель де Сола Пул, который в своей работе «Технологии свободы» (1983) описал сближение традиционно несвязанных между собой средств коммуникации, назвав этот феномен «конвергенцией». Под последней ученый понимал нивелирование границ между медиа как средствами двусторонней коммуникации, такими как телефон, почта, телеграф и как средствами массовой коммуникации, такими как пресса, радио и телевидение [9, р. 24]. Дж. Колодзи пишет, что конвергенции в медиасфере обозначает существенно новый способ размышления над тем, что такое новости, как они создаются и как они сообщаются аудитории (*a new way of thinking about the news, producing the news, and delivering the news*). Автор подчеркивает, что журналисты должны использовать все средства связи, чтобы донести до аудитории свой посыл [10, р. 4].

В России и Казахстане исследователи и журналисты-практики начали активно употреблять данный термин сравнительно недавно. Следует назвать таких ученых, как А.А. Амзин, Е.Л. Вартанова, Е.А. Баранова, Л.К. Лободенко, С.Х. Барлыбаева, И.К. Мамбетова, А.Б. Есенкулов и др. В частности, С.Х. Барлыбаева отмечает, что конвергенция в журналистике обусловлена движением современной медиаиндустрии к тотальной интеграции с информационными и телекоммуникационными технологиями, результатом которой является формирование нового интегрированного медиамаркета, где прочными связями скреплены сетевое обслуживание, мультимедийные услуги, создание программных и медийных продуктов [11, с. 167]. По мысли Е.А. Барановой, конвергенция представляет собой доступность любого контента, например, текстовых материалов, графики, аудио - и видеоматериалов в любой точке мира, где есть Интернет и мобильная связь [12, с. 16]. Ученый обращает внимание, что в настоящее время он-лайн версии крупных изданий не соответствуют печатной копии данного СМИ, являясь самостоятельным мультимедийным ресурсом [13, с. 19].

Е.Л. Вартанова вкладывает в понятие «конвергенция» три смысла. Прежде всего, конвергенция – это слияние технологий, позволяющее различным техническим носителям снабжать аудиторию информацией, на основе процесса дигитализации, т.е. оцифровки словесного содержания материалов СМИ. Кроме того, конвергенция представляет собой слияние некогда различных и разобщенных медиа, например, радио и Интернета, что позволяет значительно расширить аудиторию интегрированного вида СМИ. Так, лишь 19 % казахстанцев слушают традиционное радио, тогда как по данным TNS Central Asia в апреле 2018 г. он-лайн эфиры PETPO FM прослушали 45,78 % респондентов, Авторадио – 43,18 %, Русское Радио – 42,85 %, Love Radio – 33,95 %, Dala FM – 29,71 %, Жулдыз FM – 27,25 %

[13]. Наконец, конвергенция – это слияние медиарынков [14, с. 158]. Медиахолдинг Time Warner владеет компанией CNN, которая в свою очередь состоит из 14 новостных каналов, 2 радиостанций, 6 интернет-сайтов и 37 зарубежных бюро. Казахстанский медиахолдинг «Хабар» включает телеканалы «Хабар», «24.kz», Kazakh-TV, киноканал «Ел Арна» и их он-лайн версии.

Медиаконвергенция, в последние годы ставшая определяющей тенденцией в развитии казахстанских СМИ, породила инновационные СМИ, в полной мере реализующие принципы интеграции и мультимедийности. Анализ данных СМИ показал, что для них характерны следующие конвергентные тенденции.

1. Конвергенция сетей, итогом которой стала возможность трансляции различных видов информации – визуальной, текстовой и аудиоинформации, иконографии и др. Например, на веб-сайте радиостанции «Qazaq Radiosy» (<http://qazradio.fm>) можно не только слушать радиоэфир, но также смотреть видео, фотогалереи, скачивать и голосовать за понравившийся трек, читать последние новости из мира шоу-бизнеса, спорта и кинематографа и развлекательные заметки.

Примечательно, что данная тенденция прослеживается не только на общереспубликанском, но и на региональном уровне. Так, на сайте областной общественно-политической газеты «Огни Алатау» (<http://ognialatau.kz/>) репрезентированы различные мультимедийные платформы, включая фотографии, аудио- и видеозаписи. Причем фото- и видеоматериалы выделены в отдельные структурные блоки. Отдельного внимания заслуживают рубрики сайта – Главная страница, Аграрный сектор, Правопорядок, Скажи жизни «Да», Общество, Люди и др., что значительно облегчает навигацию по сайту и поиск нужной информации. Э. Ванкуверинг пишет, что благодаря разнообразию рубрик и подрубрик электронные издания могут заинтересовать более широкий круг аудитории и привлечь разные возрастные группы [15, р. 4]. Кроме того, опубликованной заметкой можно поделиться в наиболее популярных социальных сетях Казахстана – Вконтакте, Одноклассники, Twitter и Facebook.

Конвергенцию сетей невозможно представить без взаимодействия СМИ с социальными сетями. К примеру, на ИА «Хабар» (<http://khabar.kz>) можно подписаться в ВКонтакте, Одноклассники, Facebook, Twitter, Instagram и Youtube. На сегодняшний день на новости ИА «Хабар» Вконтакте подписано 21 827 чел., в Одноклассниках – 15 789 чел., в Facebook – 21687 чел., в Instagram – 177 019 фолловера, в Twitter – 147 654 чел., на видеохостинге Youtube – 321 342 подписчика. Еще более впечатляюща аудитория информационного портала «Нур». Так, за новостями данного портала Вконтакте следят 500 725 чел., в Instagram – 470 000 чел., в Facebook – 261 878 подписчиков, в Одноклассниках – 28221 пользователь. Другие сетевые СМИ также активно взаимодействуют и с социальными сетями, и в социальных сетях.

В.В. Артюхин называет конвергенцию сетей «слиянием текста, звука и образа» [16, с. 35], однако Е.В. Олешко полагает, что данный термин намного шире. Он свидетельствует о слиянии деятельности редакции СМИ и целевой аудитории и их превращение их в сплоченное медийное комьюнити [17, с. 65].

2. Конвергенция сетей неразрывно связана с конвергенцией терминалов, подразумевающей совмещение различных опций и возможностей (прием, передачу, хранение и обработку информации). Ярким примером конвергентных терминалов являются смартфоны, планшеты, ноутбуки и иные электронные устройства с выходом в Интернет. Специально для них СМИ создаются мобильные приложения, позволяющие быть в курсе событий 24 / 7. Проанализировав 148 мобильных приложений (81 приложение для смартфонов и 67 – для планшетов), разработанных для СМИ из 10 различных стран, Т. Кантареро и соавторы выделили их несомненные преимущества: одно мобильное приложение заменяет целую стопку газет или журналов; полиграфичность и привлекательный дизайн; расширение аудитории и увеличение ее лояльности; дополнительный канал эффективных активных продаж контента; постоянный и тесный контакт с аудиторией [18].

Одним из наиболее скачиваемых мобильных приложений в Казахстане является приложение новостного Интернет-портала «Нур» для iOS и Android. По данным на апрель 2018 г. это приложение для устройств на платформе Android скачало более 1 млн. человек. Приложение отличается современным дизайном, легкой навигацией, возможностью делиться новостями через Facebook, Twitter, e-mail и другие интернет-сервисы, возможностью добавления интересных новостей в закладки, чтобы читать их в любое удобное время. Наряду с этим, разработчики предусмотрели возможность загрузки новостей на смартфон даже без доступа к интернету. Аналогичные приложения есть у zakon.kz, Tengrinews, Каравана, Newtimes.kz, Kaz.news, RSS Новости Казахстана и др.

3. Конвергенция услуг, возникающая благодаря конвергенции сетей и терминалов. В настоящее время СМИ предоставляют своей целевой аудитории ранее недоступные услуги. К ним относятся: авторизация на интернет-портале при помощи аккаунта в социальных сетях, возможность оценивать

(лайки, дизлайки, классы) и комментировать новостные заметки, возможность переслать их друзьям в Telegram и WhatsApp, возникновение площадок для обсуждения и голосований, создание тематических форумов на сайтах газет и радиостанций. Так, формы обратной связи есть на сайте «Комсомольской правды Казахстан» (<http://www.kp.kz/>), «Egemen Qazaqstan» (<https://www.egemen.kz/>), «Aiqyn» (<http://aiqyn.kz/>), «Экспресс-К» (<https://express-k.kz/>), а также на сайтах региональных СМИ – «Индустриальная Караганда» (<http://inkaraganda.kz/qa>), «Кызылординские вести» (<http://www.kzvesti.kz/>), «АктобеТаймс» (<http://aktobetimes.kz/>) и других.

Вследствие конвергенции услуг, современный Интернет-пользователь – это не безымянный и безликий потребитель информационного продукта, он – реальный участник глобального информационного процесса. Обсуждение проблем, обмен мнениями, дискуссии, проявление собственной инициативы в постановке интересующих его вопросов позволяет активным пользователям формировать информационную повестку дня наряду с профессиональными журналистами, политиками и лидерами мнений.

Таким образом, можно заключить следующее, конвергенция в медиасфере – это обеспечение концептуального взаимодействия СМИ разных типов с учетом их организационно-структурных и жанровых особенностей, нацеленного на создание оригинальных информационных продуктов с последующим размещением в различных медиасредах для захвата внимания потенциальной аудитории.

### Литература

1. A. Toffler, "The Third Wave: The Classic Study of Tomorrow", 3rd ed., New York: William Morrow Inc., 544 p., 2011.
2. WEB Index Казахстан. Интернет аудитория. Апрель 2018 г. // <http://www.tns-global.kz/ru/> (Дата обращения: 15.05.2018).
3. Жители, каких городов Казахстана больше всего «сидят» в соцсетях – исследование // <http://www.yk-news.kz/news/> (Дата обращения: 18.05.2018).
4. A. Perrin, A. Smith, D. Page, "Social Media Usage: 2005-2015", Pew Research Center, 12 p., 2015.
5. Л.К. Лободенко, "Конвергенция средств массовой информации и реклама", Научное мнение, № 1, С. 27–33, 2013.
6. В.В. Шеремет, "Типология конвергенции", Вестник Адыгейского государственного университета. Серия «Филология и искусствоведение», № 1, С. 173–176, 2012.
7. S. Quinn, D. Quinn-Allan, "The World-wide spread of journalism convergence", Proceedings of the 2015 Journalism Education Association Conference. Griffith University, pp. 1–23, 29 November – 2 December 2015.
8. L. Elber, "CNN doubles news gathering presence, introduces "all platform" journalists", The Huffington Post, 12 August 2008 // [www.huffingtonpost.com/2008/08/12/cnn-doublesnewsgathering\\_n\\_118488.html](http://www.huffingtonpost.com/2008/08/12/cnn-doublesnewsgathering_n_118488.html)
9. I.S. Pool, "Technologies of Freedom", Cambridge, MA: Harvard University Press, 299 p., 1983.
10. J. Kolodzy, "Convergence Journalism: Writing and Reporting Across the News Media", New York: Rowman and Littlefield Publishers, 267 p., 2006.
11. С.Х. Барлыбаева, "Конвергентная журналистика – веяние времени", Материалы XI научно-практической конференции «Информационное поле современной России-2014», Казанский (Приволжский) федеральный университет, С. 165–171, 16-18 октября 2014.
12. Е.А. Баранова, "Конвергентная журналистика: теория и практика", М.: Юрайт, 269 с., 2014.
13. Radio Index. Апрель 2018 г. // [http://www.tns-global.kz/ru/research/radio\\_index\\_13.php](http://www.tns-global.kz/ru/research/radio_index_13.php) (Дата обращения 17.05.2018).
14. Е.Л. Вартанова, "К чему ведет конвергенция СМИ?", Развитие информационного общества в России, Том 1, Теория и практика. СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского университета, С. 157–164, 2001.
15. E. van Couvering, "Media Power on the Internet: Towards a Theoretical Framework", Seminar for Media Communication and Culture, London School of Economics and Political Science, pp. 1–20, 28 April 2016.
16. В.В. Артюхин, "Веб 2.0 как источник неконструктивной активности в Интернете", Прикладная информатика, № 4 (28), С. 32–47, 2010.
17. Е.В. Олешко, "Принципы современной конвергентной журналистики", Известия Уральского федерального университета. Серия 1 «Проблемы образования, науки и культуры», № 4 (107), С. 65–71, 2012.
18. T. Cantarero, A. Gonzalez-Neira, E. Valentini, "Newspaper Apps for Tablets and Smartphones in Different Media Systems: A Comparative Analysis", Journalism. 30 October 2017 // <http://journals.sagepub.com/doi/abs/10.1177/1464884917733589> (Дата обращения: 20.05.2018).



## Берденова Сауле Жалгасовна

Кандидат пед.наук, доцент, декан гуманитарно-социального факультета  
Костанайского государственного университета им. А.Байтурсынова,  
г. Костанай, e-mail: berdenova\_saule@mail.ru

### ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКОВЫМ ДИСЦИПЛИНАМ В 5 КЛАССЕ

*Түйін.* Мақалада Қазақстандағы жалпы білім беретін оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептердегі 5-сынып оқушыларына арналған орыс, қазақ, неміс тілдеріндегі жаңа буын оқулықтарына талдау жасалынған.

*Summary.* The article analyzes the textbooks of the new generation in Russian, Kazakh, German languages for the 5th grade of secondary schools in Kazakhstan with the Russian language of education.

*Резюме.* В статье проведен анализ учебников нового поколения по русскому, казахскому, немецкому языкам для 5 класса общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения.

Школьная программа выделяет два взаимосвязанных направления в обучении русскому, казахскому и немецкому языкам: 1) ознакомление учащихся с основами языковой теории (с опорой на неё и в тесной связи с ней); 2) формирование у школьников практических умений и навыков устной и письменной речи на трёх языках.

В 5 классе общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения недостаточно используются резервы, которые кроются в специальном изучении языков и их структуры. Прав академик Л.В.Щерба, когда он пишет, что нужно «создать правила не только английские, французские, немецкие и т.п., но и русско-английские, русско-французские, русско-немецкие и т.п.» [1].

Анализ учебников нового поколения позволяет сделать вывод о том, что каждая языковая дисциплина в 5 классе русской школы изучается сама по себе, отсутствует координация содержания образования по русскому, казахскому и немецкому языкам, что служит препятствием в деле формирования и развития полиязычной, поликультурной личности.

Считается, что обучаемый владеет коммуникативной компетенцией, если он в условиях прямого или опосредованного контакта средствами второго (третьего) языка успешно решает актуальные для его жизнедеятельности коммуникативные задачи. Основными единицами коммуникативной компетенции, по мнению У.А.Жанпейсовой, являются: «темы и ситуации общения; речевые действия; социальные и коммуникативные роли коммуникантов; тактика коммуникации в разных ситуациях при выполнении программы поведения; типы текстов и правила их построения; языковые минимумы» [2].

Интересным представляется определение двуязычной личности на основе теории языковой личности В.В. Виноградова, Г.И. Богина, Ю.Н. Караулова, рассматривающей языковую личность по его интеллекту и способностям, которые представлены в рамках трёхуровневой модели: вербально-семантическом, тезаурусном и мотивационном. Лингводидактическую интерпретацию, принципы формирования двуязычной личности обучающегося впервые в теории и методике языкам представила М.Р. Кондубаева. Разработанная ею модель отличается от собственно психологических подходов вышеназванных авторов тем, что логика построения модели индуктивная, лексико-грамматический материал отобран в соответствии с этапами обучения. Учитывая плодотворность и эффективность исследования на базе моделей двуязычной личности в исследованиях этой научно-методической школы, мы разработали готовностную модель обучения с привлечением материала трех языков.

Основой формирования коммуникативной компетенции учащегося 5 класса явилась готовностная модель полиязычной личности.

Таблица 2 – Целевая модель полиязычной личности учащегося 5 класса

Уровни структуры полиязычной личности учащегося 5 класса	Элементы уровней
А) вербально-семантический	- готовность отыскивать, извлекать, понимать и перерабатывать необходимую устную и письменную информацию, обеспечивающую речевое общение в рамках предусмотренных учебной программой тематики и языкового материала;
Б) тезаурусный	- готовность к общению с учётом основных закономерностей и норм словоупотребления на примере коммуникации в различных ситуациях;
В) мотивационный	-готовность вступать в непосредственные или опосредственные речевые контакты на казахском и немецком языках, опираясь на опыт в родном и осуществляя перенос знаний, умений и навыков, что позволяет глубже осмысливать некоторые факты русского языка.

Для достижения уровней структуры полиязычной личности учащегося 5 класса необходимо перестроить обучение языкам в школе и тесно увязать усвоение грамматики казахского, русского и немецкого языков с задачами общения. При переиздании учебников авторским коллективам необходимо, на наш взгляд, скоординировать содержание обучения языковым дисциплинам таким образом, чтобы лексические и грамматические темы чаще пересекались, что расширило бы возможности сопоставительного изучения языковых дисциплин.

Перенос умений в психологии изучен на примере разных видов деятельности; перенос языковых умений – одна из проблем, изучаемых в данной диссертации.

Какова модель изучения переноса языковых умений?

Сопоставление родного и изучаемых языков, их сравнительная типология;

Перечни сходств (для положительного переноса- транспозиции ) и области различий (область отрицательного переноса- интерференции) ;

Разработка методики и упражнений для поддержки транспозиции и для борьбы с интерференционными явлениями при употреблении единиц всех уровней языков.

О развивающей функции сопоставлений двух или нескольких языков и в речи, и в анализах текстов, и в изучении языковой теории писали такие известные русские лингвисты, как Ф.И.Буслаев, А.Д.Алферов, Л.В.Щерба, В.Г.Костомаров, А.В.Текучёв. Многочисленные примеры подтверждают: человек, владеющий несколькими языками, обнаруживает высокий уровень познавательных интересов, живой творческий ум. Известна европейская традиция изучения латыни и древнегреческого языка в гимназиях и университетах с целью умственного развития.

Последовательное становление когнитивного мира учащегося, основ толерантной личности возможно только при координации учебного материала трёх-четырёх языков, которые усваиваются детьми одновременно и образуют речемыслительную основу любой человеческой деятельности в дальнейшем.

При анализе психологических механизмов генезиса речи мы опираемся на следующие принципы концепции Л.С.Выготского и его школы (П.Я. Гальперин, В.В.Давыдов, А.В.Запорожец, А.Н. Леонтьев, А.Р. Лурия, Д.Б. Эльконин): подход к сознанию как к деятельности, обладающей особым строем (мотивы, цели, способы и средства) и проходящей в своём формировании путь от внешней деятельности к её внутренней форме.

Психологические основы межпредметных связей были заложены учением академика И.П.Павлова о динамическом стереотипе и второй сигнальной системе. Физиологическим механизмом усвоения знаний он считал образование в коре головного мозга сложных систем временных связей: «Всё обучение заключается в образовании временных связей, - пишет он,- а это есть мысль, мышление, знание». Успех обучения во многом будет зависеть от количества необходимых взаимосвязанных фактов, событий, явлений, помогающих развивать способности воспитанников быстро и точно воспроизводить в памяти ранее усвоенные знания. В формировании этой способности межпредметным связям принадлежит важная роль.

Проблема обучения детей нескольким языкам имеет давнюю историю: этот вопрос широко обсуждался на страницах русских журналов ещё в конце XIX века. В нашем веке крупные педагоги и психологи также не пришли к единому мнению. Л.С.Выготский, приводя суждения авторитетов о правомерности обучения детей нескольким языкам, называет эту задачу «одной из самых сложных и запутанных в современной психологии».

Несмотря на то, что за последние десятилетия опубликован ряд научных трудов по становлению дву- и многоязычия , ясности во многих вопросах пока ещё нет. Вот почему таким важным является решение психолого-педагогических и методических задач при обучении детей нескольким языковым дисциплинам одновременно при доминирующей роли русского языка как языка обучения.

Исследование психолого-педагогических основ формирования полиязычной личности позволяет сделать следующие выводы:

1.Сопоставление различных языковых явлений изучаемых языков оказывает мотивационное воздействие и способствует формированию интереса к изучению не только русского, но и других языков.

2.Усвоение языка будет происходить успешнее, если сообщить этому процессу дополнительную мотивацию – использование языковых средств в целях общения. Включение усвоения разных языков в деятельность речевого общения может изменить цели и мотивы изучения языка в школе: усвоение языковых сведений становится средством решения речевых задач. Мы считаем, что необходимо перестроить обучение языку в школе таким образом, чтобы тесно увязать усвоение грамматики казахского, русского и немецкого языков с задачами общения.

3. Опираясь на вывод Д.Б.Эльконина и его сотрудников, мы считаем, что период школьного детства является наиболее благоприятным (сенситивным) для усвоения общих принципов общения и его языковых средств. Поскольку общение является ведущей деятельностью пятиклассников, необходимо перестроить содержание обучения по языковым дисциплинам под углом зрения формирования коммуникативной компетенции полиязычной личности.

4. Для включения языка в деятельность общения необходимо сначала сделать особым предметом усвоения школьника задачи речевого общения (функции речи) и затем только – на этой основе – языковые средства, обеспечивающие реализацию соответствующих функций. Возникшая таким образом задача разработки понятийного содержания нового учебного предмета, в свою очередь, потребовала построения «дерева» функций: выявления всех аспектов коммуникативной функции и упорядочения языковых средств под углом зрения этих функций, сохраняя при этом системность и целостность (представлений о языке).

### *Литература*

1. Щерба Л.В. Преподавание иностранных языков в средней школе. Общие вопросы методики, // Под ред. И. В. Рахманова, Москва, 1974, С. 91.
2. Жанпеисова У.А. Формирование лексической компетенции //Русский язык и литература в казахской школе, 2000, №4. С.4
3. Чингисова А.А. Коммуникативно-интегративная технология обучения русскому языку как иностранному в вузе, С. 51
4. Аубакирова А.К. Методика обучения деловому немецкому языку студентов экономических специальностей, 2004, С. 21
5. Мусатаева М.Ш. двуязычная лексикография: тенденции и перспективы, Алматы: РИО ВАК РК, 2000, С. 203
6. Функционирование русского языка в Казахстане: вчера, сегодня, завтра, Алматы, 2005, С.248

Сүлейменова Қ.Қ.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
suleimenova\_8282@mail.ru**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ –  
ӘДЕБИЕТТІ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ**

***Аңдатпа.** Бұл мақалада жоғары сыныптар сабақтарында көркем әдебиетті талдау жолдары қарастырылған. Көркем әдебиетті оқытудың маңыздылығы қазіргі заманның мектептерінде ерекше міндеттердің біріне айналууда. Көркем әдебиет көп жағдайда мектеп оқушысының әдеби білімге деген талабын қанағаттандырады. Ол мектеп оқушысына сөйлеу типтерін, ойлау қабілетін сараптап, зерделеп таныстырады.*

***Аннотация.** В данной статье рассматривается анализ художественного литературы на уроках литературного чтения в старших классах. Значимость изучения художественной литературы возрастает, т.к. умение работать с информацией в современной школе рассматривается как особая задача. Она дает школьнику возможность познакомиться с рассуждением как типом речи, учит следить за логикой разворачивания мысли.*

***Abstract.** This article discusses the analysis of fiction in the classroom literary reading in high school. The importance of studying cognitive literature increases, because the ability to work with information in a modern school is considered as a special task. It gives the student the opportunity to get acquainted with reasoning as a type of speech, teaches to follow the logic of the unfolding of thought.*

Көркем әдебиетті оқуда жас оқырман өзінің шығармашылық ойлау қабілетін дамытып, сол оқыған туындысы негізінде ой-тұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Сабақ барысында, әдеби шығармаларды ұтымды талдау жұмыстарын жүргізу оқушылардың пәнді оқуға ынтыласын арттырады. Мектеп қабырғасында оқытылатын барлық пәннің ішінде әдебиет қана адам көңіл-күйінің кестелі суретін танытады. Әдебиет сабағы жеке тұлғаның рухани әлемін, ойлау қабілетін, сана-сезімін, тілін, шығармашылық қабілетін қалыптастыруда мектептік оқу пәндерінің арасында ерекше орын алады деуге болады. Сондықтан, балаға мектеп кезінен көркем шығарманы оқыту, талдатудың маңызы зор. Оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту ол бүгінгі цифрлік әуесқойлыққа тәуелділік дендеп бара жатқан мына заманда, өте қажет мәселенің бірі деп есептейміз.

Жалпы білім беретін мектепте әдебиетті оқыту әдістемесіндегі оқырмандық қабілетті дамытудың маңызды мәселеге айналуы да осы қажеттіліктен десек қателеспейміз. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі әдебиеттану, психология, педагогика ғылымдарымен сабақтаса, ұштаса отырып, олардың нәтижелерін арқау ету арқылы арнаулы ғылым саласы ретінде өз міндеттерін шешеді. Бұл қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің зерттеу нысанын, әдіс-тәсілдерін, қызметін, мән-маңызын, мақсат-міндеттерін айқындайды.

Ана тілі мен әдебиетімізді оқытудың әдістемесі жөніндегі ғылым тарихында Ахмет Байтұрсынұлының оқудың негізі білімді өз бетінше меңгеру екенін айтқан құнды пікірлері әлі күнге дейін педагогиканың өзекті мәселесі болып отыр. Бұл оқушының оқу әрекетіндегі субъектілік қызметін арттыру міндетімен үйлесімде болатынын көрсетеді. Оның «Тіл жұмсар» атты әдістемелік еңбегіндегі тұжырымды ойлары бүгінгі қазақ әдебиеті әдістемесінің де негізгі тірек бағалы пікірлеріне жатады. Өйткені, баланың білімді өздігінен алу жолдарын анықтау – әдістеме ғылымының басты қызметі мен міндеті. Бұл мәселелер А.Байтұрсынұлының «Баяншы», «Әлифба астары» сияқты әдістемелік еңбектерінде де мольнан айтылған. А.Байтұрсынұлының әдіскерлік пікірлері Мағжан Жұмабаев еңбектерінде жалғасын тапты. Ол баланы көркем әдебиетпен таныстыруға ерекше назар аударды. Ұлы ақын әрі ағартушы әдеби шығармамен жүргізілетін жұмыстардың жүзеге асырылуын бастауыш мектептен бастап мұқият дайындау керектігін айтып, өзінің «Бастауыш мектептегі ана тілі» атты әдістемелік еңбегін жазды. Онда ол төрт жылдық бастауыш мектептің әр жылына сәйкес ана тілі бойынша бала тілін дамыту үшін жаттығулар жүйесін жасап ұсынды. М.Жұмабаевтың сол кездегі жасаған жүйесі қазіргі әдебиеттік оқу курсына да негіз бола алатынын анық байқауға болады.

Ал, Жүсіпбек Аймауытұлы «Психология» атты еңбегінде қиялды дамытуға ауыз әдебиеті шығармаларының маңыздылығына ерекше тоқталған. Ол қиялдың құрастыру қызметі туралы: «Ойдағы нәрселерді құрастырмаймыз, сөйлеуші жануар, алтын балық, алтын алма, сүт, өзен, пері қызы, жалмауыз кемпіржасаймыз. Мұндай құрастырулар көбінесе, ертегілерде, діни кітаптарда кездеседі»[1. 152 б.] – деп пікір білдіреді.

Қазақ балаларының ұлттық болмысын барынша жан-жақты зерделеген ғалым бала қиялын дамытудағы ертегі кейіпкерлерінің рөліне назар аударады. Халық ауыз әдебиеті үлгілері балаға мейлінше жақын болғандықтан, сол арқылы бала қоршаған ортаны барлай алады, табиғаттың сиқырлы сырларын сезіне біледі, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы түсінік алады. Мұның өзі баланың жеке дара тұлға ретінде дамуына қажетті көркемдік, ізгілік қасиеттерді бойына жинауда халықтың рухани мұрасының құндылығын

қуаттайды. Қай жанрын алсақ та ауыз әдебиетінің тәрбиелік-білімдік мүмкіндігі сан алуан. Демек, ауыз әдебиеті үлгілерін жете талдап жеткізу – пән мұғалімінің парызы.

Шығарманы оқу шәкірттерге күні-бұрын тапсырылатыны белгілі. Өйткені, романды сынып оқушыларының түгелдей тұтас оқу мәселесі бүгінгі күн жағдайында, ақпараттық технологияның дамыған кезеңінде өте күрделі, өзіндік қиындығы бар нәрсе болып отырғаны баршаға мәлім. Әсіресе, «Абай жолы» секілді аса көлемді шығарманы оқуды тек 10-11 сыныпта ғана оқыту кештік етеді деп есептейміз.

Негізі, оқырмандық қызығушылықты арттыру жайы – әдебиетті оқыту үрдісіндегі ең өзекті мәселе болып есептеледі.

Шәкірттердің оқырмандық қабылдау қабілетін анықтау әдістері әртүрлі болуы мүмкін, олоқушылардың жас ерекшеліктері мен қандай көлемдегі, қандай мазмұндағы әдеби шығарма екеніне тікелей байланысты болмақ.

Оқушылардың шығармаға ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру мақсатында оның кей тарауларының мазмұнын оқытушының өзі айтуы керек деп ойлаймын. Әсіресе, қызықты эпизодтарын айтса, оқушы қызығып шығарманы міндетті түрде оқитын болады. Кейде мұғалімнің дұрыс ұйымдастырмауынан шығарманы оқымаған, не шала оқыған, не бас жағын оқыпкейінгі кітаптарын оқымаған оқушылар кездеседі. Осыны ескере отырып, кіріспе сабақта оқытушы барынша тұжырымды, мейлінше жинақы түрде шығармада қозғалатын дәуір тынысы, сонымен орайлас көтерілген мәселелердің ең бастылары, тұтас тарихы, этнографиясы туралы жан-жақты мәлімет беріп, әрбір кейіпкеріне оқушылардың қатысуы арқылы талдау жасағаны дұрыс.

Ал енді оқушылардың оқырмандық қабілетін дамытуды білім беру үрдісіндегі әдістемелік қырын саралап көрсек. Жалпы білім беретін қазақ орта мектептеріндегі негізгі пәндердің бірі болып есептелетін қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесінің қамтитын мәселелерінің ауқымы мектептегі әдебиет пәні сабақтары мен әдебиетке байланысты сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстар және базистік оқу жоспарының тұрақты (инвариантты) бөлігінен берілетін таңдау курстарынан, әдебиет сабақтарында мұғалім мен оқушының оқу-тәрбие ісіндегі өзара қарым-қатынасы арқылы орындалатын жұмыстардан тұрады.

Жалпы білім беретін қазақ орта мектептеріндегі «Филология» білім саласын құрайтын «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда жеке тұлғаның өзіндік мүмкіндіктеріне орай олардың үйлесімді дамуын және креативті ойлай алу қабілетін дамытуға, сөз өнері негізінде сөйлеу шеберлігін арттыруға ерекше мән беріледі. 10-11 сыныптардағы «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда тіл және көркем сөз өнері арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен прагматикалық қабілеттерін жетілдіру көзделеді. Әдебиетті оқып үйрену арқылы олар әлеуметтік өмірге бейімделіп, қоршаған орта, замана келбетін түсінуге қажетті білім-білік дағдыларды меңгереді. Көркем әдебиет қоғаммен бірге дамып, жетіліп отыратын ұлттық құндылық болғандықтан мектепте әдебиеттің діл қалыптастырушылық міндетіне баса назар аударылады.

Қай пәнді болмасын оқыту әдістемесі мен әдіснамалық ұстанымдар педагогика ғылымының оқу-тәрбие беру жөніндегі барлық теорияларына, оның дидактика бөліміне негізделеді. Дидактика мен әдістеме – өзара тығыз байланысты болғанмен, әр бөлек ғылым салалары. Әдістеме мен дидактиканың зерттеу нысаналары бір-біріне тығыз байланысты, бірақ бірдей емес. Дидактика оқу, білім, тәлім-тәрбие процестеріндегі теориялық мәселелер мен ережелерді, заңдылықтарды қарастырса, әдістеме осы ережелер мен заңдылықтарды тікелей жүзеге асыру үшін қолданылатын нақтылы әдістер мен тәсілдерді, оның тиімді де, сапалы жолдарын қарастырады. Ал әдіснама /методология/ болса, ол – осы әдіс-тәсілдердің жиынтығын ғылыми тұрғыдан қарастыратын ілім, яғни ол практика жүзінде іске асыратын арнайы әдістер мен тәсілдердің жиынтығын теориялық ережелер арқылы дәлелдейді және осы ережелерге қатысты басты ұстанымдардың түп қазығы, негізі болып табылады [2. 145 б.].

Оқыту үдерісі – пән мұғалімі мен оқушылардың бірлесіп жасайтын іс-әрекеттерін қамтитын екі жақты үдеріс. Оқыту үдерісі – білімді, біліктілік пен дағдыны меңгертеді, оқушылардың дүнетанымын, потенциалын, жеке қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс-әрекет. Оқу барысында білім алушының сана-сезімі, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық талғамы, тұлғалық қасиеттері қалыптасып дамиды. Бұл қасиеттер оқытудың психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерімен сабақтаста болуы шарт.

Оқытудың басты мақсаты, әдіс-тәсілдер, мазмұн, міндеттер негізінде қоғам талабынан туындайтын мәселелерді шешуге үйрету. Оқыту – таным үдерісі, яғни білім алушының білімге деген қызығушылығын дамытады.

Оқытудың міндеті – білім алушыны қоршаған ортамен және адам дамуының негізгі заңдылықтарымен қаруландыру. Оқытуда ғылым негіздерін оқып үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысу, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады. Яғни, оқыту – дамудың негізі. Оқыту тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін, демек біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Мұның мәнісі, жеке тұлғаға кешенді ықпал жасауды көздейді. Осы негізде, оқыту үдерісінің бірінші қызметі – оқушыларға білім беру. Білім беру, біріншіден, ғылым негіздеріне сай білім алушыларды нақты фактілермен, қағида және түсініктермен, заңдылықтармен қаруландыруды

қамтамасыз етсе, екіншіден солардың негізінде, айналасындағы әртүлі құбылыстарға олардың ғылыми көзқарасын қалыптастыру.

Екінші қызметі – тәрбиелеу. Оқыту барысында білім алушыларды теориялық білімдер жүйесімен қаруландырып, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып дамыту. Сонымен бірге оқыту барысында тәрбиенің мақсат, міндеттері және мазмұны мен тәсілдері анықталады. Демек, тұлғаға білім бере отырып, оны тәрбиелейміз, тәрбиелей отыра білім береміз. Сөйтіп, тәрбие үдерісі дұрыс ұйымдастырылған жағдайда оқыту барысында қолайлы ықпал етеміз, соның негізінде тұлғаның танымдық қызметі мен оқуға деген қызығушылығы артады.

Үшінші қызметі – дамыту. Оқыту барысында оқушыларға білім беру оларды тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл- ойы, сана - сезімі, шығармашылық қабілеті т.б. Көптеген тұлғалық қасиеттерінің дамуына біліктіліктері шындалып, қабілеттерінің артуына оң әсер етеді. Демек, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды (байқағыштығы, ойы, есі, қиялы, яғни психикалық үдерістері де қарастырылады) [3. 52 б.].

Қазақ әдебиеті сабақтарында эпикалық шығармаларды оқыту барысында мектеп оқушыларының оқырмандық қабілетін қалыптастыру олардың әдеби шығарманы көркемдікпен қабылдауын жан-жақты дамыту бағытында жүзеге асырылатын күрделі үдеріс. Оқушы-оқырмандардың оқырмандық қабілетін қалыптастыру, көркемдік қабылдауын дамыту ісі әдебиет сабақтарында орындалатын мұғалімнің негізгі міндеті болуы керек.

Кез келген өнер туындысын көркемдікпен қабылдау шығармашылық үдеріс. Оны әр қырынан қарастыруға болады. Бұл ретте аталған мәселені философиялық, эстетикалық, әдебиеттанушылық, өнертанушылық, психологиялық, әдістемелік, әлеуметтік, тағы басқа ғылымдар тұрғысынан қарастыруға болады.

Орта мектептің жоғарғы сыныптарында өтілетін әдебиет курсы тарихи-әдебиеттік ұстанымға құрылған. Мұнда қандай жанрдағы шығарма болмасын тарихтың белгілі бір кезеңіне тән қоғамдық дамудың нақтылы сыр-сипатынан, халықтың дәстүрлі мәдениетінің бай құнарынан бастау ала отырып, сол дәуірдің көркем картинасын көрсететіні белгілі. Осы ретте, жоғарғы сынып оқушылары әдеби білім арқылы халық тарихының шежірелі беттерін қоғамдық-әлеуметтік, көркем-философиялық, мәдени-эстетикалық болмыс-бітімімен көркем шығармалар арқылы танысуға мүмкіндік алады. Сондықтан осы мәселеге жету үшін әдебиет сабақтарында оқушы ойын бір жүйеге салу, оны жан-жақты оқыту мақсат етіледі.

Жоғарғы сыныптардағы әдебиет пәнінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде академик С.Кирабаев: «Әдебиет сабағы арқылы бала әдеби шығарманы оқып қана қоймайды, ол жөнінде ойлануға, оны түсінудің ғылыми принципімен танысуға мүмкіндік алады. Әдебиет пәні бойынша жасалған соңғы өзгерістердің өзі жеке шығарманы оқыту мен әдеби процестің дамуы жайындағы оқушы түсінігін ғылыми жүйеге салу болып табылады», – деп оқушының ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастырмай тұрып, әдеби туындыны ғылыми-танымдық, көркемдік-эстетикалық тұрғыда қабылдай алмайтынымызды ескертеді.[4.19 б.].

Мектеп оқушысының әдеби шығарманы қабылдауына, әдеби білімін тереңдетуіне құрылған сабақтардың да өзіндік жүйесі қалыптасқан. Олар әр сабақтың мақсат-міндеттеріне сай кіріспе сабақ, әдеби шығарманы талдау сабақтары, қорытынды сабақ болып жіктеледі.

Әдіскер ғалымдар көркем шығарманы қоғамдық-әлеуметтік, тарихилық, философиялық, көркемдік ерекшеліктері, дәстүрлі сабақтастық тұрғысында қарастырған жағдайда ғана шығарма турасында ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыруға, сонымен бірге, көркем туындыны бар қасиет құнарымен бойға сіңіруге, оқырмандық қабылдауды тереңдетуге болатындығын айтады. Бұл, әрине, –көркемдік таным-түсінігі мол, белгілі дәрежеде оқырмандық тәжірибесі қалыптасқан ересек оқырмандарға арналған жағдай. Соған байланысты көркем шығарманың ішкі, сыртқы табиғатын терең таныту, жан-жақты талдау, баға беру мақсатын көздейтін мұндай ауқымды үлгіні мектепте әдебиет пәнін оқыту ісіне еш өзгеріссіз, осы қалпында қабылдай салу мүмкін емес. Сабақта оқушылардың жас ерекшелігін, өмірлік, оқырмандық тәжірибесін, жекелік қасиеттерін бірінші кезекте игеруді міндеттейтін оқыту әдістемесі өтілетін шығарманың әдеби-әдістемелік жоспарын жасауда шәкірттерге берілетін білім көлемінің оқушының қабылдау мүмкіндігіне сәйкес болуына мән береді.

Мектепте әдебиет сабақтарындағы эпикалық көркем туындыны талдау сабағы ең алдымен образды-тұжырымдамалық немесе проблемалық талдауға құрылғаныжөн. Жазушы өз дәуірінің қырағы бақылаушысы әрі үні ретінде қоғам мен адамның арақатынасынан туындайтын тіршілік философиясына қаламгерлік көзқарас тұрғысынан баға беріп, ой қорытып, көркемдік өң беру арқылы ұрпақтар (оқырмандар) назарына ұсынады. Автордың әрбір шығармасында оның адамға деген жалпы көзқарасы, адамның өмірлік миссиясы, қоғамдық өмірдегі іс-әрекеті нәтижесінде байқалады. Олай болатыны жеке адам жөніндегі жазушы көзқарасы қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі жағдайлар арқылы қалыптасады.

«Эпикалық шығармаларды проблемалық немесе образды-тұжырымдамалық талдау арқылы әр жазушының адам жөніндегі жалпы көзқарасын айқындай білуге үйрету оқушылардың шығарма кейіпкерлеріне жаңаша қарай білуіне, көркем туындының идеологиялық бағытын жедел аңғара алуына, жазушы стиліне тереңдей енуіне мүмкіндік береді»-, [5. 187б.]. деп, профессор Б.Сманов көркем талдаудың

стильдік, тақырыптық жағына назар аударады және бұлардың оқырманды қызықтыру үшін үшін маңызды екендігін дәйектейді. Эпикалық шығармаларда айтылатын негізгі мәселенің бағыт-бағдары, мазмұнының әдеби нормаға сай келуі оның тақырыбына байланысты болады. Тақырып – шығарма мазмұнының өзегі, негізгі құрылысы ретінде қоғамдық өмірдегі, қоршаған ортадағы құбылыстарды суреттейтін көркемдік шындық.

Мектепте жоғарғы сынып оқушысының көркем шығарманы қабылдау қабілетіне бастауыш және орта буындағы жас шәкірттерге қарағанда күрделірек міндет жүктеледі. Ғалым Т.Қ.Ақшолақов: «Жоғарғы сынып оқушыларының шығарманың формасын, тілін, стильдік ерекшеліктерін дұрыс оқып үйренуі олардың көркем туындының эстетикалық мәнін түсінуге, яғни әдебиеттің өнер ретіндегі қадір-қасиетін түсінуге де негіз болады», – деуі әрбір қалыптасқан оқырманның негізгі міндеті – көркем шығарманы эстетикалық тұрғыда қабылдау мәселесіне оқушылардың жоғарғы сыныптарда аяқ басатындығын айрықша атағаны болып табылады[6.125б.]. Жоғарғы сыныптарда эпикалық шығармаларды талдау сабақтарында көркем туындыны оқып-үйренудің әдеби-әдістемелік жоспарын жасау, осы жоспарды басшылыққа ала отырып, шығарманы оқушылармен бірлесе талдап шығуда мұғалім оқушының көркем дүниенің эстетикалық мән-маңызын түсіне білуіне ерекше назар аударады.

Сабақта эпикалық шығарманы талдау жұмысын бастарда талдауға қажетті көркемдік-құрылымдық материалдарды (тараулар, көріністер, әрқилы ситуациялық жағдайлар т.б.) іріктеп алу жұмыстары орындалады. Бұл жұмысқа оқушылардың өзі тікелей қарастырылады. Өйткені, бұлай ету оқушылардың өздері үшін пайдалы. Себебі, осындай дайындық жұмыстары арқылы оқушылардың бойында талдау түрін алдын ала білу, соған орай, көркемдік материалдарды іріктей білу қабілеті меңгеріледі. Ұстаз шәкіртін оқырмандыққа тәрбиелеу үшін оқушыға ең қысқа жолды іздейтіндіктен шығарма талдаудың ең ұтымды үлгісін таңдайды. Мұндайда көбінесе оқушы-оқырмандардың автор ойының даму логикасын, шығарма мазмұнының эволюциясын көре білулеріне ерекше назар аударылады. Көркем шығарманың өн бойына желідей тартылған авторлық ойды оқушының қаншалықты дәрежеде түсінгендігі сұрақ-жауап әдісі арқылы байқалады, бақыланады.

Жалпы білім беретін мектептегі оқу пәндерінің жетекші критерийлерінің бірі-оның білім мазмұнының тәрбиелік, өнегелік мәні болса, қазақ әдебиетінің білім мазмұнының негізгі құрамдас бөлігі болып саналатын эпикалық шығармалар оқушылардың дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын қалыптастырудың, өзін-өзі жүзеге асыруының құралы ретінде көрініс табады. Оқушының әдеби білім негіздерін меңгеруі оның оқу әрекетіндегі субъектілік қызметімен байланысты екендігі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің көшбасшысы болған А. Байтұрсынұлының «оқудың негізі- баланың өзбетінше білім алуы» деген пікірімен сабақтастырып жатса,[7. 125 б.]. М.Жұмабаев «баланы сұлу әдебиетпен етене жақын таныстыруға» аса мән берген. Бұл айтылған пікірлерді қазақ әдебиетін оқытуда оқырмандық қабілеттерді қалыптастырудың бастамасы деп түйіндеуге болады. Өйткені, өзбетінше білім алу, әдебиетпен жақын танысу оқушының бойындағы барлық қабілеттіліктердің дамуына ықпал етеді. [8. 25 б.].

Қазіргі жаһандану жағдайындағы мәдениетарлық байланыстар, оқыту үдерісіндегі инновациялық әдістер және білім мазмұнының интеграциялануы мектептегі оқу пәндерінің адам дамытушылық, тұлға қалыптастырушылық әлеуетін айқындай отырып, сол пәндерді оқытатын мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен кәсіби құзіреттілігінің жоғары болуын талап етеді. Өйткені, кез келген пәннің білім беру жүйесіндегі орнын таныту, оқыту мақсат-міндеттерін жүзеге асыру, сол пәнді оқытатын мұғалімге байланысты екендігі анық. Сол себепті де әдебиетті оқыту арқылы оқырмандық қабілеттіліктерді дамытуда пән мұғаліміне үлкен жүк артылады. Білім берудің ұлттық моделіне көшіп отырған қазіргі мектепке прагматикалық ойшыл, жанашыл зерттеуші, интербелсенді оқытуды шебер меңгерген, педагогикалық үйлестіруші іскер мұғалім қажет.

Негізгі орта мектепте әдебиеттен берілетін білім көлемі оқушылардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түседі. Бұл буында көркем туындыдағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен сюжеттік оқиғалардың ара қатынасын айқын ажырата білу, әдеби бейненің мақсат-мұраты, адамгершілік әлемінің ерекшеліктеріне мән беру, шығарманың композициялық құрылымы мен ондағы көркемдегіш құралдарға, әдеби-теориялық ұғымдарға зер салып, олардың атқаратын қызметін байқауға үйренеді. Ал, жоғарғы буын берілетін әдеби білім беру жинақтаушы, қорытындылаушы саты, мұнда оқушылардың психологиялық дамуының жекелік сипаттары қалыптасады, сондай-ақ олардың шығармашылық ойлау дағдылары жүйеленеді. Сондықтан олардың көркем шығарманы қабылдауында да жас ерекшелігіне қарай танымдық-тәрбиелік, дамытушылық білік-дағдылар орын алады. Жоғарғы сынып оқушылары әдеби шығарманың болмыс-бітімінен, ондағы суреттелген құбылыстардың түпкі себептері мен нәтижелерін, тарихилық сипатын танып, қоғамдық-әлеуметтік астарларын қарастырады. Жазушының стилін байқауға, оның адамтанушылық бағытын аңғаруға, шығармашылық көзқарастар жүйесінің әдеби туындыда қаншалықты және қалайша көрініс тапқандығына назар аударады. Сондықтан оларда шығармаға толық ену, кейіпкермен етене жақындасу, өзің сол кейіпкер келбетінде қабылдау іс-әрекеттері орыналады, сөйтіп оқушыда қызығушылық, көркем шығармаға деген қызығу туындайды. Қызығудың оқушылардың оқығанын ұғып

алуына ықпалы зор. Егер қызығу болмаса, онда жалпы танымдық қабілеттері де дамымайды

Бүгінгі таңда жоғары сынып оқушыларының эпикалық шығармаларды оқу белсенділігі, оқырмандық қызығушылықтарының мен мәдениетінің төмендеп кетуі жеке адамның ғана мәселесі емес, бұл – қоғамдық-әлеуметтік құбылыс. Бұған мына себептерді жатқызуға болады: қоғамдық-әлеуметтік саладағы өзгерістердің қарқындылығы; жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық байланыстардың ықпалы; интернеттің пайда болуы, дамуы; ақпараттық құралдар әсерінің күшеюі; кітап оқуға деген көзқарастың өзгеруі; отбасылық құндылықтардың субмәдениетке бейімделуі; меткептегі әдебиетті оқытуда көркем шығарманы оқуға қызықтыратын әдіс-тәсілдердің дұрыс қолданылмауы; оқырмандық қабілетті қалыптастыратын мақсатты жүйенің болмауы және т.б. Көркем шығарманы оқу дегеніміз - кітаптың мазмұнымен танысу, автордың ойын ұғыну, кейіпкерлермен етене жақындасу және өздігіңнен ойлану, жинақталған ой-пікірді өзіңнің қажетіне жарату, әдебиеттік оқу арқылы сабақ алу. Мұны ежелгі грек ойшылы Конфуций ойланбай оқуды – бекер еңбек; оқымай ойлаудың – қауіптілігімен түсіндірген. Қазіргі оқушылар көркем шығармаларды оқуға онша ықыласты емес, олардың ойынша барлық оқу материалдарын интернеттік желілерден табу оңайырақ және тиімді. ХХІ ғасырдың технология ғасыры екендігі дау тудырмады, бүгінгі қоғамда технологияларсыз өмір сүру де мүмкін емес, дегенмен, рухани құндылықтарды технологияның алмастыра алмайтыны да ақиқат. Қазіргі инновациялық қоғамда оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін, коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту, функционалдық сауаттылығы мен прагматикалық қабілеттерін жетілдіру бағытында жасалатын әдістемелік жұмыстар мектептегі оқу пәндерінің аясында жүзеге асады. Осы ретте адамның ішкі сезіміне әсер етіп, өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі бағалауына мүмкіндік беретін әдебиет сабақтарының рөлі зор.

Қазақ әдебиетін оқып үйренуде оқушылар көркем шығармаларды сауатты оқу және талдауды және өз шығармашылығында әдеби тілді сауатты қолдана білуді меңгереді. Аталған пәнді оқытуда мемлекеттік білім стандартында белгіленген білім мазмұны және оқушылардың білім, білік, дағдылары мен құзыреттілік түріндегі күтілетін нәтижелерге жету талаптары басшылыққа алынады. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты - қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында өзіндік белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби туындыда бейнеленген құбылысты көркем қабылдауға қажетті білім, білік, дағдылармен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған, білімді, құзіретті дара тұлға қалыптастыру. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқуда оқушылар көркем шығармалардың табиғатын таныту, оның мазмұндық-құрылымдық сипаттарын ажырата білу және әдебиеттің сөз өнері ретіндегі құдіретін дәйектей алу дағдыларын игереді, сөйтіп мектепте әдебиетті оқыту қазақ әдебиеті бойынша біртұтас жүйелі білім негіздерін меңгеруге құрылады.

Ал бүгінгі қоғамда болып жатқан өзгерістерді талдап-тану, оның мәдени-рухани, технократиялық дамуының дәрежесін айқындау, болашақ көкжиегін белгілеу өткеннің тәжірибесін зерттеп-білу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бұл біз өмір сүріп отырған қоғамның жасампаз азаматтарын жалпы адамзаттық игіліктер рухында тәрбиелеуге арналған педагогика ғылымы мен жекелеген салаларының тарихи-әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне, оның дамуына да тікелей байланысты. Әрбір адамзат баласы халықтың дәстүрлі мәдени мұраларынан нәр алып, оның озық та өміршең қағидаларынан үйренеді. Соның нәтижесінде ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның даму үдерісіне еркін араласады. Олай болса, әдеби мұраларға деген рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін әрбір жеке адамның оған қызығушылығын туғызу керек, оның көркемдік қабылдау қабілетін тәрбиелеу қажет. Басқа да педагогикалық-психологиялық құбылыстар сияқты әдеби шығарманы, ондағы авторлық идеяны көркемдік қабылдау қабілеті мәселесінің де ондаған жылдар бойғы қалыптасып-даму, өзіндік өркендеу тарихы бар.

Жоғары сынып оқушыларының көркемдік қабылдау қабілетінің ішіндегі ең күрделілерінің бірі – оқырмандық қабілет. Қазақ руханиятында да бұл мәселеге ежелден назар аударылған. Айталық, қазақ халқының ұлы ойшыл-ақыны Абай «Он бесінші қара сөзінде»: «Әуелі – пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адаморынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойласа көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өмірдің өкініші де жоқ болады екен...» – деп, «орынды іске қызығу», «құмарланып іздеу» адамның өмірдегі өзінің мақсатына жетуіне себепші болатындығына ерекше назар аударады.[9.170 б.].

Ал халқымыздың тұңғыш ағартушы педагог-ғалымы Ы.Алтынсарин Н.И.Ильминскийге жазған хатында өзі құрастырған оқулықтарының ең алдымен жас шәкірттердің оқырмандық қабілетін дамытатындай, қызығушылығына жауап бере алатындай, кітапқа, көркем туындыға құмартатындай деңгейде болуына айрықша мән беретіндігін атайды: «Қазақ балаларына менің де мағыналы анекдоттар, жұмбақтар, ойына ой қосатын әңгімелер, немесе оларды қызықтыратын мысалы, жібек құртының көбелектерінің өзгерулері сияқты, құндыздың өзіне үй салып алатыны сияқты әңгімелер тәуірірек болады. Өлең жағын мен, мүмкін болғанынша, қазақ өлеңдерінің арасынан іріктеп аламын. Екінші кітабымды мен



балаларға қызықты етіп, табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарихи және теориялық ғылыми әңгімелер келтірмекпін», - дейді ол сол хатында [10. 12 б.].

Мектеп жасындағы жас жеткіншектердің оқу-білімге деген талабы олардың қызығушылығын оятып, оқырмандық қабілетін тиісті дәрежеде тәрбиелеген жағдайда ғана белгілі бір нәтиже беретіндігіне халқымыздың ағартушылары кезіндебаса көңіл бөліп, ағартушылық бағыт-бағдар берген еді. Кітап оқуға құмарлық, оқырмандық қабілет пен оған қызығушылықтың оқу-білімдіменгеруде маңызды рөл атқаратындығы әсіресе, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев еңбектерінде арнайы қарастырылады.

As a result of our experiment, we were able to apply elements of critical thinking in a foreign language lesson. However, the development of critical thinking cannot be developed overnight, it is a process and as such there are many steps that need to be taken. Inclusion of critical thinking in the lesson plans is the provision of quality learning to students.

**CONCLUSION.** Critical thinking requires active and interactive learning. It does not tolerate passive learning. In our experience, students tend to learn better by actively interacting with each other in specific academic content, especially when critical thinking is used in comparing their views and ideas, in evaluating arguments, in researching intellectual tasks. Students who practice both communication skills and critical thinking are involved in interactive assignments, and accordingly have a better chance of improving their self-awareness, understanding their capabilities and, consequently, improving themselves. Ultimately, each training and learning context provides the teacher with some ideas for reflection that he has to handle, applying his own critical thinking in developing the lesson plan.

### **References:**

1. Cluster D. What is critical thinking? [Electronic resource]/Access mode: <http://testolog.narod.ru/Other15.html>.
2. Halpern D. *Psychology of critical thinking*. - St. Petersburg: Peter, 2000
3. Brookfield Stephen (1987). *Developing critical thinkers: challenging adults to explore alternative ways of thinking and acting*. ISBN 9781555420550.
4. Voevoda E.V. *Critical thinking as a cultural phenomenon* / E.V. Voevoda // *Language and communication in the context of culture: Collected papers on the materials of the 7th International Scientific and Practical Conference, May 21-22, 2012* / otv. Ed. S.V. Lobanov, E.V. Governor. - Ryazan: RSU them. S.A. Yesenin, 2012. - P. 120-126.
5. Tulasynova N.Yu. *Development of critical thinking of students in the process of teaching a foreign language*. Abstract of diss. ... Ph.D. - Yakutsk: Publishing House of YSU, 2010.
6. *Strategies for critical thinking*. [Electronic resource]/Access mode: <http://www.criticalthinking.org/pages/strategy-list-35-dimensions-of-critical-thought/466/>.
7. Khamzina B.E., Kostangeldinova A.A., Konurova-Idrisova Z.K. *Development of critical thinking of students in the process of studying at a higher educational institution*, Vestnik EAGI, No. 3, September 2014.

**Нұрланова Улмира Нурланқызы**  
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті,  
ҚР дизайнер одағының мүшесі аға-оқытушы

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДИЗАЙН САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

***Түйін.** Инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолдану тұжырымдамасы жаңа заман қоғамының білікті мамандарды даярлауға байланысты қойып отырған талаптарына және педагогика ғылымының болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудағы жетекші қағидаларына негізделеді. Бүгінгі таңда оқу орынның оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдалану тиімді.*

***Кілт сөздер:** инновация, педагогикалық технология, инновациялық ағын, новация, педагогикалық технология*

***Резюме.** Инновационная концепция дизайна использования уроков современного общества, требованиям, установленным в связи с подготовкой квалифицированных специалистов и базируется на принципах профессиональной подготовки будущих специалистов педагогических наук. Сегодня в университете для того, чтобы улучшить процесс обучения и эффективному использованию инновационных образовательных технологий.*

***Ключевые слова:** инновации, образовательные технологии, инновационные струи, новация, образовательные технологии*

***Summary.** Innovacionnaya concept design Usage wrokov modern society, trebovaniyam Communication wstanovlennim podgotovkoj kvalificirovannix specialistov and is based on principax Professionally podgotovki bwdwşçix specialistov pedagogiçeskix Sciences. Today the university in Togo, to wlwçşit process obucheniya effektivnomw ispolzovaniyu Innovation obrazovatelnix technologies.*

***Keywords:** innovation, educational technology, innovative jet, strategies, educational technology*

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Білім беру реформасы-Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», - деуі, оның жүзеге асырылуы оқытушылардың сапалы даярлығында және олардың өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауын баса көрсетіп отыр. Осындай жаңа талаптар негізіндегі дайындық ұстаздардың жоғары шығармашылық шеберлігі мен адамдық ресурстарды тиімді пайдалануы нәтижесінде ғана жүзеге асады [1].

Жоғары оқу орындары да басқа басқа құрылымдар сияқты қоғамдық қатынастарда жұмыс істегендіктен, оның жағдайы көптеген сыртқы факторлармен, әлеуметтік ортамен қарым – қатынасының сипатымен анықталады. Қоғамымыздағы өзгерістер оқу орындары жүйесіне де елеулі жаңалықтар әкелді. Соңғы уақыттағы демократиялық жаңарулар тәрбиешілердің, педагогтардың және әдіскерлердің шығармашылық қызметіне заңды түрде еркіндік берді. Педагогтардың алдында мектепке дейінгі мекемелердегі жаңа заманның мақсаттары мен сұраныстарына жауап беретін, жоғары деңгейде баланың жан – жақты дамуына әсер ететін технологияны таңдау міндеті тұрды.

**Зерттеу мақсаты:** Инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн сабақтарында қолдануды теориялық тұрғыдан негіздеу, оқыту бағдарламасы мен әдістемелік нұсқауларын жасау және оны тәжірибелік эксперименттен өткізу. Осындай тарихи кезеңде адам мен мемлекеттің қарым–қатынасының мәні өзгерді. Нарықтық жағдайда ол жеке тұлғаның мүддесі мен қажеттілігінің өсуіне қызмет етуге бағытталды. Жоғары оқу орындары адамзаттың сұраныстарынан қалмауға тырысады, оқыту мен тәрбиенің қиындығы мен қайшылықтарын алдын–ала білуге ұмтылады, сонымен бірге білім беру жүйесінің дамуына қоғамдық мүдделер негіз болады. Қоғамдық мүдделер мен қажеттіліктер әлеуметтік тапсырыс құрайды.

**Зерттеу нәтижелерін:** Инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн сабақтарында қолданудың негізгі бағдар-оқышының өзін-өзі таныту мүмкіндігі мен жаңа инновациялық технологияларды игерудегі даралығын ашу, оқуға талабын және білігін қалыптастыру, яғни оқытудың келесі сатыларына қажетті танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Инновациялық мектептердің пайда болуы студенттің жеке тұлғалық, танымдық, ойлау белсенділігі түрлі қызметтерде өздігінен проблемаларды шеше алатын сапасы жаңа талаптарды ұсынады. Бұл өз кезегінде білім беру үрдісінде жаңа технологиялармен жұмыс істеу бағытының өзгеруін қажетсінеді[2].

В. Щетинин мен Н. Хроменков білім алудың ең басты мақсаты мен құндылығы – адамдардың білімге, біліктілікке, дағдыға деген қажеттілігін қанағаттандыру оның рухани күштерінің жетілуі мен

кабілеттілігінен және жеке тұлғаның шығармашылық әлеуметтілігі мен қоғамдық дамудан тұрады деп атайды. Әлеуметтік тапсырыс беруші қоғамның барлық мүшелері: балалар, ата – аналар, әлеуметтік топтар мен сыныптар, мекемелер мен өнеркәсіптердің мүддесі білім мен тәрбиені жүзеге асырудың құралдарын, нысандары мен мақсаттарын анықтауда және осы саланы жетілдіруде негізге алынады, яғни елдегі білім берудің дамуы туралы мәселе әлеуметтік тапсырысқа сәйкес шешіледі.

Білім беру мәселесін қарастыра отырып, білім берудің әлеуметтік тапсырысын шартты түрде: қоғамдық, аймақтық, ұжымдық және даралық деп 4 түрге бөлді. Қоғамдық тапсырыс жеке тұлғаның жан – жақты дамуында білімге деген қажеттілігінің дамуының әр кезеңінде объективтілігімен анықталады. Ол білім беру ісінің барлық салаларының әлемдік дамуына бағытталған. Аймақтық тапсырыс бірқатар шарттардың ықпалының нәтижесінде әлеуметтік, мәдени, экономикалық, ұлттық, демографиялық және басқа да аймақтық ерекшелік негізінде қалыптасады.

Білім беруде жаңа тапсырыстар педагогикалық бірлестіктерде, ғылыми – зерттеу зертханаларында пікірталас, түрлі көзқарастарды салыстыру, мақсаттарды жетілдіру құралдарының негізінде туындайды және адам туралы ғылымның кешенді талдамаларының жетістіктеріне сүйенеді. Сонымен білім беруге әлеуметтік тапсырыс кең қоғамдық пікірдің негізінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының «білім туралы» заңының 8 тарауында көрсетілгендей, білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, халықаралық ғалами коммуникациялық байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Ал қазір қоғамдық сұраныстарды жоғары деңгейде қанағаттандыруға бағытталған.

Білім беру жүйесіндегі жаңалықтарды түсінуде және ынталандыруда «жаңа», «жаңалық», «жаңа енгізулер» немесе «инновация», «инновациялық үрдіс» категорияларына ерекше көңіл бөлінген. Бұл мәселе К. Ангеловский, В. Ляудис, В. Загвязинский, Л. Подымова, М. Поташиник, В. Слостенин, Н. Юсуфбеков сияқты ғалымдардың еңбектерінде кеңінен баяндалған.

С. Ожегов сөздігі «жаңа» сөзіне төмендегідей анықтама береді: бірінші рет туындаған не жасалған; көненің орнына келген, жақында пайда болған немесе туындаған, қайтадан ашылған; жақында өткен, не осы кезге байланысты; аз белгілі. Берілген анықтама «жаңаның» анықтамасының сипаттамасын «бірнеше туындаған», әсіресе «қайтадан ашылған», бұрыннан белгілі «ескінің» элементі ретінде айтады.

В. Загвязинский көзқарасындағы педагогикадағы «жаңалық» - бұл тек ұсыныстар, тәсілдер, технологиялар емес, бұл элементтердің «кешені» немесе педагогикалық үрдістің бөлек элементтері, олар өздерінде үдемелі бастамаларды құрайды. Сонымен «жаңалық» бұрынғы белгіленген синтезін құраса да, үдемелі жүйеге әкелуі керек екендігін танытады.

Педагогикалық сөздікте Батыс елдерінде ХХ ғасырдың 50 – жылдарының аяғында, ал біздің елімізде соңғы онжылдықта қолданыла бастаған «инновация» түсінігі кейде «жаңаны енгізу», «жаңалық» түсініктерімен қосылып айтылады[4].

**Талқылау:** Шындығында, «инновация» (латынша *inb–novus*–жаңашылдық) көптеген ғалымдар мен педагогтардың пікірінше, «жаңалық енгізу» болып табылады. М. Поташкин барлық түсініктерді талқылай келе: «...жаңалық енгізу–бұл құрал (жаңа әдіс, әдістеме, технология, оқу бағдарламасы және т.б.), ал «инновация» - бұл осы құралдарды игеру үрдісі» деп анықтама береді.

«Инновация» термині өзгерістердің жағымды және белсенді сипаттамасын, олардың әлеуметтік қажеттілігін бейнелейді. Педагогикалық инновациялардың екі ерекшелігі бар. Олардың біреуінің қызметінің объектісі дамытушы, баланың жеке тұлғалық қайталанбас «менін» иеленген. Үрдістің басқа ерекшелігі: оның орталық фигурасы болып инноватор педагогтің тұлғасы болады, оның даралығы жаңалықтың тиімділігіне тәуелді.

«Жаңашыл» сөзі орыс тілінде–жақсартушы, «жаңаландырушы» аналогында мағынасы бар. Бұдан шығатын қорытынды: жаңашылдық–бұл бұрыннан бар нәрсеге жақсартулар, өзгерістер енгізу. Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» психологиялық –педагогикалық әдебиетте ең көп таралған және қолданылатын ұғым. Енді біз дизайн пәнін оқытудағы инновациялық технологияларға шолу жасайық. «Инновация» дегеніміз- жаңа мазмұнда ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз- тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни инновациялық процесті мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтайды, «ал жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілімен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз. Зерттеу барысында біздің анықтағанымыз, инновация ұғымы ең алғаш ХІХ ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінен пайда болғанын, яғни бір ел мәдениет элементтерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл ұғым этнографияда әлі күнге дейін сақталған[2]. Инновация термині педагогика теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Бірақ бұл терминнің белгілі бір педагогикалық категория ретінде әлі де қалыптасу үстінде екені анық. Сондықтанда біз инновация ұғымын толық пайымдау үшін, оның тарихи даму



деректеріне шолу жасағанда жөн көрдік. Педагогикалық инновация мәселесін жан-жақты талқылап зерттеушілердің бірі- Югославияның педагог-ғалымы К.Ангеловски.

К.Ангеловски мұғалімнің жаңашылдығына қандай әлеуметтік факторлар әсер етеді, жаңашылдыққа мұғалімдердің көз-қарасы қандай, оның мұндай іс-әрекетке қатысуы немен белгіленеді деген сұрақтарға жауап іздейді («Учителя и инновации» деген еңбегін айтуға болады). Ғылыми-педагогикалық зерттеу барысында біз «инновация», «инновациялық іс-әрекет», «инновациялық әдіс-тәсілдер», «инновациялық процесс» деген түсініктерге зерттеушілердің берген анықтамаларын келтірдік. Егер Э.М.Роджерс, инновацияны жаңа болып табылатын идея ретінде қарастырса, неміс ғалымдары инновацияны жаңа құралдарды ендіру мен пайдалану мақсатындағы өзгерістер деп түсінеді де оны процесс ретінде қарастырады. Профессор Л.В.Левчук «Инновациялық білім беру жалпы қоғамдағы жеке адамның қызметінің жаңа түрін жобалайтын, оны жүзеге асыруға жағдай жасайтын білім беру қызметінің процесі мен нәтижесі», - деп түсіндіреді [2].

Л.Н.Шилова өз зерттеулерінде: «Инновация-белгілі әлеуметтік ортаға, ұйымға, қоғамға, топқа жаңа, тұрақты өзгерістер енгізу», - дейді [5]. Ол «Инновация» термині педагогикаға лингвистикадан келген, ол «жаңалық енгізу» дегенді білдіреді, -деп көрсетеді.

Студенттермен өтілетін дизайн сабақтарында, оқу үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану мақсатында осы заманға сай Corel draw, Photo-paint, 3d max, т.б. бағдарламалар қолданылуда. Соның бірі Corel draw – бұл векторлы бейнелерді жасаудағы үлкен мүмкіндіктері бар қазіргі заманға ең танымды жаңа бағдарламаның бірі болып табылады. Corel draw бағдарламасында контурларды әртүрлі және қолайлы басқару шаралары бар, сондай-ақ мәтінмен жұмыс істеу құралдары жоғары дамыған.

Бағдарламаны меңгере отырып керек нәтижеге жеткізген жеңілдік өзіңізді тандандыруы мүмкін. Контурларды құрастыру және басқарудың ойлап табылған құрал-саймандар жүйесі, олардың трансформациясының қарапайымдылығы, топ ішінде объектімен жұмыс жасауға болатындығы, біріктірілген контурларды жасаудың жеңілдігі, «тірі» геометриялық пішіндердің болуы, сонымен қатар графиктермен сызбалар тұрғызу үшін арнайы саймандарды пайдалану мүмкіндігі міне осылардың барлығы керекті объектіні жасауға көп көмегін тигізеді. Сізге өз ойларыңызды іске асыру үшін әр қилы жолдарды іздей отырып, бағдарламаның шектеулері мен күресудің қажеті жоқ, оның орнына өз күштеріңізді шығармашылық тапсырмаларды шешуге жұмсайсыз. Бояу және мөлдірлілік Corel draw-та әртүрлі, ал оларды басқару жұмыстары түсінікті болып келеді. Біріңғай және градиентті бояулардан бөлек, аралас, фронтальді және бояулар бағдарламада көптеп кездеседі. Үлкен жобаларды жасау кезінде бояулармен түстердің кітапханасын қалай қолдануға болса, солай шаблонды да қолдануға болады. Салынған суреттің нәтижесі арнайы ерекше әсер береді, оларды атап айтқанда- жартылай мөлдір, жұмсақ нәзік көлеңке, болжаммен алынған қажаулар, объектінің сыртқы нобай сызығының орналасуы, дайын объектіні арнайы құрал-саймандармен бояу т.с.с. Corel draw бағдарламасы векторлы графиктерді тұрғызуға арналған бағдарлама болғандықтан, бағдарламаны кез-келген сурет салуда талап жағдайда қолданған жөн. Жоғарыда аталған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, киімнің композициялы шешімін табуды, киімді көркемдеп сәндеу, қандай да бір бұйымның эскизін тұрғызу және адам тұлғасын салу сияқты мәселелерде шеше аламыз. Дегенімен уақыт өткен сайын Corel draw және де басқа да бағдарламалардың жаңа жетілген түрлері қолданысқа еніп жатыр.

Қаралып отырған ұғым әр түрлі болып түсіндіріледі: кейбіреулері бұл ұғымды оқу мен тәрбиенің жоғары жетістіктерін бағалау құралы десе, екіншісі бұл категорияға жаңа педагогикалық технологияға өту және құру – бұл болашақ ақпарат өркендеу алдындағы білім беруге қойылған міндеттер мен өзекті шешімдердің заңды құбылысы деп көрсетеді. «Педагогикалық технология» ұғымы алғаш рет АҚШ–та енгізіліп, әр түрлі түсініктер берілген.

С. Смирнов анықтамасы бойынша «методика» немесе «форма» оқу ұйымдарында синоним ұғымдар (бақылау жұмысын жазу технологиясы, топтық қызметті ұйымдастыру технологиясы, қарым-қатынастар технологиясы және т.б.) ретінде көрсетілген. Бұл түсіндірулер бастапқы «технология» ұғымын аша алмайды. Берілген ұғымдарды салыстыра талдау Л. Шкутина, М. Танасейчуктің жұмыстарында көрсетілген.

«Білім беру технологиясы» - кең ұғым. Бұған әр түрлі оқу технологиялары тарапынан педагогикалық технологиялар енеді. Педагогикалық технология өзіне әр түрлі ғылым мен тәжірибенің әр саласында таралған мамандандыру технологияларын біріктіре алады, оларға жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық, т.б. жатады.

**Зерттеу әдістері:** Оқыту технологиясы – бұл жақын ұғым, бірақ «педагогикалық технологиямен» тепе – тең келмейді, өйткені, ол педагогикалық технология таңдаған мәселелер, тақырып, пәндерге

белгілі шеңберде нақты түсініктерді игерудің жолдарын көрсетеді. Оқыту технологиясы вариативті және жеке әдістерімен туыстас.

Б. Лихачев «педагогикалық технология» - оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтайтын арнаулы құралдар жиынтығы деп жазса, Г. Селевконың түсініктерінде «педагогикалық технология» үш түрлі аспектілермен көрсетіледі:

- оқыту әдістері мен педагогикалық үрдістерді жобалау және мазмұндау мақсаттарын талдайтын әрі зерттейтін педагогика ғылымының бір бөлігі;
- оқытудың жоспарланған нәтижеге жету көздері мен әдістері;
- педагогикалық құралдар мен әдістемелік, аспаптық, технологиялық үрдістерді жүзеге асыру.

Г. Селевконың «Қазіргі заманғы білім беру технологиясы» кітабында білім беру технологияларын кең түрде қарастырған. Атап айтқанда, олар төмендегідей.

- Жеке басты педагогикалық үрдістерге бейімдеу;
- Материалдарды қайта жасау мен дидактикалық жетілдіру;
- Жеке пәндердің педагогикалық технологиясы;
- Табиғаттану технологиясы;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Баламалы технологиялар;
- Авторлық мектеп педагогикалық технологиясы;
- Оқушылардың белсенділіктері мен шығармашылықтарына негізделген педагогикалық технология;

- Оқу үрдістерін ұйымдастыру және басқару тиімділіктері негізіндегі педагогикалық технология.

Оқыту технологияларын сабақта тиімді қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға өз әсерін тигізеді. Тек олардың ерекшеліктеріне, мән – мағынасына қарай таңдап, қолдана білсек, ұтарымыз көп.

Инновациялық білім беру технологиясы дизайн сабақтарында білім берумен байланысты. Қазіргі кезде әлемдегі жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды да анықтауда. Техника мен ғылым көлемінің ұлғая түсуі мектептегі білім беру мазмұнынан қайта құру және оқу – тәрбие орындарының іс - әрекет қағидаларын қайта қарауға, әсіресе мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келді. Бүгінгі таңда оқу орынның оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр. Мұның өзі аталған мәселенің теориялық негіздемесін жасау қажеттілігін туындатады. Сондықтан біз оқытудың теориясы мен практикасындағы зерттеліп отырған проблеманың жағдайына талдау жасауды «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымына нақты түсінік беруден бастағанды жөн көрдік. Зерттеуде ең алдымен «инновация», «педагогикалық технология» ұғымдары жөнінде анықтамалар жүйеге келтіріліп, «инновациялық білім беру технологиялары» ұғымы мазмұндық жағынан қарастырылды.

Инновациялық динамика жаңа білімдердің техникалық немесе әлеуметтік шындыққа айналуының логикалық реттелген технологиясын танытып, жаңа білімнің тауар немесе қызмет көрсету үлгісіне айналу сатыларын білдіреді.

Педагогикалық инновациялардың феноменологиясы «инновациялық ағын» ұғымын енгізеді. Бұл ұғымға педагогикалық жаңалықтарға деген дұрыс қатынасын білдіретін мұғалімдердің түрлі сипаттағы қызметтері енеді. Жаңашыл педагог – жаңа педагогикалық жүйенің авторы, яғни өзара байланысты идеялар мен тиісті технологиялардың жиынтығының авторы.

Сонымен қатар зерттеушілер мұғалімдердің инновациялық–педагогикалық үрдісіне деген қатынасына әсер ететін басқада факторларды атап өтуде. Оларға мыналар жатады:

- Жаңалықтың мақсаты,
- Жаңалықты енгізу әдістемесі,
- Жаңалықтың мотивациясы,
- Қоғам талаптарын қанағаттандыру,
- Оның жұмыс нәтижесін арттыратынына көз жеткіздіру.

«Новация» ұғымы (латынша NOVUS – жаңа) біздің тарапымыздың жаңа енгізілім деп түсіндіріледі. Ғылыми әдебиетте «нововведение» деген орыс сөзі бір жүйеден екінші жағдайға ауыстыру, ендірілу ортасына жаңа тұрақты элементтер (жаңалықтар) әкелетін мақсатты бағытталған өзгеріс ретінде анықталады. Әрине бұл жаңа енгізілім жаңаруымен байланысты. Алайда барлық жаңа нәрсе әр кезде дұрыс нәтиже бере бермейді. Оның себептері мынадай:

Біріншіден, жаңа нәрсе барлық кезде өзекті мәселелерді шешу құралы болып табылмайды. Шындығында, мұғалімдер оқу орнында атқару тиіс мәселелерді зерделемей, кейде оны бір жақты қарастырады.

Екіншіден, әрбір жаңа құрал толық бір нақты жағдайларда туындап, белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Алайда көптеген ұстаздар құралдарды таңдау кезінде нақты жағдайда талдау жасауды басшылыққа алмастан, өздеріне ұнайтын нәрселерге ғана назар аударады.

Үшіншіден, ғылымдар жаңа бір нәрсені пайдаланушылардың санының ұлғаюы, оны меңгерудегі жаңа тәжірибенің пайда болуы жаңалықтың нәтижелі болатын жағдайларын қатайта түсетіндігін бұрыннан байқаған. Сондықтан біздер өзгермелі жағдайда жаңа құралдарды пайдалану дұрыс нәтиже беретіндігіне деген ішкі сенімділігі болған жағдайдың өзінде, ұстаздар, психологтар, әлеуметтанушылар тарапынан бақыланбайтын эксперименттік бақылау жүргізу қажет деп есептедік.

Инновациялық үрдіс деп жаңалықты жасау (тудыру, әзірлеу), меңгеру, пайдалану және тарату бойынша жүргізілетін кешенді іс - әрекет ұғынылады. Білім беру қызметінде орталық орынды иеленетін оқу – тәрбиелік үрдісін инновациялық тұрғыда қарастыруға болады. Өйткені оның мақсаты – жастарға тұлғаның жаңа қасиеттерін қалыптастыруда жаңа білімдер беру. Тұлғаны қалыптастырумен байланысты жағдайларды зерттеуге деген қызығушылық оның ішінде инновацияға деген қызығушылық мәселесі соңғы уақытта әлеуметтанушылардың да назарында тұр. Соңғы жылдары жинақталған педагогикалық білім, оның құрамындағы өрелі сипаттағы білім мен оны педагогикалық практикаға енгізу және пайдаланудың қиындығы арасындағы қайшылық ерекше күшейе түседі. Бүгінгі жағдайда жаңа ғылыми, тәжірибелік және практикалық білімді жасау үрдісі мен педагогикалық тәжірибені зерттеу нәтижелерін меңгеру үрдісі арасында маңызды алшақтық пайда болды. Мұндай алшақтықтың бір себебі педагогикалық білімді дамыту мен оны енгізудегі кереғарлықта, олардың өзара тұжырымдық негіздерінен тыс әзірленуінде.

Педагогикалық инноватика осындай байланысты дизайн сабақтарында іске асырып, педагогикада жаңалықтарды жасау, олардың меңгеру мен практика жүзінде қолдану үрдістерін біріктіретін инновациялық үрдістерге тән қызмет мөлшерлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған қайшылық инноватикалық білімнің ерекше саласы ретінде педагогикалық инноватиканы әзірлеу мәселесін айқындауға мәжбүр етті. Мұндай жаңаны құру мен оны практикада қолдану үрдістерін үйлесімді біріктіру жолдары көрсетілді. Бұл талдау педагогикада инновациялық үрдістер теориясын, инновациялық үрдістерді бейнелейтін жетекші категориялар мен қағидаларды және қоғамдағы инновациялық үрдістердің жалпы теориясының ерекше бөлімі ретіндегі педагогикалық инноватиканың құрамдас негіздерін терең түрде әзірлеу қажеттілігін көрсетіп берді.

Жалпы айтқанда, инноватика ғылымының негізінде мына мәселелер айқындалады:

1. Педагогикалық инноватика ғылымы – білімнің ерекше саласы.
2. Педагогикадағы инновациялық үрдістер - әдіснамалық зерттеулер пәні.
3. Қазіргі педагогикадағы инновациялық үрдістерді әзірлеудің жетекші бағыттары.
4. Білім беру жүйесіндегі инновациялық үрдістерді дамыту тенденциясы.
5. Педагогикалық инноватиканың құрамы, құрылымы мен функциялары.
6. Педагогикада инновациялық үрдістерді іске асыруға қажетті шарттар.
7. Педагогикада инновациялық үрдістерді ұйымдастыру мен іске асыру бойынша қызмет мөлшерлері.

Біздің тәжірибеміз көрсеткеніндей, инновациялық прогресс процедуралар мен құралдардың жиынтығын танытады. Олардың көмегі арқылы ғылыми жаңалық, идея әлеуметтік, оның ішінде білім берудегі жаңа енгізілімге айналады. Сөйтіп, идеялардың жаңа енгізілімге айналуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ осы үрдісті басқару жүйесін қалыптастыратын іс - әрекет болып табылады.

Инновациялық іс - әрекет–дәстүрлі іс-әрекеттен түбірлі түрде ерекшеленіп тұратын индивид, іс - әрекетінің негізгі түрлерінің бірі. Ол барлық уақытта қарма – қайшылықтар болған жағдайда іске асырылады. Іс-әрекеттердің дәстүрлі модельдері тиімсіз болса, ары қарай оның жетілдірілуі қажетті нәтиже бере қоймайды. Инновациялар былай бөлінеді: білім беру мазмұнындағы инновациялар, оқыту технологиясындағы инновациялар, білім беру жүйесінің тәрбиелеу функциясы саласындағы инновациялар, педагогикалық құралдар жүйесіндегі инновациялар.

Инновациялар мен бастамашыл (орталықтандырылмаған) жаңа енгізілімдердің қалыптасуы тұрғысынан білім беру жүйесіне жасалған талдау көрсеткеніндей, олардың пайда болуы әлеуметтік - мәдени салт – дәстүрлердің неғұрлым жалпы заңдарына бағынады. Жаңа салт – дәстүрлік ауысым алдыңғы салт – дәстүрлерде жаңа салт – дәстүрлердің пайда болуына арналған барлық алғышарттардың қалыптасу жағдайында ғана мүмкін болмақ. Осыған орай инновациялық білім беру қызметін жобалаудың негізгі әдіснамалық қағидасын құруға болады. Оның мәні мынада: ең алдымен

білімді басқару жүйесіндегі инновациялық сала элементтерінің пайда болу жағдайы, мүмкіндіктері және жүйелік қайшылықтары зерттеледі. Келесі кезекте инновациялық қатынас элементтерін талдау кезінде инновациялық білім беру жүйелерінің дамыту жолдары негізделеді. Білім беру саласындағы инновацияларды жобалау логикасы аймақта объективті түрде пайда болған инновациялық элементтерден ғылыми білім беру кешені және эксперименттік алаңдардың бекітілген үлгісінде инновациялық саланы қалыптастыруды қарастырады. Тұжырымдай келе айтатын болсақ, оқыту технологиясы мұғалімдердің эмпирикалық инновацияларын ескере отырып, оқыту үрдісін дұрыс, ұтымды басқаруды қарастырады. Оған өзара бір – бірімен байланысты екі үрдіс енеді: білім алушының іс - әрекетін ұымдастыру және оқушы тұлғасын дамытудағы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс - әрекетті бақылау. Бұл үрдістер өзара үздіксіз әрекетте болып, бақылау нәтижесі басқарушы әрекеттердің мазмұнына әсер етеді, яғни оқу іс - әрекетінің ары қарай ұйымдастырылуын өзгертеді.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясымен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталады. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы, осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Атап айтқанда: білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде; ақпараттық дәстүрлі әдістер-ауызша және жазбаша, телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде; баланың және жасөспірімнің жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер- тарихи объективті процесс. Жоғары білім беру саласын реформалаудағы мақсат- білім беру жүйесін қайта қарап, студенттердің шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда студенттің білім сапасын бұрынғыдай білім білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап білім сапасы студенттің алған білімін, жеке басын әрі қарай дамытуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалы болуымен тұжырымдалады.

«ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» тұжырымдамасында: «Білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, ақпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана білетін, идеялардың қуат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын, әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады» делінген[9]. Демек, бұл тұжырымдама білім берудің басты философиясы болмақ. Ал білім беру саласындағы технологиялық идеялар бұдан 400 жыл бұрын пайда болған. Бұл күнде оқыту технологиясы үлкен өзгеріске ұшырап отыр. Мұғалімдер мен студенттерге әр түрлі дидактикалық материалдармен қоса оқытудың техникалық құралдары жәрдемге келді.

«Педагогикалық технология» термині педагогикалық әдістерге негізделген оқыту технологиясы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында шетел зерттеушілері тарапынан енгізілген. «Педагогикалық технология дегеніміз- тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай әдіс-тәсілдер- оның бөлігі ғана» - деп көрсеткен В.Беспалько [10]. Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері әдістемелері мен білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылады. Қорыта айтқанда болашақта оқу үрдісінде осындай инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында ұтымды пайдалану өз жемісін берері сөзсіз.

Инновациялық технологияларды қолдану проблемасына байланысты ұсынған көзқарасына жасаған талдау бойынша ой тұжырымдауға мүмкіндік береді: әдіснамалық мәдениет екі салада көрініс табады (оқуға үйретуде, жаңа білімді іздестіруге үйретуде); философиялық, жалпы-ғылыми және нақты-ғылыми деңгейге сәйкес қалыптасқан әдіснамалық білім болмай, біртұтас әдіснамалық мәдениет болмайды; инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолдану технологиясы оны даярлауда ерекшеліктерді ескеруі қажет, өйткені бұл инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолдану да проблемалық тапсырманың ерекше түрін болжайды, ал бұл болса осы технологияның материалдық негізін құрайды.

Инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолдану тұжырымдамасы жаңа заман қоғамының білікті мамандарды даярлауға байланысты қойып отырған талаптарына және педагогика ғылымының болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудағы жетекші қағидаларына негізделеді. Инновациялық технологияларды дизайн сабақтарында қолданудың мәні мен мазмұнына кәсіптік

даярлық жүйесінде талдау жасау, олардың мақсатын, міндеттерін, заңдылықтары мен принциптерін, атқаратын функцияларын, әдіс-тәсілдері мен өзіндік ерекшеліктерін дәлелдеп көрсетуге мүмкіндік береді.

Инновациялық педагогикалық технологияларды дизайн сабақтарында қолданудың әдістемесі дизайн пәнінің оқу бағдарламасына сай анықталады. Пәннің атауы: Заманауи дизайн. Мамандық: 5В042100- Дизайн Пәнді оқытудың мақсаттары мен міндеттері. Пәннің мақсаты: Дизайн негізгі курсының мақсаты студенттерге алдына қойған мақсатты көру арқылы зерттеп дамыту және қойылған құрылымды жан-жақты ізденіп зерттеу, дизайн композиция, сурет пен кескіндеме негіздерін болашақта игеру, сонымен қатар кәсіби деңгейін қалыптастырып кәсіби-педагогикалық жолмен болашақ суретші дизайнер педагогты даярлау.

Пәннің оқыту міндеті: «Заманауи дизайн» пәнінде студенттер киім композициясымен, графика, макет жасау, жобалау негіздерін игерту. Сонымен қатар студенттер қоршаған ортамен байланыстыра отыра заттың көрінісін жасауды үйренеді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер***

*1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстандағы әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы. Қазақстан халқына Жолдауы. Астана: «Елорда», 2006. – 44 б.*

*2 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2010.*

*2. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. М., 1986.*

*3. Джакупов С. М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения: учебное пособие.-Алматы: Казак университета, 2002.*

*4. Досқалиев Қ.С. Білімді есепке алу және бағалау// Қазақстан мектебі, 2005, №8.*

*5. Бұзаубақова.К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. Тараз: ТарМУ, 2003.*

*6. Бұзаубақова К.Ж. Қазақстан республикасында білім берудің инновациялық бағыттары. // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкишетау, 2006.*

*7. Давыдов В.В. О понятии развивающего обучения // Педагогика. 1995, №1.*

**8.** *Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения: опыт теоретического и экспериментального психологического исследования. М., 1986.*

**Бахрамова Гульмира Абдурасуловна**

п.ғ.к., «Педагогика және психология» кафедрасының доцент м.а., ОҚМПУ, gulia1966@list.ru

**Есназар Асель Жаңабергенқызы**

«Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының магистр-оқытушысы, ОҚМПУ

**Исалиева Нурбагила Сейтханқызы**

«Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының магистр-оқытушысы, ОҚМПУ

**Караахмедова Диана Сулейманова**

«Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының ізденушісі, ОҚМПУ

**Аташева Эльмира Бахтияровна**

«Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының ізденушісі, ОҚМПУ

**ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГТАР ТӘЖІРИБЕСІНДЕ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТТІ  
БЕЛСЕНДІРУ ЖОЛДАРЫ**

Білім берудің қазіргі заманға сай әдістемелерін талдайтын болсақ, олардың бәрін, қазіргі қоғамның аса маңызды қажеттіліктеріне жауап беретін, өсіп келе жатқан адамның дамуы мен тәрбиесі идеясы біріктіріп тұрғанын анықтау қиын емес. Олардың бәрі оқушыны танымдық іс - әрекеттің және өзіндік дамудың субъектісі ретінде қалыптастыра алады.

Жоғарыда аталып өткеннің бәрі ТМД-ның жаңашыл педагогтарының, шебер мұғалімдердің тәжірибесінде көрініс тапқан (Ш.А. Амоншвили, С.Н. Лысенкова, И.П. Волков, В.Ф. Шаталов, Қ. Битибаева, К. Нургалиев, Р.Б. Нуртазина, А.Искаков, т.б.).

Олардың жаңашыл ізденістері Кеңес Үкіметі кезінде – ақ басталған. Қазіргі уақытта мұғалімнің таңдау мүмкіндігі бар кезде педагогтар шығармашылығы кең өріс алуда. Бірақ, өткен жылдардың жаңашыл педагогтарының идеялары мен технологиялары әлі де сөз күшін жойған жоқ.

Әрбір жаңашыл педагогтің тәжірибесі бірегей болса да, олардың ортақ идеялары да бар, олар:

- балаларға деген адамгершілікті қатынас, әрбір оқушыны жеке тұлға деп санау;
- оқушының ішкі жан дүниесін, оның мақсат-мүддесін, ынтасын, қабілеттілігін, жанұя өмірінің жағдайларының тани білу;
- оқушылармен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, оларды оқу- тәрбиелеу процесінің әріптесі қылу, баланың тілегі мен ынта-ықыласын есепке ала отырып танымдық іс - әрекетке араластыру;
- оқушыларға қиынырақ мақсаттар қоя білу және оқушылардың сол мақсаттарға жете алу сенімін нығайту;
- балалар ұжымына сүйену: сабақ- ұжымдық еңбек, мұғалім мен балалардың ұжымдық шығармашылығы;
- оқушыларға, мүмкін болған кезде, тапсырмаларды еркін таңдау құқығын бере алу;
- бағдарламалық материалды ірі блоктарға біріктіру және тірек- сүйеніштерді пайдалану (тірек-ишаралар, сызбалар, кестелер, т.б.);
- оқушыларға ұжымдық және даралық өзін өзі тани білу;
- оқушыларды ұжымдық, қоғамдық шығармашылыққа үйрету.

Жаңашыл педагогтардың осы идеяларын ынтымақтастық педагогикасында біріктіруге болады. Алайда, ынтымақтастық идеясы жай сөз ретінде қалмас үшін оған әдісті қосу керек.

Қазақстанда педагогикалық іс-әрекеттің шеберлері А.С.Макаренконың педагогикалық шеберлігін қайталаушы Семей облысы "Көкпенті" балалар үйінің директоры Жақия Шайжүнісов, Алматы қаласындағы қиын балалар үйінің директоры - Архимед Мыңбаевтың іс-әрекеттері нағыз шеберліктің үлгісі болады.

Қазір бір жаңашыл деп атап жүрген бір топ педагогтардың: И.Ф.Шаталов, И.Е.Ильина, Ш.А.Аманшвили, Т.И.Гончаров, С.Н.Лысенко т.б. педагогтардың іс-әрекеттерінен нақты педагогикалық шеберлікті байқаймыз.

Қазақстанда педагогикалық шеберлігімен белгілі болған педагогтар Алматыдағы №4 мектеп директоры Нуртазина Рафиғаның шеберлігі бізге көптен таныс. Орыс тілінің маманы ретінде өзі оқытқан балаларына саналы білім беруде көрнекті еңбек еткен. Атырау облысы, Махамбет ауданы Алға орта мектебінің директоры қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Халық мұғалімі Айтқалиев Құснидың педагогикалық шеберлік іс-әрекеттерін бүкіл республика мұғалімдеріне таныс болып отыр.

Қ.Айтқалиев бастап ұйымдастырған республикада көптеген жаңашыл педагогтардың өз облыс-аудандарында ұйымдастырып отырған атаулы мектеп тәжірибелері оның Республикаға таратыла бастауы - республикамызда педагогикалық шеберлік іс-әрекеттерінің кең қанат жайып, барлық жерлер де кең өріс ала бастауының айғағы.

Бұлардың педагогикалық шеберліктерінің негізі балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, жергілікті мұғалімдердің пікірімен, тәжірибелерімен санаса отырып, оқу құрал, бағдарламалардың балама түрлерін жасау, сөйтіп білім-тәрбие берудің жаңа талаптарына сай педагогикалық шеберліктерді дамытуға үлес қосу болып табылады: оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту; әрбір оқу пәндерінің ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие әдістерін жетілдіру; балаларға деген қамқорлықты, сүйіспеншілікті арттыру; жаңа жұмыс әдіс-тәсілдерін жандандыра түсу - олардың педагогикалық шеберліктерінің сипаты болып табылады.

Оқушылардың өздік жұмысының, оқыту тәсілі ретінде, оқушылардың өздігінен білім алуға, жұмысты жоспарлаудың маңызды дағдыларын қалыптастыруға, оны ұйымдастыру мен өзін өзі бақылауға, ақпаратты талдау мен сараптауға, жалпы қорытынды жасауға, жұмысқа тиісті түзетулер енгізуге дайындығы үшін маңызы өте зор. Өздік жұмыстың дәстүрлі түрі- ай жұмысы, оны оқушы мұғалімнің көмегінен жасайды. Кейде тапсырма ерекше материал жинастырумен, сұрақ- жауап, бақылау жүргізумен байланысты болып келеді. Мұндай өздік жұмысты проект - жоба дейді.

Олардың кейбіреуін қарастырайық.

А) Оқудағы жетістікті қамтамасыз ету. Жетістік – адамның белсенді іс-әрекетінің ең маңызды қозғаушы күші. Бұл психологиялық феномен балалық және жасөспірім шақта- басқа себеп- сылтаулар мен ынталандырушылары әлі тұрақсыз немесе тиянақсыз болғанда ерекше көрініс табады. Үлгерімі нашар, өз қатарынан артта қалған баланың оқуға деген ынта-ықыласы тез жойылады, оның сабақтағы танымдық белсенділігі төмендеп кетеді.

Ә) Оқушылардың артта қалуының алдын алу, қиыншылықтарға тап болғандардың бәріне көрсетілетін әртүрлі көмек – оқу процесінің нәтижелілігін арттырудың айқын бағыты. Қазіргі мектеп үлгерімі нашар оқушыларға көмектесуде жеке- жеке шараларды қолданудан гөрі барлық оқушылардың оқудағы, танымдық белсенділігінің шарты ретіндегі жетістіктерін қамтамасыз ететін тұтастай бір жүйе қалыптастырады.

Б) “Қауіп-қатер балаларының” диагностикасы және олардың оқудағы қиыншылықтарын болдырмау. Ұзақ уақыт ойы оқу процесі балалардың екі категориясының есебінде құралып келген, бірінші категория – “қалыпты балалар” категориясы, яғни баланың дамуы өз жасына сәйкес; және аномалды балалар – дене және психологиялық дамуына айқын ауытқулары бар балалар. Соңғы он жылдардағы ғылыми зерттеулер балалардың осы екі категориясы арасында аралық буын бар екенін дәлелдеді, осы аралық буынға оқудағы қиыншылықтары және мінез- ұлығындағы ауытқулары бар балалар жатады, оларды көбінесе “қауіп- қатер балалары” деп атайды. Олардың бойында және психологиялық дамуында көзге көрінетін аномалиялары жоқ. Алайда жағымсыз жанұялық және әлеуметтік жағдайлар салдарынан бұл балалардың, мектеп жасына жеткен кезде, мектепте жақсы оқу үшін қажетті қасиеттері мен дағдылары жоқ. Денсаулығының әлсіздігі, жұмыс қабілетінің төмен болуы, өз құрдастарынан психикалық дамуы жағынан артта қалуы қауіп-қатер факторы, үлгермеушілік, мектепке үйрене алмаушылық, тәрбиесінің нашарлығының себептері болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша “қауіп- қатер балаларының” бастауыш мектеп оқушыларының 20%-ға жуығын құрайды.

“Қауіп-қатер балаларымен” жұмыс кезінде баланың даралық ерекшеліктерін ескеретін әртүрлі әдістер қолданылады. Осы әдіс негізінде бірнеше негізгі принциптер жатыр: баланың дамуындағы мықты деген жақтарына сүйену; мақсатты және оқушының оны орындай алуын нақты анықтау; үздіксіз кері байланыспен қамтамасыз ету; баланың жеткен нәтижелерін ғана емес, сондай-ақ оның оларға жетуге деген талпынысы мен ықыласына әрдайым оң баға беру. Осы принциптердің жиынтығы оқушыға жетістік атмосферасы мен жетістік атмосферасы мен жетістік сезімін кешуді қамтамасыз ету керек, ал себеп- сылтау өрісін жоқ қылатын жетіссіздікке бой ұру қауіпі бар баланың танымдық белсенділігінің басты шарты болып табылады.

В) “Жасырын үлгермеушілікті” жеңу. Танымдық белсенділік тек сабақта артта қалған оқушыларда ғана төмендемейді. Ол дарынды балаларда да төмендеуі мүмкін, егер мұғалімнің сабақ беру деңгейі олардың қабілеттілігі мен қажеттіліктерінен төмен болса. Мұндай жағдайда “жасырын үлгермеушілік” феномені пайда болады, яғни қабілеті баланың оқу нәтижелерінің оның мүмкіндіктерімен сәйкес келмеуі.

Көптеген зерттеулер дарындылық ұғымын кеңейтеді, оның “ақыл – ой күші”, “ой өрісінің жоғары көрсеткіші” сияқты бірбеткей түсіндірмесінен әлдеқайда алшақтатып жібереді. Дарындылық ынта-ықыластың тұрақтылығы, мақсаттылық, өз күшіне деген сенім сияқты даралықтың, жеке тұлғалықтың көптеген сипаттамаларын тұрады. Соңғы он жылда әртүрлі әдістердің көмегімен дарынды балаларды іздеу өрісі едәуір кеңейді. Жекеменшілік және арнайы мектептермен қоса жалпы мектептердегі

дарынды балаларды табу мен оқытудың жүйесі қарқынды қалыптасады келе жатыр. Оның қалыптасуына үкімет заңдары, жарлықтары, мемлекеттің қаржылай көмегі де жағдай жасайды. Мысалы, 1998 жылдан бастап Қазақстанда “Дарын” Республикалық ғылыми- тәжірибелік Орталығы қызмет жасап жатыр, бұл Орталық дарынды балалармен жұмыс жүйесін қарастырады.

Г) Кәсіптік оқыту, көбінесе, кәсіптік бөліну негізінде білім берудің жоғары сатысында жүргізіледі. Кәсіптік оқыту келесі формаларда жүзеге асырылуы мүмкін: кәсіптік білім беру мекемелері, сыныптары, топтары.

Кәсіптік оқыту (жаратылыс ғылымдары, гуманитарлық – филологиялық, әлеуметтік – экономикалық, физика- математикалық, көркемдік – эстетикалық, т.б.) оқушылардың ынта- ықыластары мен қабілеттілігін, сондай – ақ, білім беру мекемесінің педагогикалық ұжымының мүмкіндіктерін, жергілікті білім беру жүйесінің құрылымын және әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін есепке ала отырып жүргізіледі. Мектептің жоғары сатысының кәсіптік сипаты білім берудің мемлекеттік стандартының негізінде лайықты бағдарламалар, соның ішінде даралық бағдарламалармен жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары мектептерге жаңа техникалық құралдар кеңінен енгізілуде. Микроэлектроникаға негізделген бір беткей жаңа ақпарат тасушылардың пайда болуымен байланысты ақпарат революциясы соңғы он жыл ішінде мектептің дәстүрін айтарлықтай өзгертті. Болашақ білім беру көбінесе теледидар, аудио және бейне аппаратура, микрокомпьютер сияқты техникалық құралдар сияқты қазіргі заманғы ақпарат құралдарын ары қарай пайдаланумен байланысты.

Қазіргі кезеңдегі психологиялық-педагогикалық әдебиеттер ғылыми-технологиялық процестің жетістіктері мен білім беру саласына “жаңа компьютерлік технологияларды” енгізуімен бірге келген “технология” деген ұғым жиі кездеседі. Ұғымда арнаулы технологиялық бағыт пайда болды. Бұл бағыт ХХ ғасырдың 60- шы жылдарында АҚШ Англияда пайда болды және қазіргі уақытта практика жүзінде барлық дүниежүзі елдеріне тарады.

Барлық жасалған және қазіргі күнде адамның қолданып жүрген технологияларды екі түрге бөлуге болады: өндірістік және әлеуметтік, өндірістік технологияларға болады. Бұл жағдайда технология деп бастапқы материалды өнім “шығуында” белгілі бір алдын ала берілген қажеттерді бөліп алу мақсатымен қайта өңдеу процесі деп атайды.

Әлеуметтік технология деп, онда бастапқыда соңғы нәтиже болатын адам болады, ал негізгі оның көрсеткіші өзгеріп тұратын бір немесе бірнеше оның қасиеттері болады. Әлеуметтік технология бұл өте жоғары деңгейдегі ұйымдастырылған технологиялар деуге болады, себебі адам әлеуметтік технологияның объектісі, ал ол өте тым көп жақтылы жүйе.

“Технология” деген термин гректің түп тамыры *techne* - өнер, шеберлік, кәсіп және *logos*- ғылым, білім деген сөздерінен шыққан.

Педагогикалық технологиялар білім беру аймағына қатынасы болады егер білім берудің мақсаты білім жүйелерін меңгеру ретінде анықталса, онда технологиялар да білім беру сияқты білімнің сапасы мен көлемін меңгерумен бағаланады. Қазіргі уақытта “педагогикалық технология” ұғымы әртүрлі түсіндіріледі. Көп тараған анықтама В.П. Беспалько ұсынған: ол педагогикалық технология оқу мен тәрбие процестерінің (теориялық негізделген) еске түсіру барысында қолданған құралдар мен әдістер жиынтығы, олар білім мақсатын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық технологиялық берілген басқа да анықтама бар, ол:

Г.М. Құсайыновтың есебінше педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа – ол мұғалімнің жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету мен сабақ беру процесі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен оқушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұнымен оқу жоспарымен бағдарламаларында ескерілген іс - әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады. Демек, барлық педагогикалық технологиялардың негізгі мәні туралы пікірлердің қарама-қарсылықтарына қарамастан оны сабақ беру ұстаздың жоспарланған мақсаттары мен оқушылардың іс- әрекеттерінің жетістіктеріне жету процесі ретінде түсіндіруге болады.

### **Әдебиет**

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М.. Педагогика.- А., 2002.
2. Құсайынов А. Қазақстандағы білім реформалары. Білім сапасына жүйелі сараптама// Айқын, 2012, 26.01
3. Абилдаева Р.А., Тасыбаева Ш.Б. Инновациялық оқыту технологиясының оқыту процесінде қолдану ерекшеліктері /«Ғаламдық бәсекелестік ортадағы заманауи білім беру» жаңашыл педагогтардың 2-ші Республикалық форумы. – Шымкент.: М.Әуезов атындағы ОҚМУ. 2014, 3-6 б.
4. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -Алматы, 1991.



**Пузикова С.М.,**

докт.пед.наук, доцент кафедры педагогики и образовательного менеджмента,  
КазНУ им. аль-Фараби (г. Алматы), e-mail: puzikova.svetlana@inbox.ru

**Андреева Н.А.,**

кандидат биологических наук. пенсионер, e-mail: ninaalekseevna@yandex.ru

**Кудро Н.М.,**

докт. социолог. наук, профессор кафедры управления войсками и службы штабов Академии Пограничной службы РК, e-mail: natal479@rambler.ru

## **СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ИДЕИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ТРЕНАЖЁРОВ ДЛЯ РАЗВИТИЯ СПОСОБНОСТЕЙ ЛИЧНОСТИ**

***Summary.** The purpose of this article is to study the evolution of views on the ways of developing the abilities of the individual, the rationale for the use of a holistic program and pedagogical complex that develops the creative and professional competencies of students, practically combining fundamental knowledge with the practical needs of production.*

***Keywords.** Creative and cognitive abilities of the individual, intellectual abilities of students, methods of formation of intellectual abilities, professional competences, intellectual trainers, program-pedagogical complex.*

***Резюме.** Целью данной статьи является изучение эволюции взглядов относительно способов развития способностей личности, обоснование целесообразности использования целостного программно-педагогического комплекса, развивающего творческие и профессиональные компетенции учащихся, практически соединяя фундаментальные знания с практическими потребностями производства.*

*Методология и методы исследования: анализ зарубежных и отечественных публикаций по проблеме способов развития способностей личности, сравнительно-сопоставительный метод, опросные методики (в соответствии с качественной стратегией).*

***Ключевые слова.** Творческие и познавательные способности личности, интеллектуальные способности обучающихся, методы формирования интеллектуальных способностей, профессиональные компетенции, интеллектуальные тренажеры, программно-педагогический комплекс.*

Проблема способов развития творческих и познавательных способностей обучаемых занимала ученых не одно столетие и начала активно разрабатываться психологической наукой в начале XIX века. Известным английским исследователем Ф. Гальтоном (1822-1911) процесс развития творческих и познавательных способностей индивида тесно увязывался с наследственностью и должен был строиться в прямой зависимости от нее. Ф. Гальтон стал основоположником эмпирического подхода к решению проблемы выявления и последующего развития способностей и одарённости, предложил основные методики, которыми исследователи пользуются и по сей день [1]. Впервые им были предложены для исследования интеллектуальных способностей такие методы, как анкетирование, «свисток Гальтона», «линейка Гальтона», метод «свободных ассоциаций», близнецовый метод. Ему же принадлежит идея о статистических измерениях интеллекта, которую практически воплотил в жизнь Ф. Пирсон (1857-1936), создавший аппарат математической теории корреляции и регрессионного анализа для изучения способностей человека.

С начала XX века стало интенсивно развиваться изучение способностей и одарённости личности посредством тестовых методик. Первоначально, возникнув для конкретной задачи (решения проблем школьной практики, обследования детей, не справлявшихся с обучением), тесты быстро перешагнули эти рамки и стали восприниматься как универсальное средство оценки и отбора обучающихся по интеллектуальным способностям для определенной сферы деятельности и будущей профессии. Психометрический подход был продуктивным, но для создания более совершенных тестов необходимо было расширять представления о самом интеллекте, что, в свою очередь, продуцировало усилия ученых для анализа и дальнейшего теоретического поиска. Обсуждение велось вокруг двух ключевых положений: что из себя представляет интеллект и что можно узнать о нём из результатов тестирования [2], а затем - как использовать эти данные на практике.

К.Д.Ушинский үшін көрнекілік - оқытудың әдістері мен тәсілдерінде міндетті түрде қатысып отыратын оқытудағы маңызды дидактикалық принцип.

Педагогикада көрнекіліктің табиғи, кескіндік (фотосуреттер, оқу картиналары) және кескіндік (графиктер, сызбалар, диаграммалар) деп аталатын үш түрін қарастырады. Көрнекіліктің әр түрінің өзіне тән атқаратын функциялары бар. Көрнекілік түрлері: табиғи көрнекілікке коллекциядағы кептірілген өсімдіктер, жануарлар мен құстардың тұлыбы, минералдар және т.б. жатады. Кескіндік көрнекілікке карталар, картограммалар, схемалар, диаграммалар, кестелер жатады. Мысалы кестенің бірнеше түрлері бар. Олар: хронологиялық, синхрондық, тақырыптық, графикалық кестелер. Экранды-динамикалық көрнекілік қоршаған дүниені бейнелейді. Көрнекі құралдар оқу материалдарын, әсіресе, теориялық ережелерді есте жақсы сақтау және жеңіл түсіну үшін қолданылады.

К.Д.Ушинский баланы тек көрнекі оқытуды логикамен ұштастырғанда оқушының көрнекі ойлауын тәрбиелеу құралы болып табылады деп ұйғарды. Көрнекі оқыту «ақылдың дамуына» жол ашады.

М.Жұмабаев: «Бір затпен танысқанда сыртқы сезімдердің көбі қатынасса, ол зат ұмытылмайды. Балаға бір нәрсені білдіру керек болғанда осы жолды ұстау керек. Яғни мүмкін болғанша баланың сыртқы сезімдерінің көбін қатынастыру керек. Мысалы, бір заттың түрін де көрсет, дыбысын да естірт, ұстатып та көр, иіскет, дәмін татқыз, сыйпат, суретін салғыз Баланың жаратылысының өзі осыны тілейді. Бала өзінің көрген нәрсесін ұстағысы келеді, естіген нәрсені көргісі келеді. Ұстаған нәрсесінің дәмін татқысы келеді. Осы жолды ұстағанда баланың білімі берік болады. Мысалы, дұрыс жазуы үшін құр ережелерді білуі жетпейді. Қолдың, көздің, құлақтың әдеттенуі шарт» [6, 22].

Ғалым-педагогтар көрнекі оқытуды сезім мүшелеріне әсер ететін, нақты қабылданатын объекті немесе құбылыстармен байланыстырды; олар көрнекі оқыту мәселесін көтерді; көрнекі оқыту мәнін негіздеді; оның мектепте қолданылу әдістемесін жасап, әрекеттің көрнекі оқытумен байланысы жайлы мәселе қойды.

Дегенмен, олар көрнекілік қасиеті тек нақтыға ғана тән деп, ал абстрактілік ұғымын көрнекілікпен байланыстыруға болмайды деп есептеді. Көрнекілік принципін қолдану әдістемесі негізінен бастауыш мектепке, ана тілі сабақтарына қатысы болып, көрнекі оқытудың компоненттік құрамы анықталған жоқ.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерде көрнекілік, көрнекі оқыту, көрнекілік түрлері, көрнекілік құралдары жіктелесінің сан-алуан жолдары келтіріледі. Ғылыми әдебиеттер мен мектеп практикасында «көрнекілік» сөзі үш мағынада қолданылады. Біріншіден, ол кейбір объектілер (көрнекі құралдарды), екіншіден, кейбір қасиеттерін, үшіншіден, адамның белгілі бір іс-әрекетін (көрнекілік құралдарын қабылдау, оларды пайдалануды) білдіреді. Терминнің көпмәнділігіне байланысты оның әр түрлі анықтамалары бар.

Психологиялық зерттеулер (Н.А.Менчинская, П.А.Гальперин, Т.В.Кудрявцев, Л.В.Занков және басқалар) көрнекілікті «абстрактілік деңгейде және практикалық іс-әрекет үдерісінде қарастырады.

З.И.Калмыкованың пікірінше, көрнекілік практикалық іс-әрекеттерімен ғана байланысты емес, сонымен бірге оқушылардың заттармен, оларды алмастыратындармен (сызбалармен, кескін, график және суреттермен) іс-әрекет орындауына тәуелді.

З.И.Калмыкова көрнекіліктің практикалық формасына бақылауға мүмкін болатын құралдармен бірге, сондай-ақ ойлау экспериментін де жатқызады.

Сонымен, көрнекі оқыту ұғымы объектімен немесе оны алмастырушы затпен тікелей практикалық іс-әрекет, сондай-ақ ойлау іс-әрекетімен тікелей байланысты.

Ғалымдардың екінші тобы көрнекілік ұғымын бейне ұғымымен байланыстырады. Оқытудағы көрнекілік объективті шындықтың тікелей қабылдау кезінде пайда болатын сезімдік-көрнекілік бейнелерді пайдалану, және жеткен жетістік нәтижесі таным-білім ретінде түсіндіреді.

Қазақ ұлттық энциклопедиясын редакциясын басқарған Б.Аяған: «Көрнекілік ақпараттың, дәрістің, үгіт-насихаттың, жарнаманың танымдылығы мен пәрменділігін арттыру жолы, оқытуда заттар мен құбылыстардың әрқайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқау, қабылдауға баулиды. Сонымен бірге, қабылданған ақпараттар оның міндеттеріне байланысты талданып, қорытылады. Көрнекілік құралдары оқушыларға бейнелі түсінік беру үшін ғана емес, оқушылардың ұғымын қалыптастырумен бірге, абстрактілі байланыстар мен тәуелділікті түсіндіру үшін қолданылады [7, 104]. Көрнекілік принципінің жаңаны тануда, бейнені елестетуде, материалды ұзақ есте сақтауда тиімділігі жоғары. Компьютерде оқушылар графикалық бейнелерді түрлендіріп, ондағы объектілерді өзгерте алады, ал оқу киносы мен теледидарда мұндай мүмкіндік жоқ.

Қорыта айтқанда, математиканың жоғары абстракциясында оқушылардың материалды жақсы меңгеруі үшін мұғалім сезімдік және әрекет элементтерін пайдалана отырып, математиканың өмірмен, практикамен, физика, химия, география, биология, басқа да пәндерімен байланысын көрсетіп, сабақтың көрнекілігі жүзеге асады.

### **Әдебиеттер**

- 1 Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. Педагогика. Алматы, 2005. 55-бет.
- 2 Ә.Бидосов. Математиканы оқыту методикасы. Алматы. 2000. 48-бет.
- 3 А.Әбілқасымова, А.К.Көбесов, Д.Рахымбек, Ә.С.Кенеш. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы, 1998. 45-бет.
- 4 В.Г.Болтянский. Комплексы учебного оборудования по математике. Москва. 1971. 96-стр.
- 5 Қ.Жарықбаев. Психология. Алматы, 1988. 82-бет.
- 6 М.Жұмабаев. Психология. Алматы, 1950. 22-бет.
- 7 Қазақ ұлттық энциклопедиясы. Бас редакциясын басқарған Б.Аяған. Алматы. 104-бет.



Ишкалова Г.И., Искакова Г.М.,

I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Талдықорған қаласы, banu\_tk\_78@mail.rugm.iskakova@gmail.com**ТАРИХ ПӘНІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ ЖОБАНЫ ҚҰРАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**Түйін.** Мақалада авторлар 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, барысы және басылуы мәселелерін I.Жансүгіровтің еңбегінің негізінде айқындауға тырысып, ғылыми жоба құрастыру жолын көрсетеді. Зерттеушілер аталған еңбектің тарихи дерек ретіндегі маңызын аша отырып, 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелерінің еңбекте жан-жақты баяндалуын талдап, тарихшы ғалымдардың тұжырымдарымен салыстыра зерттеген. Илияс Жансүгіровтің «Жетісу» (1730-1916) атты еңбегін тарихи тұрғыдан қарастыру мақаланың ғылыми жаңалығы болып табылады.

**Резюме.** В статье показано методика разработки научного проекта на примере «Проблемы национально-освободительного движения 1916г. в исторической книге И. Жансугурова «Жетісу» (1730-1916)». На основе ассоциативной диаграммы авторы раскрывают причины, цели, ход восстания, карательные акции царского правительства в подавлении восстания 1916 года в Семиреченской области, а также взгляды и отношение казахской интеллигенции к восстанию 1916 года.

**Summary.** In the article is shown the developing methodology of a scientific project on the example of "Problems of the national liberation movement of 1916. in the historical book of I. Zhansugurov "Zhetysu" (1730-1916)". On the basis of the association, the authors disclose the reasons, goals, the course of the uprising, the punitive actions of the tsarist government in suppressing the uprising of 1916 in the Semirechens region, as well as the views and attitude of the Kazakh authorities towards the 1916 uprising.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс... Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керек», - деп атап көрсеткен болатын. Осы тұрғыдан алғанда, Алаш қайраткерлерін білсек те, олардың тарихи мұраларын көпшілікке насихаттау маңызды. ХХ ғасыр басында әрбір Алаш қайраткері қазақ тарихын зерттеуге, тарихи мұраларын сақтауға және оны болашақ ұрпаққа жеткізуге ат салысты. 20-30 жылдары ұлттық тарихымызды жазуда методологиялық ізденістер басталған еді. Осы тұста қазақ зиялылары түрлі қызметтер атқарып жүргендеріне қарамастан тарих жазуға ат салысты және олар ұлттық тарихымызды сол замандағы тарих жазу дәстүрі арнасында қарастырды. Олар Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышпаев сияқты басқа зиялылар қолына қалам алып тарихи тақырыпта еңбектер жазды. Белгілі жетісулық ақын, жазушы Илияс Жансүгіров те аталған бағытта тарих жазуға араласқан еді. Бұл дәстүр көршілес қырғыз елінде де байқалды. Оның «Жетісу (1730-1916)» атты еңбегі осы арнада өмірге келді.

Қазақ халқының азаттық қозғалыстар тарихында ерекше орын алатын 1916 жылғы көтеріліске 100 жылдан аса уақыт өтсе де әлі күнге дейін өзектілігін жоймай зерттеушілердің назарын аударып келеді.

I.Жансүгіровтің «Жетісу (1730-1916)» атты еңбегі тарихи еңбек деп атауға болады. Өйткені, бұл еңбекте автор көтеріліс болған жерлерде болып, қатысушылармен тығыз байланыста болған. Жинаған материалдарын құрастыра келе, 1916 жылғы қозғалыс туралы деректерді топтастырған.

Біз осы мақалада аталған еңбек бойынша ғылыми жоба құрастыру жолдарын көрсетуге тырысамыз. Жобада 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалыстың себептері, барысы және басылуы мәселелері I.Жансүгіровтің еңбегінің негізінде айқындалады.

Ғылыми жоба тақырыбы: «I.Жансүгіровтың «Жетісу (1730-1916)» атты тарихи еңбегіндегі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелері».

Мақсаты – I.Жансүгіровтің тарихи мұраларын көпшілікке насихаттау және 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысты мағлұматтарды зерттеу.

Міндеттері –

1. I.Жансүгіровтің «Жетісу» атты еңбегін тарихи дерек ретінде талдау;
2. 1916 жылғы көтерілістің себептері мен басталу мәселелерінің айшықталуы;
3. Жетісудағы көтерілісті патша әскерінің жазалау шаралары мен іс-қимылдарын айқындау.

Ғылыми-практикалық қолданысы – ғылыми жоба материалдарын білімгерлер семинар сабақтарына дайындық, реферат және т.б. іздену жұмыстарын жазу барысында, мектепте факультатив сабақтарды ұйымдастыру аясында қолдануға ұсынылады.

Ғылыми жаңалығы– Лияс Жансүгіровтің «Жетісу (1730-1916)» атты еңбегін тарихи тұрғыдан қарастыру.

Өзектілігі - Қазақ «Туған жерге туындытік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады...Адам баласы – шексіз зерденің ғана емес, ғажайып сезімнің иесі. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде әлдилеп өтпейтін жан баласы болмайды...Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Мысалы, жершілдікті алайық. Әрине, туған жердің тарихын білген және оны мақтан еткен дұрыс. Бірақ, одан да маңыздырақ мәселені – өзіңнің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға әсте болмайды (Ұлттық бірегейлікті сақтау).

Мазмұны:

Кіріспе

Негізгі бөлім


1. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себептері, басталуы.
2. Жетісудағы көтерілістің барысы.
3. Патша әскерінің Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісті жазалау шаралары.

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1916 жылғы көтеріліс жоғарыда атап көрсеткеніміздей, зерттеушілердің назарында болып келді. Кеңестік тарихнамада да, тәуелсіздік кезеңінде де өзектілігін жоймай әр қырынан қаралды. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің себептерін, барысын және күшпен басылу мәселелерін тарихи еңбектерде тұжырымдалуын І.Жансүгіровтың мәлімдеуімен салыстырмалы түрде төмендегі ассоциограмма әдісімен көрсетіп, талдау жасаймыз (көк түспен тарихи зерттеулердегі тұжырымдар, ал қызыл түспен І.Жансүгіровтың еңбегіндегі пікірлер келтірілген).





Ал, мына суреттер арқылы қозғалыстың басталуы, ұлт зиялылары, қазақ халқының жағдайы, көтерілісті жазалаушы отрядтың күшпен басуы, қазақтардың шетел асуы секілді мағлұматтарды бірізділікпен байқауға болады.

Күрделі және әртекті болған көтеріліс кең-байтақ өлке аудандарының көпшілігінде ұлт-азаттық сипатқа ие болды. Көтеріліске қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар, дүнгендер және басқа да кейбір халық өкілдері қатысты. Қазақ даласындағы көтеріліске халықтың дайындығы туралы автор былай деп келтіреді: «Қашуға ма, шабуға ма, әркім ат-тұрманын түзеп, жабдықтана бастады. Елдегі ұсталарға сапы, найзаның темірін соқтырып, шалғы саптатып, ескі білтелі қараға шүрім қойдыра бастады. Осының бірін жұрт өзі біреу бастамай, біреу дайындамай өзінен-өзі істеді. Неге істейтіні өзіне де түсініксіз еді» [2; 107].

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт – азаттық көтерілісі Қазақстанның барлық аймақтарында қатаң басып жанышталды. Алайда жазалаушылар Қазақстанның бірқатар аудандарында көтерілісті Ақпан революциясына дейін баса алмады. Көтерілісті басып – жаныштау үшін патша өкімет орындары Жетісуға 8750 найзалы мылтығы бар 95 рота, 3900 қылышкері бар 24 жүздік, 16 зеңбірек және 47 пулемет жіберді. Облыста ондаған қазақ және қырғыз ауылдары жойып жіберілді, бейбіт тұрғындар аяусыз қырғынға ұшырады. Автор: «Патша өкіметі қудалаған 300 мың қазақ пен қырғыздар немесе Жетісудың байырғы тұрғындарының төрттен бір бөлігі Қытайға қашып кетуге мәжбүр болды», -деп мәлімдейді [3; 348].

І.Жансүгіров осы мәселеге қатысты еңбегінде «Жетісудағы қазақ – қырғыздың көтерілісін басуға өкімет тарапынан қылынған қадамдар» атты бөлім арнап, «Қалай да орыс өкіметі Жетісуға орыс келтіріп, оны "сенімсіз көшпеліге" күзетші қылды. Оларға жабдық үлестірілді. Казак – орыстардың еркек кіндігіне мылтық, жабдық үлестіріп және туысымен жер кесіліп берілетін», - деп патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген саясаты, орыс шаруаларын қоныстандыру және оларға жағдай жасауы туралы мол мағлұмат береді [2; 122]. Сонымен қатар патшалық өкіметтің көтеріліс барысындағы әрекеттерін және өздерін қорғау мақсатындағы іс – шараларын былай сипаттайды: «Біріншіден, Жаркентте қытай мен қазақ астасып кетпес үшін шекарада күзет қылу; екіншіден, штаттың пәтерін күзету (әсіресе, Алматыда); үшіншіден, ат алуға бөлінген учаскелерге конвойлық қызмет көрсету; төртіншіден, орыс қалаларын сақтау; бесіншіден, жаза отрядын жасау» [2; 123].

Ал, шекара асқан қазақтардың жайы туралы: «Ел үркіп, қалмақтың ай-шайына қарамай, шекарадан өтіп кетті. Елдің малы, үйі, мүлкі шашылып, далада қалды. Жаяу – жалпы шекарадан ары өтті. Қытай шерігі иіріп қойып білгенін істеді. Сөйтіп қазақ – қырғыз бет-бетімен шекарадан өтіп, Қытай жеріне сіңісіп кетті. Нарынқол, Сүмбе шекарасынан өткен ел өте күйзелді. Не Қытайға, не орысқа сыя алмай, таудың бір қыспағында қалды. Мал жұтықты, ел ашықты. Қалмақтың басты кісілерінің қолтығына ел дораб кіре бастады. Әркім өз ауылын сыйдырмақ болып адамы да, малын да қалмақ жуандарына тартуға тартты» [2; 130]. Көтерілісті күшпен басқан патшалық тізім жасап, қазақтарды тыл жұмыстарына алуды жалғастырды. Ақсу бекетіне арнайы комиссия келіп матай руының жігіттерін тізімге алып, Семейге алып кетеді. Олардың көбісі майданға жетпей тұрып-ақ қаза табады. Бұл туралы автор: «Жігіттерден қыстай хабар алып жаттық. "Құдайдың айдауымен кәпір торына түстік, мұсылманға қуат бер деседі." Ендігі жалғыз қуаты құдай болады» [2; 156]. Сол жігіттердің кейінгі тағдыры жайлы: «Осы ретпен Матай жігіттері қытай жатып, көбі жұқпалы аурағы ұшырап, өлгені онда өліп, өлмегені денсаулығын бұзып, елге келіп өлісті. Кейбір жаны қалғаны барықтан "өмірлік" науқасты болып қалғандары бар. Бұл жігіттер 17-жылдың жазында келді. Өмірде мұндайлықты көрмеген ақ көңіл, бошалаң, қорқақ елдің ойынан қалмайтын бір үлі оқиға болды да қалды», - деп ойын аяқтайды.

І.Жансүгіровтің «Жетісу (1730-1916)» атты тарихи еңбегін қарастыра келе, бұл зерттеудің тарихи дерек ретіндегі маңызы зор екендігі анықталды. Өйткені автор ел тағдыры, жер тағдырымен тікелей байланысты құбылыстарды куәлар аузынан, мұрағат құжаттарынан жинаған.

Қортыта келсек, Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалыстың себептері ретінде негізгі үш мәселені көрсетеді:

1. Жер-су мәселесі (шаруа шатағы)
2. Ұлт мәселесінің нашарлығы (қазақ өгей болды, «әкім», «құл»)
3. Капиталдың салқыны (жемқорлық, кедейшілік)

Жетісудағы ұлт-азаттық қозғалысты патшалық жазалау шараларымен қатаң басып тастады. Дегенмен автордың көрсетуінше: «Орасан саяси қамауда ұстаған өкіметке қарсы елдің бетін ашып кетті. Қара бақан болса да қарсы қайрат болатындығын жүрегіне орнатты»[2; 169].

Сонымен, ұлт мақтанышы Ілияс Жансүгіровтың 1916 жылғы көтеріліске қатысты жазбаларын тарихи дерек ретінде пайдалану маңызды.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Айқап. -Алматы, 1995.
2. Жансүгіров І. Жетісу. 1730-1916.- Алматы, 2001. 178б.
3. Қазақстан тарихы. –Алматы, 3-т.348-б.
- 4.[http://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_95\\_anniversary\\_of\\_1916\\_uprising\\_against\\_tsarist\\_regime/24244327.html](http://www.azattyq.org/a/kazakhstan_95_anniversary_of_1916_uprising_against_tsarist_regime/24244327.html)
- 5.<http://bigox.kz/torgajdagy-amangeldi-imanov-bastagan-ult-azattyk-koterilis/>

## Кудайбергенова Кульзада Саековна

Пед.ғ.д., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті

### КВАЛИТОЛОГИЯНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

*Түйіндеме:* мақалада «сапа» философиялық категория тұрғысынан зерделеніп, мән-мағынасы ашылады. Сапаны зерттеу ғылымы квалитологияның даму стабыларына қысқаша экскурс жасалып, квалитологияның негізгі ұстанымдарына сипаттама беріледі. «Өмір сапасы», «адам сапасы», «білім сапасы» ұғымдарының бірлігі білім беру жүйесінен күтілетін нәтиже «құзырлылық» арқылы жинақталады.

*Кілт сөздер:* сапа, сан, өлшем, мән, квалитология, өмір сапасы, адам сапасы, білім сапасы, тұтастық, жүйелілік, қасиет, құзырлылық.

Бүгін білім саласының тиімділігін арттырудағы маңызды фактор білім мазмұнының сапасы, білім алушылардың сапасы. Сапа қазіргі таңда ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекелестікті анықтаудың негізгі кілті.

Үшінші мыңжылдықта болмыс және адамзат қызметінің логикасы табиғи және әлеуметтік, тұрмыстық және іс-әрекеттік, материалдық және рухани, экономикалық және адамгершілік факторлардың сапалы синтезін қажет етеді. Осыған байланысты жаңа өркениеттегі адамның сапалы өмір сүруі үшін жаңа философиялық деңгейдегі парадигманың қажеттілігі туындап отыр. Кезінде сапа қоғамның, адамның жан-жақтылығымен өлшенген болса, ендігі бағыт «жан-жақтылықты» «бір тұтастыққа» жинай отырып, сапаны анықтау немесе «сапалы саннан» «сапалы тұтастыққа» көшу. «Тұтастық» пен «жүйелілік» жаңа өркениеттегі сапаны айқындаушы басты тұғыр. Зерттеушілердің мәліметтеріне сүйенетін болсақ, процесс барысында айқындалатын барлық жарамсыздықтың 80 пайызы өнім тұжырымдамасы сапасының төмендігінен. Өнімнің кепілдігі мерзіміндегі 60 пайыз кемшілік – жасау, құрастыру кезінде жіберілген қателіктер мен асығыстықтан екендігі байқалады.

Дженерал Моторс фирмасы зерттеушілерінің мәліметтері бойынша өнімді жасау, өндіру барысында 10 есе шығын ережесіне сүйенеді, егер, осы сапа айналымының бірінші сатысында қателік кетіп, ол уақытында байқалмай, келесі сатыда айқындалатын болса, оны жөндеуге 10 есе көп қаржы талап етіледі.

Кез келген деңгейдегі басшы алдындағы проблема басқару нысанының сапасын алдын ала белгіленген, нақтыланған жағдайға жеткізу. Алдын ала белгіленген, нақтыланған жағдай – бұл алдын ала мемлекеттік, халықаралық стандартта белгіленген талап.

Сапа дегеннің өзі не? Біріншіден, «сапа» философиялық категория ретінде заттың, нәрсенің, құбылыстың, үдерістің нақтылығы арқылы, басқа заттардың, нәрселердің, құбылыстардың, үдерістердің көптігінен ажыратылатын ерекше феномен болып қарастырылады. Аристотельдің пайымдауларында «сапа» «мәннен» кейінгі екінші категория ретінде үш қырынан қарастырылады.

1. Сапа – мән-мағынаның түрі бойынша айырманы ажыратады;
2. Сапа – мән-мағынаның жағдайын сипаттайды;
3. Сапа – заттың қасиеті.

Бірінші анықтама астарында түрге «мән» беріледі. Екінші анықтамада «сапа орны» басымдық танытатын болса, үшіншісіндегі маңызды мәселе «қасиет».

Гегельдің философиялық жүйесінде болмыстың логикалық сәттері болып «сапа», «сан» және «өлшем» берілген. Гегель «сапа» мен «сан» диалектикасын және олардың бірін-бірі, яғни санның сапаны, сапаның санды анықтайтындығын зерделеген. Гегельдің «сапа», «сан», «өлшемге» берген анықтамаларының мазмұны:

1. «Сапа» – болмысқа тән нақтылық, қашан ол өзінің сапасын жоғалтқан уақытта, бастапқы болған күйін де жоғалтады;
2. «Сан» – керісінше, болмысқа қатыссыз нақтылық;
3. Болмыстың үшінші сатысы «өлшем» – сапа мен санның бірлігі деген мағынаны білдіреді.

Орыс философтары (Ю.В.Крянев, М.А.Кузнецов, В.С.Соловьев) сапа мәселесінің құндылық жақтарына ерекше көңіл бөледі. Адам өзінің қасиеттерін «болу керек» арқылы көрсете алғанда сапаға қолы жетеді. Сапа әрқашан да адамдардың жоғары, жеке жарамдылығына сүйенеді. Жарамдылық – бұл бағыттылық, әрекеттілік, тиімділік, өнімділік деген ұғымдардың мағынасын жинақтайды. Сапа өз тұрғысында осы заттың немесе объектінің ерекшелігін анықтайтын бірнеше қасиеттердің тұтас сипаты мен тұрақтылығын да білдіреді.

«Сан» категориясы заттардың, қасиеттердің, үрдістердің ауыспалылығын білдіреді. Объектінің сандық нақтылығын бөліп қарастырудың объективті негізі сапалық бірегейлігі, салыстырылатын заттардың өлшемділігі, олардың қасиеттері, байланыстары, т.б. «Сан» философиялық категория ретінде заттардың, объектілердің, үрдістердің даму дәрежесін немесе бар қасиеттердің интенсивтілігін бейнелейтін мөлшер болып табылады.

Диалектика заңдылықтарына сай, «сапа» мен «сан» категорияларының мазмұны бір заттың әр түрлі қырлары мен сырларын ашуға мүмкіндік береді. Яғни, кез-келген сапа оған тән сандық сипаттармен белгіленеді, «сапа» және «сан» абстрактілі жағдайында жеке-жеке қызмет атқарғанымен, бір затқа қатысты.

Сапа философиялық категория ретінде ғылымның барлық саласының зерттеу пәніне айналып отыр. Сапаны зерттеумен айналысатын ғылым квалитология деген терминмен XX ғасырдың ортасында пайда болды. Квалитологияның дамуын бірнеше сатыға жіктеп көруге болады.

I- сатысы: адамзаттың ежелгі дәуір тарихынан XIX ғасырдың ортасына дейін. Бұл сатыға тән сипаттама: Өндірістің материалдық сапасын қамтамасыз етудегі өндірістік-экономикалық міндеттер. Сапа мәселесінің философиялық және экономикалық аспектілерінің теориялық пайымдаулары.

II- саты: XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасыр ортасы. Сапа категориясы – өндірісті саралаудың тереңдеуі, сапа – сұраныс құны, еңбек сапасының теориясы, сапаны басқару әдістерінің статистикалық теориясы, өндіріс өнімін дайындаудағы нақтылық теориясы бағыттарында дамиды.

III - саты: XX ғасырдың ортасынан қазіргі уақытқа дейін. Халықаралық стандарттар сериясының және сапаны басқару жүйесі теориясының, сапа теориясы тұжырымдамаларының пайда болуы.

IV - саты: сапа жөніндегі ғылыми рефлексияның, адамзат дамуының тетіктерімен шартталған квалитативтік революцияның философиялық-жүйесінің пайда болуы. Адам мен оның өмірінің сапасы мәселелерін жүйелі шешу сұранысы сапа туралы ғылым – квалитологияның дамуын анықтайды.

Сапаның өзі объект ретінде бірқатар ғылым негізінде зерттеледі, ал оның пәні ретінде жеке қасиеттер немесе қасиеттер жиынтығы қарастырылады. Сапа туралы ғылымның (квалитология) пәні – қоғамдық өндіріс мүмкіндіктері мен сұранысының еңбек өнімінің қасиеттерімен қатынасы. Яғни квалитология пәнін тек жеке қасиеттер немесе қасиеттер жиынтығы емес, өнім сапасы, еңбек сапасы, адам сапасы, өндіріс сапасы құрайды. А.В. Зотов квалитологияның пәні мен объектісін ғылым әдіснамасының негізгісі деп қарастырады. Квалитология ғылымында сапа категориясы кез келген еңбек өнімі мен қоғамдық сұраныс, әлеуметтік және өндірістік мүмкіндіктер, тұлғалық және өндірістік тұтынушы қатынасын көрсететін процесстерде құндылықты көрсетеді.

Сапа тұлғаның өзінен, оның рухани дамуынан, шығармашылық мүмкіндіктерінен басталады. Сапаға бағытталу адамзатты саналылыққа, шығармашылыққа жетелейді. Сапаның негізгі мақсаты дүниетанымдық, гносеологиялық, әдіснамалық, психологиялық, этикалық, эстетикалық әлеуметтік технологиялық факторлармен шартталу болып табылады. Ю.В.Крянев, М.А.Кузнецов «Философия качества» деген еңбектерінде ғаламшарлық деңгейдегі сапа мақсаттарын төмендегідей анықтайды:

- дүниетанымдық бағыттар (ерекше кеңістіктік, уақыттық сипаттары бар сапалы құбылыстар);
- логикалық, гносеологиялық және әдіснамалық шарттар (танып білуге тұратын сапалы үрдістер);
- психологиялық факторлар (сапалы ұйымдастырылған қызмет);
- этикалық және эстетикалық нормалар мен ұстанымдар (адамгершілік тазалық, адами сапа);
- әлеуметтік негіз (ортаның тұтастық, рухани, ізгілік сапалары);
- технологиялық шарттар (сапалы материалдар, технологиялар).

Сапа философиясының негізінде «өмірсапасы» табиғатының жүйелілігін, тұтастығының негізгі компоненттері, табиғат ортасының сапасы, денсаулық популяциясының сапасы, руханият сапасы, білім сапасы мен олардың арасындағы күрделі құрылымдық байланыстары арқылы ашады. Автордың пайымдауында өмір сапасының жүйелілігі оның құрамдас бөліктерінің өзара байланысымен және тұтастығымен анықталады. Өмір сапасын, автор, оның қажеттілік деңгейі немесе өмір сүру деңгейі емес, анықталушы (өмірсапасы) мен анықтаушы (мәдениет, білім, табиғат, денсаулық сапалары) арасындағы қатынастың иерархиялық тұтастығы арқылы қарастыру керектігін ұсынады. Мұндай тұтастықтың негізі ары қарай бөлшектеуге жатпайтын руханият болып табылады, дейді автор.

С.Л.Франк, К.Ясперс «өмір сапасы» популяцияның тек тәнінің немесе психикасының саулығы мен емес, оның қоғам қауымдастығының рухани байлығы мен өлшенетіндігіне ерекше көңіл аударады. Рухани байлықтың физикалық өлшем бірлігі жоқ. Оның абстрактілік өлшем бірлігі – құндылық жүйесі мен адамдардың әрекеті деп көрсетіледі.

Білімге қатысты сапа категориясын зерттеген ғалымдардың бірі А.И.Субетто адам сапасы мен білім сапасының изоморфтық ұстанымдарына сай білім сапасының адам сапасына айналатындығын, онд ол өзіндік із қалдыратындығын, адамға ақойылатын талап «білім сапасы» ұғымын қалыптастырушы

бастапқы материал екендігіне ерекше көңіл аударады. А.И.Субетто еңбектеріндегі «сапа» категориясы «қасиет», «жүйе», «басқару», даму категориялары мен тығыз байланыста екендігін төмендегі негізгі белгілерінен аңғаруға болады. Сапаға:

- объектілер мен үрдістер қасиеті жиынтығының жүйесі ретінде – жүйелілік пен тұтастық;
- жүйе қасиеттерінің иерархиялық құрылымының болуына байланысты – құрылымдық пен иерархиялық;
- үдеріс сапасының нәтиже сапасында байқалуына байланысты қозғалыстық;
- әлеуеттік ішкі және нақты сыртқы сапалардың бірлігі ретінде сапаның сырттай және іштей қамтылуы;
- талаптарға, қажеттілік пен нормаға сәйкестік қасиеттерін құзырлылықтың негізгі белгілері деп қарастыру мүмкіндіктері ашылады.

Автор, әрекет барысында білім мен дағды арқылы сырттай байқалатын, сапаға айналатын адамның ішкі сапасына (әлеуетін) мән береді. А.И.Субеттоның сапа теориясы – сапаның мән-мағынасына қарағанда, адамның әлеуметтік практикасында қалыптасатын және пайдаланылатын кез-келген объекті мен үдеріс сапасын бағалау, өлшеу аспектілерін кеңінен ашады.

### **Қорытынды**

Білім сапасы адам сапасына айналады деген тұжырымды және «өмір сапасының» философиясына жасалған талдауларды негізге ала отырып, «өмір сапасы», «білім сапасы» қозғалысты, дамуды, өсуді, өнуді білдіретін үдеріс деген тұжырымдарға сүйене отырып, үдерістегі сапалық белгі тұлға болмысының рухани жағдайы «құзырлылық» категориясы арқылы бағаланады деп өз ойымызды түйіндейміз. «Құзырлылық» қасиеттердің тұтас бірлігі ретінде сапалық мәнге, ал қасиеттердің интенсивтілігінің мөлшері ретінде сандық мәнге ие. Сан мен сапаның бірлік ұстанымы негізінде сандық сапа, сапалық сан ұстанымдары құзырлылықты сапа кеңістігі, сапа тасымалдаушысы, сапа өлшемі, сапа мөлшері сатылары арқылы басқаруға мүмкіндік береді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Аристотель. Сочинения: в 4 т. – М., 1985. – Т.1. – 232 с.
2. Гегель Г.В.Ф. Энциклопедия философских наук. –Наука логики. – М.: Мысль, 1975. – Т.1. – 452 с
3. Крянев Ю.В., Кузнецов М.А. Философия качества /под ред Б.В.Бойцова. – М.: Вузовская книга, 2004. – 304 с.
4. Соловьёв В.С. Философия искусства и литературная критика. – М., 2001. – 80 с.
5. Франк С. Л. Сочинения. Москва, 1990 <http://www.km.ru/referats/6F570E667EBF49DFAE6D1B747378AF03>
6. Ясперс К. Духовная ситуация времени //К.Ясперс Смысл и назначение истории. – М.: Полит издат, 1991. – 520 с.
7. Субетто А.И. Сочинения. Ноосферизм: В 13 томах. Том восьмой : Квалитативизм: философия и теория качества, квалитология, качество жизни, качество человека и качество образования. Книга 1 / Под ред. Л.А. Зеленова- С.-Петербург — Кострома:КГУ им. Н.А.Некрасова, 2009.-392с., -726 с. [http://www.cprfspb.ru/books/Том08\\_1.pdf](http://www.cprfspb.ru/books/Том08_1.pdf)
8. Кудайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері.- Алматы, 2008.-328 б.
9. Кудайбергенова К.С. Құзырлылықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері.- Монография- Алматы, 2012.-340 б

**Onalbekov E.S.,**

associate Professor, PHD in Education from Al-Farabi Kazakh National University

**Suleimen M.M.,**

student of the 2th course, master degree, Al-Farabi Kazakh National University

## **ART TECHNOLOGY OF PREVENTION OF SOCIAL PHOBIAS OF YOUTH**

**Summary.** Some topical issues of prevention of social phobias of youth are considered. Also, there is written about the importance of prevention in the formation and preservation of the health of the younger generation.

**Keywords:** art-technologies, social phobias, youth, prevention, social fears.

*Жастарға тән әлеуметтік фобиялардың алдын-алу мәселесі қарастырылады. Жастардың әлеуметтік және психологиялық денсаулығын сақтауда алдын-алудың мәні және құралдары көрсетілген.*

**Кілттік сөздер:** арт-технология, әлеуметтік фобия, жастар, алдын-алу, әлеуметтік қорқыныштар.

**Резюме.** Рассматриваются некоторые актуальные вопросы превентологии, профилактики социальных фобий, который присуще молодежи. Значение профилактики в формировании и сохранении здоровья молодого поколения.

**Ключевые слова:** арт-технологии, социальная фобия, молодежь, превентология, социальные страхи.

Health is an invaluable asset not only for every person, but for the whole society. This is the first and most important human need, determining its ability to work and ensuring the harmonious development of the individual. It is the most important prerequisite for knowledge of the surrounding world, for self-affirmation.

Mental health is an integral part and an essential component of health. According to the conclusion of the World Health Organization, "Health is a state of complete physical, mental and social well-being, and not only the absence of disease and physical defects." An important consequence of this definition is that mental health is not only the absence of mental disorders and forms of disability, it is a state of well-being in which a person realizes his abilities, can resist ordinary life stresses, work productively and contribute to his community [1].

Mental health is essential for our collective and individual ability as intelligent beings to think, express emotions, communicate with each other, earn their living and enjoy life. Given this fact, strengthening, protecting and restoring mental health can be perceived by individuals, communities and communities around the world as actions of vital importance.

Social phobia is the third largest problem of mental health in the world after alcoholism and depression. According to the Association of Social Concern and the latest government epidemiological data, about 7% of the population suffers from many forms of social anxiety disorder.

Social phobia is written by American Psychiatric Association as it can present itself in a number of different ways including fear of public speaking, using public restrooms, eating or drinking in public, dressing in the presence of others, as well as writing in front of others, saying or doing something foolish whenever in social situations and etc. [2]. Since, social phobia is a group of different forms of excessive and irrational social fears, it is more correct to say "social phobias" rather than "social phobia".

Social phobias has been cited as the most common anxiety disorder within adult populations. The literature suggests that most adult anxiety disorders have their onset sometime during childhood.

Social phobia may be further delineated as specific or generalized. The two differ in the number of social situations in which anxiety occurs.

**Specific SF.** Symptoms of a specific SF are a destructive fear of one or more social situations in which it is possible to act on a general review. For example, fear of eating, drinking, writing, or speaking. People with such fear either avoid these situations, or "suffer them, experiencing great distress".

**Generalized SF.** This is the fear of most social situations and their avoidance. They have fears such as conversing with others, participating in group activities, and attending parties. The authors note that individuals with generalized SF most often grew up with parents who were socially isolated and devalued sociability, forming the basis for substitution learning for social fears [3].

Common types of fears associated with social phobia are mentioned below (See Table 1).

Table 1. Common fears in social phobia

<i>Performance situations</i>	<i>Interaction situations</i>
Public speaking	Interacting with others
Eating in front of others	Conversing on the telephone



<i>Performance situations</i>	<i>Interaction situations</i>
Writing in front of others	Speaking with strangers
Speaking in a group	Dating
Drinking in front of others	Interacting with the opposite sex
Entering a room where others are seated	Attending social gatherings
Using public toilets	Dealing with authority figures

Fear of public speaking is often considered to be the greatest stress that only people attach. The need to speak in front of the audience in many causes great discomfort. Public speaking is the most prevalent fear and between 15 and 30 percent of the normal population experience significant fears in this performance situation.

J.A. Costa da Silva notes that “the difficulties experienced by the suffering people (SF) in adapting to social situations have a strong influence on their personal and professional lives ... SF leads to a number of secondary comorbid conditions, the most serious of which are alcoholism and abuse of medicines” [4].

According to the WAP (World Association of Psychiatrists), social phobia is the “primary pathology in 70.9% of people with comorbid depression, 76.7% with comorbid addiction and 85% with comorbid alcoholism”. The early detection and treatment of SF should be aimed at preventing the development of the most common pathologies: “Among them, simple phobias predominate - 59%, agoraphobia (fear of open spaces) - 44.9%, alcoholism 17%, drug abuse 17% [5].

Prevention effort should target both risk and protective factors associated with the etiology and maintenance of the disorders. Some risk and protective factors may be less modifiable than others (e.g., gender, familial factors), and thus the interventions need to target mediating variables. The issue of timing is also important to consider because certain risk and protective factors may be more likely to exert their influence during certain developmental periods relative to other periods. Consequently, the development of effective prevention of anxiety disorders will require:

- 1) comprehensive knowledge of the risk and protective factors as well as their complex interrelationships during different periods in development;
- 2) advances in methods to detect the presence and/or absence of these factors;
- 3) interventions that increase protective factors and/or reduce risk factors, or both. The goal of such programs is to reduce the enormous individual and societal burdens imposed by anxiety disorders.

Prevention is a system of economic, social, hygienic and medical measures. It is carried out by the state, public organizations, individual citizens in order to ensure a high level of public health and prevent diseases.

In reviewing the studies on prevention of anxiety disorder conducted to date, exists the system advocated by the Institute of Medicine's Committee on Prevention of Mental Disorders and adopted by several prevention experts. According to this system, prevention programs are classified as:

- indicated prevention programs, which target at-risk individuals who already have symptoms and/or a biological marker but do not fully meet diagnostic criteria for the disorder;
- selective prevention programs, which target individuals presumed to be at high risk for the development of a disorder (e.g., witnesses of violence);
- universal prevention programs, in which entire populations are targeted regardless of risk factors (e.g., third graders). [6].

In the prevention of social phobias as one of the causes of all deviating personality phenomena, a special place is taken to timely identify and neutralize the adverse social and socio-psychological factors from the surrounding environment, as well as close interaction of various social institutions, correction of the emotional background and development of communicative competence.

Art therapy, which is regarded as "a system of psychological and psychophysical treatment-corrective and preventive effects, based on the client's occupation of visual activity, the construction and development of psychotherapeutic relationships, is the most effective means of overcoming and preventing social fears. It can be used to treat and prevent various types of social phobias and anxiety, and to correct disrupted behavior and psychosocial maladaptation, to rehabilitate people with mental and physical illnesses and psychosocial limitations, to achieve a higher quality of life and develop human potential".

Any kind of art therapy already gives power over fear, which ceases to be uncontrollable (eternal and all-encompassing), becomes only a variant of emotional-cognitive response. With the image (visual, mental, painted, expressed with facial expressions - pantomimics, etc.), one can make symbolic transformations.

You can use methods of art-therapy like as drawing, mandala therapy, rottet therapy, fairy tale therapy, photo therapy and etc. For example, draw the situation where do you feel fear, write what do you feel, what

do you want to do, where did you feel that kind of fear first? Or using talk therapy with group: say about something that make you shy.

To work with fears, you can use such techniques: for example, requiring imagination of technique, to compose a fairy tale about your fear (about the hero or heroine who was afraid of something): what obstacles are encountered in the way of the hero, how he overcomes them, etc. This contributes to reflection and solves psychological problems at a symbolic level, which is then assimilated into real life. There is also a useful reflection on fears (in particular, on fear of speaking to the audience, fear of rejection, negative evaluation) in the context of the drawings "Draw your own fear" (with the help of visual materials, there is the option "Blind your fear" with the help of plasticine, for example).

Summarizing the above-mentioned examples of strategies for coping with social fears (gaining power over them), in particular with fear of speaking to the audience, we draw the readers' attention to the fact that any variant of reflection and objectification of fear (metaphorical, literal, symbolic, pictorial art) helps to feel its control, subjective authorship of the response to the situation, and this is already a big part of solving the problem on the way of overcoming social fears.

Art-techniques of prevention are universal in using, it can be used with everybody, but psychologists, educators should notice age differences.

Nowadays, youth should be competitive, creative, don't be afraid to talk and protect own opinion about changing in the world, sociable, communicative, friendly and ready to help to others. So, prevention of social phobia of youth is one of the main actual theme of our days.

### **References:**

1. *Prevention of mental disorders : effective interventions and policy options : summary report / a report of the World Health Organization Dept. of Mental Health and Substance Abuse ; in collaboration with the Prevention Research Centre of the Universities of Nijmegen and Maastricht. – 2004. – 68p.*

2. Сагалакова О.А., Труевцев Д.В. *Социальные страхи и социофобии. - Томск: Изд-во Том. ун-та, 2007. - 210 с.*

3. Карсон Р., Батчер Дж., Минке С. *Аномальная психология. - СПб.: Питер, 2004. - 1167 с.*

4. Бек А., Раш А., Шо Б., Эмери Г. *Когнитивная терапия депрессии. - СПб.: Питер, 2003. - 304 с*

5. *Социальная фобия // Проблемная группа по социальной фобии Всемирной ассоциации психиатрии / Под ред. С.А. Монтгомери. [http://mentalhealth.ru/lib/soc\\_phob/index.cgi70](http://mentalhealth.ru/lib/soc_phob/index.cgi70)*

6. Hudson JL, Flannery-Schroeder E, Kendall PC. *Primary prevention of anxiety disorders. In Dozois DJA, Dobson KS, editors, The Prevention of anxiety and depression: theory, research, and practice. 1st ed. Washington, DC: American Psychological Association. 2004. p. 101-130.*

**Ibrayeva K.Zh.**

Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,  
Member of APS of the Republic of Kazakhstan, ibraeva\_kz@mail

**Kozhakhmetova Zh.K.**

Teacher, E-mail: janka1981@mail.ru

## PERSONAL FORMATION PROFESSIONALISM

**Аннотация.** Республика Казахстан представляет собой полиэтническое государство, гражданами которого являются представители более ста народов и народностей, и исследование педагогической мысли тюркоязычных народов будет способствовать творческому взаимообогащению, подлинному развитию науки педагогики. Обращение к средневековому тюркскому тексту позволит почерпнуть преемственность идей Ю.Баласагуни с античной и арабо-мусульманской особенностью воспитания, культурой, религией и проблемой воспитания личности – ее сущности, отношения к миру и обществу.

**Ключевые слова:** педагогическая направленность воспитания, культурная компетентность молодежи, антропологического направления, историко-педагогические исследования.

**Abstract.** The article describes the influence of the sociocultural situation in the Republic of Kazakhstan on the choice of pedagogical education methods and tools within different historical periods. The features of the development of students and national self-consciousness are taken into consideration. The ethno pedagogical education is in the process of evolution. Accordingly, the research could be considered as a theoretical base for the study of historical and pedagogical aspects of national and patriotic education; and, for the development of the instrumental and techno-logical process aimed at the education of philanthropy and friendliness of the rising generation.

**Keywords:** pedagogical education, pedagogical competition, education of philanthropy, historic-pedagogical research.

The educational system of the country feels intrinsic necessity for reorientation of the content of training and approaches to its organization exactly because the society understands: deep theoretical training and thorough practical skills are capable to benefit only in such a case where they have a stable tendency to structuration of ethnocultural relations. The condition of ethnocultural identity is reached through the created by the people sociocultural sphere. Family, preschool institutions, educational institutions, national-cultural centers, magazines and newspapers, art and scientific literature, research and administrative organizations, etc. are all included in it.

The state integration is the fundamental and strategic target of ethnocultural education. If the specific people can reach ethnic identity in a rather short time period, achievement of the state integration is a long process demanding efforts of all ethnoses in the state. At the end of the day, the statehood is the basic condition allowing ethnic identification of the Kazakhstan's people [1, 2]. Topicality of the present research is based on the importance of ethnic problems in Kazakhstan and the world community. Historically our country is the polyethnic state in which numerous people and nationalities live, aspiring to keep cultural originality, traditions. However modern conditions of development of mass culture, unification, leveling of ethnocultural originality, orientation of economy to market relations have significantly raised tension of social problems, negative phenomena in spiritual life of the society, have generated alarming tendency to national intolerance and dissociation. Introduction of the ethnocultural content, giving ethnopedagogical orientation to education is a process of long historical development of theory and practice of education when each subsequent stage assumes not only critical judgment of experience of the past, but also constructive use of its progressive ideas. With the reference to the pedagogical heritage of the Middle Ages traditional approaches to historic-pedagogical materials appear insufficient or nearly unsuitable [2, 3].

First, historic-pedagogical process yet is not allocated in an independent branch of historical and cultural process. It goes in this wide stream, following its laws and simultaneously distinctly painting it in an educational tone. Education acts as one of leading factors of development of culture. And on the other hand, the culture has in all its displays, wide educational and pedagogical character.

Secondly, there are difficulties in exarticulation of a subject of the historic-pedagogical research aimed at the Middle Ages.

Thirdly, in selection of sources for this research, study of translations from Old Turkic language was made. One of the most indicative consequences of such approach is studying reading and writing, craft etc. instead of studying actually pedagogics and pedagogical thought of the Middle Ages. The objective reason of a critical state of historiography of school and pedagogical thought of the Middle Ages is absence of the collected, systematized and scientifically published file of historic-pedagogical sources. Urgency of the given problem is caused by various circumstances, firstly, by the necessity to restore pages of spiritual culture of the Middle Ages; to examine evolution of pedagogical views of turkic-speaking sophists. Knowledge of Turkic spiritual experience evolution can play an important role in formation of consciousness of the modern Turkic people, becoming one of the main components of their modern self-identification. Secondly, this research will allow to reveal the pedagogical basics of turkic-speaking sophists' texts into uniform historical and cultural process. The Republic of Kazakhstan is a polyethnic state where people of more than hundred nationalities live, and research of pedagogical thought of turkic-speaking people will promote mutual artistic enrichment, true development of pedagogical science. References to medieval Turkic text, will allow to gather continuity of ideas of Y. Balasaguni with antique and arabo-Muslim features of education, culture, religion and a problem of character education – its essence, the relation to the world and society.

The pedagogical heritage, containing the approved through centuries means of harmonious existence of the person in society, the nature, under condition of methodologically competent and methodically verified inclusion in universal cultural space, nowadays becomes the way of not only integration of the person in world, but also a wider revelation of ethnic culture. Necessity for apprehension of the formation ways of pedagogical heritage for the widest cultural context is dictated by urgency of character formation of the teacher-humanist capable of independent thinking, free action, with the developed feeling of national and human dignity, tolerant and humane, considering creativity as the highest step of self-expression.

The main idea of the texts of these great ancestors of medieval pedagogical thought is ingeniously simple: for achievement of perfection a person should master science and achieve development of high moral qualities in himself. Among especially esteemed qualities there were friendship, fidelity, humanity, magnanimity, love for the neighbour, sincerity, love for freedom, bravery, boldness, diligence and decency. Along with it negative qualities were condemned: hypocrisy, hatred, greed, treachery, jealousy, voluptuousness, etc.

Қазақстан жоғары оқу орындары патриоттық тәрбие беру шеңберінде азаматтық-патриоттық тәрбие, қоғамдық-саяси және құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие беру секілді бағыттарды дамытуды көздейді. Аталмыш бағыттар бойынша жұмыстар студенттер бойында нық азаматтық ұстаным мен патриоттық сананы қалыптастыруға септігін тигізеді.

Патриотизмге тәрбиелеудің ұзақ мерзімді мақсаты — азаматтарды біріктіру, азаматтарға Тәуелсіздіктің құндылықтары мен жетістіктерін ұғындыру, оларды мемлекеттік рәміздер мен идеология төңірегіне топтастыру. Бұл — ұзақ мерзімді мақсат. Оған қол жеткізудің басты жолы — толеранттылық, бірлік, өзара көмек, қайырымдылық т.б. Бұлар біздің мемлекетіміздің басты жоспарлары мен мақсаттарында толықтай көрініс тапқан, алайда олар жалпы ұлттық құндылықты бағыттарды нығайту бойынша жастар саясатын жоспарлы жүргізбейінше жүзеге аса алмайды. Жастар үшін осындай тәрбиелік мәнді істердің бірі — әр түрлі деңгейлер мен мазмұндағы тәрбиелік шаралар, мемлекеттік мерекелерді атап өту, түрлі патриоттық акцияларды ұйымдастыру мен жүргізу. Олардың ішінде жыл сайын өткізіліп отыратын ҚР мемлекеттік рәміздерінің күнін тойлау ерекше орын алады.

Кешенділік, салмақтылық, орнықтылық, ерлік, толеранттылық, қарапайымдылық, еңбекке қабілеттілік, шын берілгендік пен жауапкершілік — патриоттық тәрбие саясат ағынындағы қазіргі заманғы шаралардың басты сипаттары. Сондықтан қазақстандық патриотизм мен елдің экономикалық әлеуеті тығыз байланысты. Қазіргі патриотизм ХХІ ғасырдағы Қазақстанға қажетті еңбек өнімділігі мен мәдениеттің ұйымдастырылуына бара-бар деуге болады: бүгінгі күні ол халықтың ішкі «жинақтылығын», халықтың қоғам мен мемлекет мүдделеріне белсенді түрде қызмет етуін білдіреді.

Патриотизм іс-әрекет ретінде барынша керек нәрсе және қоғамды консолидациялау ісінде жүйені қалыптастырушы күш ретінде көрінеді.

Қазіргі жағдайдағы қазақстандық патриотизмнің басты және қажетті мәні неде? Біріншіден, бұл бастамалардың белсендірілуі, шығармашылық және жасампаздық жұмыс, барлық ішкі, жасырын потенциалдың көрінуі, эгоизмді шектеу, азаматтық иденттілікті кеңейту. Бұл бағыт бойынша бізге алынған білімдерді іс жүзінде қолданып қана қоймай, шығармашылық тұрғыдан келе алатын, ғылыми іздене білетін және ұжымшылдық рухта тәрбиеленген жоғарғы білікті мамандар дайындауымыз қажет. Біздің оқу орндарымызда жеке тұлғаның әлеуетін ашатын және білім алушыларды біліктер мен дағдыларға ғана емес, корпоративтік этикаға, ұжымшылдыққа, өзінің қоғамға керектігін сезінуге де үйрететін көптеген үйірмелер, секциялар жұмыс жасайды. Кезінде жай ғана үйірмешілер болып ізденістерін бастаған бұл ғылыми үйірмелер бүгін тек ғылым мен білім саласының ғана емес, өзге де салалардың көрнекті қайраткерлеріне айналған көптеген мамандарды, ғалымдарды тәрбиелеп шығарды.

Екіншіден, бұл кеше мен бүгіннің байланысы, ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлерінің, мәндерінің, құндылықтарының тоғысы. Патриотизм құрдан-құр, жалаң орында тұмайды. Оның қайнар көздері — ел тарихын терең білуде, оның тәуелсіздігі мен гүлденуін қамтамасыз еткен, оған күш салған аға ұрпақтардың іс-әрекетін ұғыну мен құрметтеуде жатыр. Президент өзінің бағдарламалық мақаласында: «Қазақстандықтардың өмір сүру ұзақтығын арттыру, демек зейнет жасындағы, бірақ еңбекке қабілетті жастағы адамдар санын арттыру денсаулық сақтауды дамытудың нақты нәтижесі болып табылады» — дей келіп, алдыңғы аға ұрпақтың мол тәжірибелерін пайдалану қажеттігін ескертеді. Білім мен ғылым саласында еңбек еткен аға ұрпақтың Тәуелсіз Қазақстанның егеменді дамуындағы орны ерекше. Алайда кешегі өтпелі кезеңде білім мен ғылым саласында айта қаларлықтай өзгерістер болды, қойылар талап өз деңгейінде болмады. Бұрынғы аға ұрпақтардың көбі әр түрлі себептермен білім-тәрбие, ғылым саласынан кетсе, жастар жағы заман ыңғайына қарай прагматистік жолға түсті. Нәтижесінде ғылымның, білім мен тәрбиенің әлеуеті біраз төмендеді, ұрпақ байланысы мен жалғастығы үзілді. Осыны дер кезеңде түсінген жоғары оқу орнының басшылары мен білім саласының ұйымдастырушылары тәжірибелі мамандардың білігін мүмкіндігінше кеңінен пайдаланып, көптеген түйінді мәселелерді олармен кеңесе отырып шешуде. Ал ондай үлгінің жас маман кадрлар үшін де, студент жастарға да берер тәлім-тағылымдары зор. Осыған сәйкес қазақстандық жоғары оқу орындарында аға буын өкілдерінің, ғалым-профессорлардың жас студенттермен және қызметін жаңа бастаған мамандармен кездесулері ұйымдастырылып отырады. Олар үнемі өз тәжірибесімен бөлісіп, өскелең ұрпақтың тәлімгерлері де бола білуде.

Қазақстанда басқа да аймақтардан, алыс және жақын шет елдерден келген студенттер, көптеген ұлттың өкілдері де білім алады. Олардың қазақстандық студенттермен арасында тығыз, достық қарым қатынастар мен өзара түсіністік орнаған. Барлық мемлекеттік, облыстық, қалалық және әр жоғары оқу орындарында өткізілетін іс-шараларда олар бір жанұяның баласындай қатынасып, бір-бірінің дәстүрлері мен құндылықтарына құрметпен қарайды. Ұлтаралық келісім — жалпыға бірдей қауіпсіздіктің, тұрақтылықтың, Қазақстанның қарқынды экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени және рухани дамуының ең өзекті кепілі. Келісім мен бейбітшілікте өмір сүре отырып, біз өз ұлтымыздың тілінде білім алуға, кітаптар шығаруға, теле және радиохабарлар тыңдауға деген мүмкіндіктер секілді маңызды оқиғаларға ерекше көңіл бөле бермейміз. Бұл Қазақстанның — барлығына бірдей тең мүмкіндіктер берілген елдің шынайы құндылығы. Толеранттылық, мәдениеттер диалогы, поликультурализм, жаһандану қазіргі таңда тарихта бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде, олар жай ғана философиялық түсініктер емес, этносаралық және конфессиялар аралық қатынастардың формаларының дамуының практикалық шарттары.

Үшіншіден, бұл — Отанның мәнін және оған қатысты міндеттемелерді ұғынуға бағытталған патриоттық білім мен тәрбие беру идеяларын бастапқы деңгейден ең жоғары деңгейге дейін жүзеге асыру. Патриотизм санмен өлшеуге көнбейді және адамдарды біріктіретін сезімдерден көрініс табады. Олардың ішіндегі ең бастысы — әр адамның өзінің туған жері мен тұрақты еңбек етіп жатқан жерін өз Отаны ретінде қадір тұтуы, территориялық бірлікке деген махаббат пен қамқорлық, жергілікті дәстүрлерді құрметтеу, сол аймаққа деген өмірінің ақырына дейінгі адалдығы. Өзінің туған жерін қабылдаудың кеңдігіне байланысты, аталмыш индивидтің санасының тереңдігіне қатысты оның отанының шекаралары өз үйінің, ауласының, көшесінің, елді мекенінің, қаланың көлемінен аудандық, облыстық, аймақтық және республикалық шеңберге дейін жетуі мүмкін. Патриотизмнің жоғары деңгейін иеленген жандар үшін олардың сүйіспеншілік ауқымы Отан деп аталатын сол бір мемлекеттік құрылымның шекараларымен сай келуі тиіс. Сондай-ақ мемлекеттік Рәміздерді білуге арналған конкурстар мен олимпиадалар, «Бұл — біздің Ту!», «Бұл — біздің Елтаңба!», «Бұл — біздің Гимн!»

патриоттық акциялары, Қазақстан тарихын білуге арналған конкурстар мен олимпиадалар, өзге ұлт өкілдері болып табылатын студенттер арасында (факультетаралық, ЖОО аралық) мемлекеттік тілді білуге арналған конкурстар, әдеби конкурстар, патриоттық әндер конкурстары, мемлекеттік мерекелер — Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне, Наурыз мейрамына, Қазақстан халқының бірлігі күніне және т.б. арналған мерекелік бағдарламалар өткізіледі.

Тәуелсіз елдің биік те қасиетті ұғымдарының бірі — отансүйгіштік біздің халықты біріктіретін Қазақстанның бірлігі мен жалпыұлттық идеясының негізі болып табылады. Ол аса маңызды стратегиялық, ұлттық, мәдени және т.б. проблемаларды шешуге бағытталған қоғамның маңызды мобилизациялық ресурстарының формасы. Мемлекеттің саяси құжаттарында нақты белгіленген патриотизмнің ықтималды нәтижесі ел азаматтарының нақты іс-әрекеттерінен көрінуі тиіс. Себебі, азамат, патриот болу үшін батыр немесе асқан ерекше адам болудың қажеті жоқ. Тек өз Отанынды жеткілікті дәрежеде сүюің, ол үшін қам жеуің, оның барлық қиындығы мен қуанышын бірге бөлісуің қажет. Жақындағы Бағдарламалық мақаласында Мемлекет басшысы сынға алған, «мен қоғам ішіндемін» деген масылдық психологиядан, «қоғам, немесе, көпшілік солай болса мен қайтем» деген әрекетсіздікке, бойкүйездікке бастайтын ойдан «Отан менде жатыр» деген ойға көшу абзал.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: галамдық бәсекелестік» 2017 жыл, 31 қаңтар.*
- 2. Бауыржан Момышұлы. Шығармалар. Екі томдық. А., «Жазушы», 1968*
- 3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылдың 12 сәуіріндегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» //Егемен Қазақстан 2012 жыл, 12 сәуір.*
- 4. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы. Астана, 2012.*

**Krutko I.S.**  
PhD in psychology

**Suleimen M.M.**  
master in education

Ural Federal University named after the first President of Russia B. N. Yeltsin, Yekatinburg c.

## **SOCIAL PHOBIAS OF YOUTH**

**Summary.** *The significance and essence of social phobias of youth is considered. The factors influencing the emergence of social anxiety of youth and the role of fear in personality development are specified.*

**Keywords:** *social phobias, youth, prevention, social fears, social anxiety.*

*Түйін. Жастарға тән әлеуметтік фобиялар, олардың мәні мен мазмұны қарастырылады. Әлеуметтік фобияның қалыптасуына әсер ететін факторлар және тұлға дамуындағы қорқыныштың рөлі көрсетілген.*

**Кілттік сөздер:** *әлеуметтік фобия, жастар, алдын-алу, әлеуметтік қорқыныштар, әлеуметтік үрей.*

**Резюме.** *Рассматривается значение и сущность социальных фобий молодежи. Определены факторы, влияющие на возникновение социальной фобии молодежи и роль страха в развитии личности.*

**Ключевые слова:** *социальная фобия, молодежь, превентология, социальные страхи, социальная тревожность.*

Social phobia is the fear of participation in social situations. The basis is the fear of negative evaluation by others. The softer options (subclinical forms) of social fears are shyness, lack of self-confidence, stiffness, shyness in society.

Social phobia is a “persistent fear of one or more situations in which the person is exposed to possible scrutiny by others and fears that he or she may do something or act in a way that will be humiliating or embarrassing”.

The term “social phobia” was first introduced by Janet in 1903 to describe patients who feared being observed, for example while speaking or writing. However, both in domestic and in foreign clinical psychology and psychiatry, this disease has long been considered either as a symptom of other, more severe psychiatric disorders, or as a separate syndromic manifestation. The interest in phobias increased with the advent of behavioral therapy in the 1950s and 1960s and the British psychiatrist Isaac Marks observed in the 1960s that particular phobias, including social phobia, could be distinguished from each other by age of onset. As recently as 1985, a research group of Liebowitz, Gorman, Fyer, and Klein described social phobia as “a neglected disorder”[1]. However, the past decade has witnessed a growing body of research on the syndrome, and social phobia is now considered the most common anxiety disorder. Though, it was not until 1980 in the third edition of the DSM that social phobia got its own specific diagnosis. In our country only since the late 80's of XX century SP begins to act as a separate nosological unit [2].

Social phobia is a “persistent fear of one or more situations in which the person is exposed to possible scrutiny by others and fears that he or she may do something or act in a way that will be humiliating or embarrassing”. The suffering SP “seems” that the people around him are attuned to him either hostile or arrogant.

The disorder usually begins in adolescence and has a chronic, unremitting course, according to statistics: “about 40% of cases of SP begin before 10 years of age, and 95% - up to 20 years. Researchers note that at different periods of life SP affects every tenth person. In the world, its total prevalence ranges from 9.6 to 16 percentage. This disorder affects men and women relatively equally, with the average gender ratio (female : male) ranging between 1 : 1 and 3 : 2 in community studies. During childhood, SP is often associated with shyness and behavioral inhibition. If the problem is left untreated, it typically follows a chronic, unremitting course and can lead to substantial impairments in vocational and social functioning [3].

Beyond experiencing fear in social situations, persons diagnosed with social phobia feel that the fear is excessive or unreasonable, avoid or endure with dread such situations, and experience related impairment in functioning (daily, occupational, academic, or social) and/or marked distress.

Social phobias written by American Psychiatric Association as it can present itself in a number of different ways including fear of public speaking, using public restrooms, eating or drinking in public, dressing in the presence of others, as well as writing in front of others, saying or doing something foolish whenever in social



situations and etc. Since, social phobia is a group of different forms of excessive and irrational social fears, it is more correct to say “social phobias” rather than “social phobia”.

Students as social creature need to be liked, valued, and approved of by others. As a result, they have generated sophisticated social structures and hierarchies that greatly determine an individual’s value. Ostracism from these social groups negatively impacts a variety of health-related variables, and social exclusion is experienced as a punishment. Social situations, ability of the adapt to them and solve communicative, social difficulties are means (conditions) of meeting the significant human needs in society. The contradiction of the high importance of the need and the intense motive, on the one hand, the subjective insuperability of social conditions as means of satisfying the needs, on the other, lead to a tense permanent emotional-cognitive conflict and social isolation.

The most frequent provoke fears are situations where individuals have to get acquainted (to be introduced to other people), communicate with their superiors, talk on the phone, take visitors, do something under the supervision (in the presence of someone), feeling that others joke above them, have dinner with guests or family members at home, public speaking.

Social phobias can include the fear of many young guys to get acquainted with the girl they liked, also, the fear of “losing” a loved one. At the heart of this fear, as a rule, lies deep self-doubt and low self-esteem, as well as negative experience in this area.

Fear of public speaking is often considered to be the greatest stress that only people attach. The need to speak in front of the audience in many causes great discomfort. Public speaking is the most prevalent fear and between 15 and 30 percent of the normal population experience significant fears in this performance situation

The discussion subject of evolutionary psychologists is the fear of unfamiliar people, which originates in primitive attitudes of dividing all people into “own” and “strangers”. Members of the group adhere to beliefs and rules that perceive one as “own”, and others as potential enemies – “strangers”.

The most important signs of social phobia are fear of evaluation (criticism or conviction) by other people in social situations, a pronounced fear of representation situations in front of people where feelings of embarrassment or humiliation may arise, avoidance of such situations. Persons with SP have a rigid “categorical installations” that they will be judged negatively in a number of social situations. Such a state can be generalized (fear extends to almost all social contacts) or non-generalized (fears refer to certain types of social activity or situations of representation in people).

There are many cognitive-behavioral explanatory models of the emergence and development of social phobia and social anxiety. From the perspective of goals and treatment options, only two models that widely used in foreign psychotherapeutic practice play a significant role: the model of self-presentation (J. Schlenker & A. Leary) and the model of cognitive vulnerability (J. Beck, A. Emery).

According to the first model, the reason of SP is that an individual wants (has an aim) to make a special impression on others, but he is completely unsure of his abilities to achieve this [4].

The concept of J. Beck and A. Emery is based on the model of “cognitive schemes”, which are understood as fundamental cognitive structures that control the processing of information obtained in the process of perceiving objects and situations. Similar schemes are combined into modes of processing. According to this theory, persons with anxiety disorders act in the mode of vulnerability; they assume that they are exposed to uncontrolled external and internal danger. This leads to a state of permanent doubt in its capabilities. The attention of the individual is centered on one’s own weaknesses and the experience of previous failures [5].

For students with a high level of social fears are more characterized by intense fear of social prestige, social evaluation rather than about the frustration of basic survival needs.

Social phobias is recognized as a multifactorial phenomenon. Analysis of psychological and sociological literatures has made it possible to discover the existence of various approaches to explaining the factors influencing the development of social phobias. There is an integrated diathesis-stress model developed by the research group of R.G. Heimberg for presenting the general picture of social phobias:

1. Genetic and environmental factors (genetic influences, parents' anxiety, parents' attitudes towards the upbringing of children, negative experience with the reference group and/or representatives of the opposite sex);
2. Beliefs about social situations (social situations are potentially dangerous, in order to avoid danger in social situations, behavior must be perfect, I do not have the abilities necessary to behave properly);
3. Forecasts about social situations (social situations inevitably lead to trouble, denial, humiliation, loss of status);
4. Symptoms of anxiety (anxious expectation of social situations, concentration of attention and focus on socially threatening irritants, negative thoughts about oneself, about one's behavior and evaluation of oneself by others, increased physiological arousal, strong concern about the obviousness of anxiety symptoms);

5. Consequences of anxiety (real or imagined behavioral disorders, perception of one's own behavior and its evaluation according to the criteria of perfectionism, evaluation of one's own behavior as inadequate, focusing on imaginary negative consequences of inadequate behavior) [6].

The emerging social and expansive ideal of modern man postulates the need to overcome negative assessments, refusals and other social and negative impulses. And an increasing number of SP diseases reveals the lack of meaningful and formal ways of psychoprophylaxis, psychotherapy and rehabilitation of individuals whose have social phobia. The early onset of therapy can prevent severe maladaptation, the development of resistant inadequate protective mechanisms (semantic defects) the emergence of comorbid conditions such as severe depression and alcoholism. However severe the violations related to SF may be, they can be prevented or weakened. Early prevention is the key to success. Indisputable indications for treatment and prevention are pronounced psychosocial disorders: the inability to continue to study, work, form stable social ties because of fears, and so on. At the same time, the youth should know as much as possible about the nature of their fear, about mental health, ways of treating it, overcoming it, seeing the perspective of early prevention and understanding the need for active cooperation with psychologists and social educators.

### **References:**

1. Liebowitz, M. R., Gorman, J. M., Fyer, A. J., & Klein, D. F. (1985). *Social phobia: Review of a neglected anxiety disorder*. *Archives of General Psychiatry*, 42, 729–736.
2. American Psychiatric Association. (1980). *Diagnostic and statistical manual of mental disorders (3rd ed.) (DSM-III)*. Washington, DC: Author
3. Turner, S. M., Beidel, D. C., & Townsley, R. M. (1992). *Social phobia: A comparison of specific and generalized subtypes and avoidant personality disorder*. *Journal of Abnormal Psychology*, 102, 326–331.
4. Schlenker, B. R., & Leary, M. R. (1982). *Social anxiety and self-presentation: A conceptualization and model*. *Psychological Bulletin*, 92, 641–669.
5. Beck, A. T., & Emery, G. (1985). *Anxiety disorders and phobias: A cognitive perspective*. New York: Basic Books.
6. Rapee, R. M., & Heimberg, R. G. (1997). *A cognitive-behavioral model of anxiety in Social Anxiety Disorder*. *Behaviour Research and Therapy*, 35, 741–756.

**Баймахова А.Ш.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің  
магистр-оқытушысы, aknur.bajmaxova@mail.ru

**Ортаева А.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы

## **МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ БҰЗЫЛУ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ЖАҒЫМСЫЗ ӘДЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ**

***Түйіндеме:** Мақалада қиын балалардың мінез-құлықындағы бұзылу себептері мен жағымсыз әдеттердің пайда болуы мәселесі қарастырылған. Қиын балалардың мінез-құлқындағы қақтығыстардың туындауының негізгі себептері көрсетілген. Қиын балалар арасында туындайтын тұлғалық қақтығыстар мен тұлғалық қасиеттері арасындағы байланыс ерекшеліктеріне талдау жасалған. Сонымен қатар қиын балалар арасындағы қақтығыстарды болдырмаудың негізгі жолдары қарастырылған.*

***Кілтті сөздер:** жасөспірімдік кезең, қақтығыс, тұлғалық қақтығыс, тұлғааралық қақтығыс.*

***Резюме:** В статье рассматриваются проблемы отклонений в поведении и формирование отрицательных привычек у детей. Раскрыты основные причины конфликтов в поведении «трудных» детей; Дан анализ особенностей связи между конфликтами личности и свойствами личности. В месте с тем рассматриваются основные пути предотвращения конфликтов.*

***Ключевые слова:** подростковый возраст, конфликт, личностный конфликт, межличностный конфликт.*

***Summary:** The article discusses the problems of deviations in behavior and the formation of negative habits in children. The main causes of conflicts in the behavior of "difficult" children are revealed; An analysis is given of the features of the relationship between personality conflicts and personality traits. In a place so considered, the main ways betray the rotation of conflicts.*

***Key words:** adolescence, conflict, personality conflict, interpersonal conflict*

Жер бетіндегі тіршілік иесінің ең саналысы да ақылдысы да адам баласы екені әмбеге аян. Айталық, айналамыздағы таңғажайып дүниелер, зәулім ғимараттар, техника, оның қарыштап дамуы – адам ойының жемісі. Осындай қасиеттерге ие адамның дұрыс қалыптасып, сана сезімінің өсіп-өркендеуіне ерекше ықпал ететін білім ошақтарының негізгілері отбасы мен мектеп десек, олардың жас буынды тәрбиелеудегі мәні мен маңызы зор екені айтпаса да түсінікті болса керек. Бүгін біз қазіргі кезде көпшіліктің назарын аударып отырған мектеп оқушыларының тәлім-тәрбиесіне кеңірек тоқталып, саралай өткенді жөн санадық. Бұл мәселе осы күнге дейін, «құлақ жауыр болардай» сан рет қайталанса да, бұл күндері ушығып тұрған мәселелердің бірі десек, артық айтқандық болмас. Олай дейтініміз мектептегі қиын балалардың жылдан жылға көбеюі, олардың жағымсыз іс-әрекеттері сіз бен бізді еріксіз ойландырып жүргені жасырын емес. Жалпы, қиын бала ұғымы - бүгінгі таңда ата-ана мен ұстаздар қауымы ғана емес, бүкіл қоғамды алаңдатып отырған әлеуметтік мәселе болып отыр. Осыған орай біз қиын балалардың қалыптасуы мен оның психологиялық себептері жайында сөз қозғап, көпшілікке ой салмақ ниеттеміз.

Бізге белгілі деректерге қарағанда, мектептегі қиын балалардың салдарынан қылмыс жасау фактілері, темекі шегу, алкагольдік ішімдіктерді пайдалану, сонымен қатар, нашақорлық бұрынғыға қарағанда біршама көбейген. Ал бала мұндай әрекеттерге мұғалім мен ата-ана бақылауынан шет қалған кезде бала баратыны белгілі. Алдымен бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөліне келсек, көз алдымызға көптеген міндеттер мен жауапкершіліктер келетіні анық. Өйткені, бала тәрбиесімен бірге ата-ана балаларының дұрыс тамақтану мен киінуді, өз замандастарынан кейін қалдырмауға т.б. осы сияқты мәселелерге тікелей жауапты. Баланың тәрбиелі, білімді болып өсуіне де ата-ана қосар үлесі орасан. Ата-ана тарапынан мектеп қабырғасында жылылық сезінбеген жасөспірім, өмірде «мен ешкімге қажетсізбін» деп санап, уайымға жиі салынады. Осындай іс-әрекеттің салдарынан мінез-құлқы күрт өзгере бастайды. Бұл құбылыс қазіргі таңда қала балаларында көптеп кездесіп жүр. Ата-аналар жасөспірімдердің мінезіндегі ауытқуларға назар аудармай, олардың психологиялық әр түрлі ауыр жағдайларға шалдығуларына себепші болып отыр. Біздің елімізде бүгіндері «қиын бала» тіркесі көптеп кездеседі де, тәрбиесінде, психологиясында ауытқулары назар аудармай олардың психологиялық әртүрлі ауыр жағдайларға шалдығуларына себепші болып отыр.

Сондықтан да бастауыш сынып оқушыларының арасында мінез-құлқында қиындықтары бар оқушылар бүгіндері көптеп кездесіп жүр. Мектепте мұндай оқушыларды «Мінез-құлқында ауытқулары бар оқушылары», «қиын тәрбиеленуші», «қиын балалар» деп әр түрлі атпен атайды. Біздің елімізде бүгіндері «қиын бала» тіркесі көптеп кездеседі де, тәрбиесінде, психологиясында ауытқулары бар балаларды осылайша атау дағдыға айналған десек, артық айтқандық болмас еді. Осы жерде «Мұндай балаларға қандай оқушыларды жатқызуға болады» деген сұрақ туындауы ғажап емес. Мектеп тәжірибесінде анықталғандай, мұндай оқушыларға мынадай жеке қасиеті бар балалар жатады: білім деңгейі төмен, тәртібі нашар, сабақтан көп қалатын, мұғалім талабын орындамайтын, адамгершілік деңгейі төмен, құрбыларымен тіл табыса алмайтын, сынып мәселелері қызықтырмайтын, кей жағдайларда психикалық дамуы, сөйлеу қабілеті кейін қалған ашуланшақ балалар. Осы аталғандардың ішінде жүйке ауруына шалдыққан балалардың тәрбиесі өте күрделі деуге болады.

Бүгінгі ғалымдардың пікірінше жүйке аурулары отбасындағы және басқа да жағдайлардың салдарынан болуы мүмкін. Айталық отбасындағы әке мен шешенің жанжалдасуының өзі баланың жүйкесін жұқартып, тез ашуланғыш болуына үлкен септігін тигізеді. Осы сияқты көптеген мысалдар келтіруге болады. Мұнан шығатын қортынды, мектеп жасындағы баланың дұрыс қалыптасуына ата-ананың ықпалы орасан зор болмақ. Олай деуімізге себеп те бар. Халқымыздың дана ұлдары Абай мен Ыбырай қазақтың білім алуына, сол арқылы өркениетті елдермен мәдени, әдеби байланыс жасауға көп еңбек сіңіргенін тарих жоққа шығармайды. Айтайын дегеніміз, өткен 19-ғасырда өмір сүрген ұлтымыздың ұлы педагогтары білім алумен қатар, бала тәрбиесінің де маңызы зор екенін «тайға таңба басқандай» дәйекті деректермен жеткізе біледі. Яғни білім мен тәрбие қатар жүретінін, оны жүзеге асыруда ата-ананың үлесі мол екенін тілге тиек етеді.

Бұл сөзімізді олардың білім мен тәрбие жайлы еңбектері толық дәлелдейді. Шындығында да қайзамаңда болмасын бала тәрбиесі, оның жеке тұлға ретінде дұрыс қалыптасуы ата – анаға байланысты екенін өмірдің өзі көрсетіп келеді. Осыған байланысты дана халқымыздың «Балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі» деген қанатты сөзі бекер айтылмаса керек. Демек әр отбасы бірінші кезекте осы мәселелерге көп көңіл бөліп, қортынды шығара білсе, қазіргі кезде қоғамдық проблемаға айналған қиын балалардың саны азаятынына сенім мол. Әдетте біз бүгін мінез – құлқында қиыншылығы бар оқушыларды екі топқа бөліп қарастырып жүрміз: біріншісі – тән кемтарлығы және жан жарақаты бар оқушылар, екіншісі – отбасында, мектепте тәрбиеленуден тыс қалған, жеке басын қалыптастыруда сыртқы кері фактордың, әлеуметтік жағдайдың әсері болған және өтпелі кезеңнің күрделілігінен мінезі дұрыс қалыптаспаған оқушылар. Жоғарыдағы тән кемтарлықтарынан пайда болатын қиын балалар өзін көпшіліктен аулақ ұстайды да, жалғыздыққа бой алдырады.

Оқу-тәрбие ісінде қиын балаларға педагогтар мен психологтар ерекше назар аударуда. Кімді болса да қиын бала деген кім, ол қалай пайда болады деген сұрақ толғандырады. Міне, сол үшін пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық-педагогикалық жүйе болуы керек. Қалыпты отбасынан «қиын» бала шыға қоймайтыны белгілі. Алайда, Л.Толстой жазған: «барлық бақытты отбасылар бір-біріне қандай ұқсас болса, әрбір бақытсыз отбасы бір-біріне ұқсамайтын әркілі бақытсыз», десе ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді: «баланы ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді», -деп тұжырымдайды. Психолог-педагог ғалымдар А.Выготский, П.Блонский «қиын» балалар мәселелерін жан-жақты зерттей отыра зерттеу жұмыстарының нәтижесі бойынша «қиын» балалардың шығуына үш фактор себепші болады деп көрсетеді:

Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, тұрмыстағы ұрыс-керіс, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы.

1. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер, яғни жеке оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығуын, талап-тілегін ескермеу.

2. Жұртшылықтың, қоғамдық ортаның тәрбие үрдістеріне дұрыс көңіл бөлмеуі.

«Қиын» балалар кім және оның нақты анықтамасын қалай тұжырымдауға болады деген сұраққа ғалым психологтардың зерттеу нәтижесінде көздері жеткен мәселелеріне сүйенуге болады. Мәселен: В.Трифанов зерттеулеріндегі «қиын» бала анықтамасы – күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, мұғалімнің ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы. А.Фортунов «қиын» бала ұғымына үлгіреушілер мен тәрбие ықпалына көнбейтін балаларды жатқызады. В.А.Сухомлинский қиын балаларға тән мінез ызалылық, ашуланшақтық, дөрекелік, бірбеткейлік, ұрыс-жанжалға жақын, айқай-шу шығарып айналасындағыларға маза бермейтіндер, теріс ықпалға тез түсетіндер тобын жатқызады. Қиын бала дегеніміз П.П.Блонскийдің пікіріне жүгінсек, қиын оқушы мұғалім еңбегінің өнімсіздігінен туындайды. Л.С.Выготскийдің ойынша оқушы қиындығының негізінде баланың өсу жолындағы өтпелі шақтың аномаль құбылыстары жатады деп тұжырымдайды. «Қиын» баланың шығу себептеріне ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялылары мен ағартушылары да назардан тыс қалдырмаған. Мәселен, Ж.Аймауытов, Ә.Жұмабаев, мектептің «қиын» оқушыларымен жұмыс жүргізу жүйесін жасады. Сондай-ақ ғалым-педагог Л.К.Керімов «қиын» балаларды жеке және топтап қайта тәрбиелеу бағдарламасын ұсынды. Ғалымдардың анықтамасына сүйенсек, «қиын» балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған, тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатиялық формалар кездесетін, қозу күйін дәрі-дәрмек беру арқылы тежейтін, кәмелетке жасы толмаған құқықтық тәрбие бұзушы жасөспірімдер жатады. Жеткіншектер аса еліктегіш келеді. Әке, шеше және отбасының басқа да мүшелері жеткіншектерге тек сөз арқылы ғана емес, жеке бастарының өнегесімен, іс-әрекетінің үлгісімен ықпал етеді. Осы ретте тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін отбасылық жағдайды мектеп өмірімен ұштастыру қажет. Кейде отбасының көп жыл бойы балаға жасаған ықпалы, оны қоршаған ортаның қоғамдық әсерінен басым түсуі әбден ықтимал. Сондықтан, отбасы тәрбиесіне теріс ықпал ететін жағдай жеткіншектің бойында ұнамсыз қасиеттердің болуына, қоғамға жат ой-пиғылдардың қалыптасуына әсер ететін басты себептердің бірі болып табылады. Елдегі этаномикалық-әлеуметтік жағдайдың нашарлауы отбасындағы күнкөріс, тіршілік ету жағдайына өз ықпалын тигізеді. Отбасындағы мұндай келеңсіздіктер балалардың оқуға бармай, дала кезіп, ұрлық, кісі тонау секілді қоғамға жат қылықтармен айналысуына әкеп соғады, нәтижесінде мектеп өмірінде мінез-құлқы күдік келтіретін «қиын» деген балалар қалыптасады. «Қиын» балалардың тағдырына қазіргі күнде қоғам, мемлекет ұйымдары ерекше көңіл аударып келеді.

ҚР-ның 2004 жылғы шілде айында қабылданған «Кәмелетке жасы толмағандар арасында заң бұзушылықтың алдын алу және балалар арасында қаңғыбастықты болдырмау» заңындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты:

- кәмелетке жасы толмағандардың құқықтық санасын және мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мақсатты жұмысты қамтамасыз ету;
- кәмелетке жасы толмағандармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу үшін құқықтық негіздерді қалыптастыру;
- кәмелетке жасы толмағандар ата-аналарымен және басқа да заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасау;
- балаларды оқыту, тәрбиелеу, емдеу, спорт және өзге де мекемелермен тиісті дәрежеде жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- кәмелетке жасы толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу;
- балалардың дене бітімі, зияткерлік, рухани және имандылық дамуына, оларды патриоттыққа, азаматтыққа және бейбітшілік сүйгіштікке тәрбиелеуге ықпал етуден тұрады.

Ғылыми деректерге қарағанда, тәрбиесі қиын балаларда байқалатын белгілер: біріншіден, анамалды қажеттілік, екіншіден, тұрақты жаман қасиеттердің жиынтығы, үшіншіден, ата-аналарымен немесе мұғалімдермен тұрақты егесу жағдайлары, төртіншіден, басқа адамның көмегінсіз өзін-өзі түзетуге қабілетсіздігі. Белгілі психолог ғалым К.К.Платонов жеке адамның психологиялық болмысын төрт салаға бөледі:

1. Баланың темпераменті және жыныстық ерекшеліктері мен жас ерекшелігі (физиологиялық ерекшеліктер);
2. Жеке адамның дамып қалыптасуына негіз болатын психологиялық құбылыстар (түйсік, елес, ой, сезім, тілек, қабілет, қызығушылық, мінез, әдет- биологиялық ерекшеліктер);
3. Баланың күнделікті өмір тіршілігі, білімі, әдет-дағдысы, икемділігі;
4. Ұстанған бағыттары мен адамгершілігі.

Негізінен, барлық мәселе ата-аналар тарапынан баланың бос уақытының орнықты пайдаланбаудан, тұрмыстың нашарлығы мен отбасындағы қақтығыстардан бастау алады. Ата-ананың жылуынан, сүйіспеншілігінен, ыстық ықыласынан айырылған балалар көшесінің қағидасымен өмір сүруге бейімделеді. Қылмыстық жолға түседі. Жасөспірімдердің осындай келеңсіз оқиғалардан аулақ болуын жан-жақты тұрғыда қарастырып, бірлесіп іс-әрекет жасағанда ғана іске асыруға болады. Осы орайда қиын жеткіншектерді қайта қалпына келтіру орталығында және жалпы білім беретін орта мектептерде психологиялық қызметті ұйымдастыруды жүйелі жолға қойса, мектеп психологы ата-аналармен және мектеп инспекторларымен етене жұмыс жүргізсе, қиын бала мәселесі біршама орнымен шешілуі мүмкін болар еді деп ойлаймын.

### **Әдебиеттер**

1. Болашақ. С.Дүйсенбиева, «Қиын» баланы қайта тәрбиелеу жолдары. №12 (435) наурыз, 2007ж.
2. Болашақ. Ш.Парманқұлова, «Қиын бала» және отбасы тәрбиесі, №20 мамыр, 2006.3 бет.
3. Болашақ. С.Дүйсенбиев «Қиын балалармен жұмыс түрлері» №20 (305) мамыр 2006 ж.
4. Болашақ Оңалбай Е. «Психолог – тәрбие жұмысындағы жетекші тұлға» №14 (209) сәуір 2006 ж.
5. Хабаршы «Психология және социология» сериясы №2 (13)
6. С.М.Жақыпов, Т.К.Күнсләмова «Жетекшідегі «мен» бейнесі және агрессивті мінез – құлық пен өзіндік бағалаудың байланысы.
7. Выготский Л.С. «Педагогика подростка» Собр. Соч. М.1984 93-101 бет
8. Парманқұлова Ш. Қиын бала және отбасы тәрбиесі/Парманқұлова Ш, //Болашақ. -2006-№2.-С,№2-қаңтар
9. Юсупов И. Қиын оқушы қайдан шығады?Юсупов//Қазақстан мұғалімі .- 2006.Қараша. -Б5
10. Қайырова Ж. Ауытқушы мінез-құлықтың шығу себептері мен факторлары /Қайырова Ж.// Қазақстан мектебі – 2006,№1 62-67 бет
11. Әбеуова И. Мінез-құлқында қиындық бар оқушыларды анықтау жолдары/Әбеуова И// Ұлағат – 2004-№5-26-30 бет –С.№5 26-30б
12. Өтеген Қ. Девиантты мінез-құлықты балаларға сипаттама және оны анықтау жолдары /Қ.Өтеген//Баптауыш мектеп. – 2007-№1 –Б.5

**Баймахова А.Ш.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің  
магистр-оқытушысы, aknur.bajmaxova@mail.ru

**Мынбаева А.П.**

PhD доктор. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық  
университетінің аға оқытушысы, mutlu\_8484@mail.ru

**Ортаева А**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің аға оқытушысы

## **ӘНГІМЕ ЖАНРЫНДАҒЫ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІКТЕ СУРЕТТЕЛЕТІН ОҚИҒАЛАРҒА МІНЕЗДЕМЕ**

***Түйіндеме.** Біз ғылыми мақаламызда қазіргі қазақ әңгіме жанрын, оның бүгінгі хал-ахуалын, өзіндік ерекшеліктері мен әңгіме жанрында кездесетін оқиғалардың өту кезеңдерін, уақыт пен кеңістікті қарастырдық. Бүгінгі қазақ шағын прозасында жаңалықтар жетерлік, ол өмір жаңалықтарына тез бірге ілесуімен, оның бір қырын көрсетсе де, бірегей көрсетуімен, басқаша айтсақ, көркемдік-идеялық деңгейінің өсуімен көзге түседі. Түйіндей айтқанда, қазақ прозасы - өсу, толысу, даму үстіндегі жанр.*

*Сонымен, қазіргі қазақ әңгімелерінен шындық болмыстағы оқиғаларды көркемдік тәсілмен сол қалпында түсіргісі келетіндігін, жазушылардың жазу мәдениеттілігін, қазіргі қазақ әдебиетіне деген өз үлесін өосу үстінде екенін байқаймыз.*

***Кілт сөздер:** әңгіме жанры, кеңістік, уақыт, әдебиет, көркемдік ерекшелік, мінез.*

***Аннотация.** В научном статье рассматривается жанр казахского рассказа, и его сегодняшнего состояние, свои различные характеры, происходящие сюжеты, время и пространство современного рассказа. Данные время в рассказах есть свои очередных новостей.*

*Таким образом, мы видим, что современные казахские рассказы пытаются таким образом захватить реальность, писательскую культуру писателя и его вклад в современную казахскую литературу.*

***Summary:** The scientific article examines the genre of the Kazakh narrative, and its current state, its various characters, current subjects, time and space of modern narrative. The given time in the stories has its regular news. Modern Kazakh stories develop and vsvetshaetsya. Thus, we see that modern Kazakh stories try in this way to capture the reality, writer's culture of the writer and his contribution to modern Kazakh literature.*

Әңгіме жанрын жазу оңай емес. Себебі, әңгіме шағын жанрлы проза болғандықтан, бір жылдық болмаса бір өмірді суреттейтін оқиғаны екі-үш бетке сыйдыру керек. Әңгіме жазудың екі түрлі ерекшелігі бар. Біріншіден, қысқа жазылу керек, екіншіден, шебер жазылуы қажет. Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. қазіргі әңгімелерде кейіпкер саны аз болғанмен, әрқайсысының өз орны бар. Оқиға желісі жарты сағаттық, бір күндік, я бір ғасырлық болса да нанымды суреттелген.

“Ол—бес жүз беттік роман емес: көлемі бес-ақ бет болуы мүмкін. Оны оқып шығу үшін бір жеті керек емес, бір-ақ сағат жетуі мүмкін. Жұмыстан бос, демалыс сағаттарыңызда қолыңызға алып, қызыға оқып, қызғана қадалып, көз ала алмай, толғына тебіреніп отыру қандай рахат!” [1, 72].

Ал осыншалық қысқа кара сөзде суреттелетін оқиғалар арқылы оқырманға рухани ләззат сыйлау, жалықтырмай қызықтыру тек шебер жазушының ғана қаламынан тамады. Екі-үш беттік шығарма көлемінде өмір айдынының бір бөлігін жарқ еткізіп жайып тастап, оқырман алдына қилы-қилы мінездің адамын жетелеп әкеп, кейіпкерлерге мінездеме беріп үлгерту, жақсы – жаманын айыру білдірту — асқан шеберлік.

Әңгімеге қатысатын кейіпкерлер де көп болмайды. Сюжет желісі бір арналы, ширақ келіп, тақырыбы мен идеясы айқын болады. Мұнда бір айтылған жайларға қайта оралуға, тәптіштеп баяндауға, ұзақ суреттеме беріп жатпайды. Бір оқиға тартыс-қақтығысты бейнелеумен кейіпкерлердің мінез-тұлғасы толық, айқын көрініс тауып, маңызды ой-түйіндер жасалуы қажет. “Әңгіме жанры сурет арқылы көп жайды аңғарта білетін айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді” [2, 73].

Әңгіме — қысқа новелладан гөрі сюжет арқауы қиындау құрылатын, өмір құбылыстарын ықшамдап түйгенімен, оған терең мағыналы идея сыйғызып, болмысты сәл өрнектеп, сатылатып дамытатын, өте елгезек, икемді форма. Әңгіме де очерк пен новелла тәрізді өмірдің шұңғыл-шұңғылына үнемі барлау жасайды. Көбінесе адамның басынан кешкен суреттеуге әбден тұратын жеке жағдайын сөз етеді. Негізгі мақсаты бір ғана мәселенің бірер ғана кейіпкердің төңірегіне бағыныңқы

болады. Әңгіме жанрының өзіне тән басты қиыншылығы сол, ол қашан да қиыннан қиыстырылып, қысқа жазылады.

Повеске қарағанда әңгіме өмір құбылысын өте тар шеңберде, өз бойына шақ мөлшерде, икемдеп алады. Яғни, күрделі бір ғана сәтке негізделеді.

Адам характеріне сайып келгенде, екі жақты процесс ықпал етеді: біріншісі – кейіпкер әлемінде, ой – сезім дүниесінде сол кейіпкер өмір сүріп отырған заманның әлеуметтік проблемалары, екіншісі – ар – инабаттылық, құлықтық проблемалары [3, 8]. Тұлғаның рухани адамгершілік әлемі, оның әлеуметтік жағдайы, философиялық – мінездік, әлеуметтік мәселелеріне жауап беру қазіргі қазақ әңгімесінің тақырыптық-идеялық ерекшеліктерімен қатар, өту кеңістігі мен уақытын әңгімелеуі құрайды.

Көркем шығармадағы кеңістік пен уақыт сол шығармадағы оқиға, іс-әрекеттерге қатысты өзгереді. Ал олардың алмасуына, бір-біріне қатысты жүйеге түсуіне әлеуметтік жағдай себепші, іс-әрекеттің мән-мағынасына бағындырылған. Шығармада қаһарманның дүниеге келген сәтінен кемеліне келген шағына дейінгі кезеңді тездетіп баяндау, уақытты сығымдау немесе оны созу, оқиғаны тек соның айналасына жинақтап, дамыту т.б. уақыт пен кеңістік категорияларына да әсер етеді. Реалды уақыт үздіксіз өтіп жатады және үнемі алға біркелкі жылжиды. Бізді қабылдауымызда уақыт кейде ақырын, кейде жылдам ауысқандай болады. Ал көркем шығармадағы уақыт оқиғаның суреттелуіне байланысты бірде жедел, бірде баяу жүріп, кейде үзіліп те отыруы мүмкін. қайсыбір шығармаларда оқиға аяғынан басталып, суреткер уақытты кейін қарай жылжытып көрсетуі мүмкін. Мәселен, О.Бөкеевтің «Үркер», «Бәрі де майдан» шығармаларында уақыт кейін жылжытылып, негізгі оқиғалар, тартыс лирикалық шегініс арқылы беріліп отырады.

Аягүл Мантайдың «Балалықтың көктемі» әңгімесінде нағашы атасының үйіндегі жағдайлар кеңістікте орын алса, асқабақтың бірден бой жетуі, уақыт кейін жылжытылып, негізгі оқиғаға ауысып, соңында қайтадан уақыттың озғанынан келеді. Қанат Әбілқайырдың «Тезектің қабындағы» кеңістік қазіргі қоғамымыз, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңіміз болып табылады. Оқиғадағы уақыт ара-кідік жылжымаса, негізі сол қалпында. Жазушының «Сүндетбай» әңгімесінде оқиға баяншының ой елегінен өтеді. Қазіргі кеңістікте сүндеттеліп туылу ұлтқа ғана тән жағдай. Алланың әміріне, құдыретіне қарсы келу адамның кемтарлығына алып келеді. Сүндетбай да өзге адамдар секілді он екі мүшесі сау, бірақ сүндеттеліп өмірге келіп еді. Оның бес жасында қайта сүндеттелуі оның өміріне деген өзгеріс алып келді. Тек ырым жасау керек еді. Оның көзқарасынан күнәсіздікті аңғару оңай емес. Уақыт өте келе кемтар болса да еш зияны жоқ адам кейіпін суреттелді. Қазіргі таңда мүгедек жандардың қатары күннен-күнге артып келу табиғаттың тылсым күшінен де болуы мүмкін. Осыны сездірмекші автор.

Қазіргі қазақ әңгімелерінде кеңістікте уақыт өзгерісін көркемдік әдіспен шынайы суреттеледі. Уақыт пен кеңістіктің түйісуі – заман. Осы заманғы оқиғаларды әр жазушы өз шеберлігімен бере алады. Осы заманғы кертартпа құбылыстардың бірі түнгі көбелек, некесіз сәбилердің көбеюі. Некесіз сәбидің болашағы алаңдатпайды ма ананы, өз ортасынан оқшау өмір сүретінін білмей ме аналар? А.Мантайдың «Депрессиясындағы» сұлу Айкөркемнің қоғамдағы тағы бір тағдырдың қисынсыз жолдары күтіп тұрғаны. Айкөркемнің апа-сіңлілері әр әкеден өмірге келді. Атына заты сай емес Жұпар келіншек күйеуімен қоса қызын да депрессияға ұшыратты. Тағы бір өмірге балта шабылды. Үлкендердің әңгімесін естіген оқушылар Айкөркемнен өзін аулақ ұстады. Табиғат шіркейлеріне ұқсатқан Айкөркем тағдырын суреттеуде психологиялық параллелизм бар. Заман шындығын жазушы өз шығармасында батырлықпен, қайсарлықпен, өжеттілікпен бейнелейді. Сонымен қатар мейірімділік, сезім шуағы да еседі. Мұндағы параллелизм көбелек пен жезөкше, жақсы көру мен жеккөрушілік, жақындау пен алыстау, сезім мен сағыныш қатар суреттеледі.

Сонымен қатар А.Мантайдың «Иллюзия» әңгімесінде кейіпкер екі кеңістікте қатар өмір сүреді. Олай дейтініміз 1-жақтан баяндаушы өз өмірімен және елеспен өмір сүреді. Өмірінде бір рет те көрмеген әйелі бар еркекке ғашық ретінде екінші өмірі бар. Оның елесін миының үйшігіне тығып тастаған. Оны шын өмірде көрсе бәрінен құр қалатындай болады. Сол үшін де елесі - бүгінгі үміті. Тағы бір байқағанымыз саясат кеңістігі, қара қарға мен иттің жайылып тұрған етті аңдып тұрып шұқылап, алып кетуі – бүгінгі қоғам.

Бейбіт Сарыбайдың әңгімелерінде суреттеліп отырған бірінші кеңістік – ауыл, екіншісі – табиғат кеңістігі. Ауыл тіршілігі табиғатпен астасып жатыр. Қаламгердің кеңістік пен уақытты айқындауда, шығарма сюжеті мен характерінің берілу сипатын қарастырамыз. «Қара ағаш» әңгімесінде ауылдағы басынан өткен оқиға осы қара ағашпен байланысты. «Біздің ауылда тарлау бір көшеде жалғыз өсіп тұратын қара ағаш болатын. Мүмкін ол бәйтерек шығар, әлде тарихқа бай терек шығар, әйтеуір мен үшін қара ағаш еді. Кәрілігінен болар, жаз айларында аз ғана уақытқа жайқалатын да қайтадан қалпына келетін. Жұқалтаң жапырақтарының ғұмыры қысқа-тын. Селдір бұтақтары қап-қара еді. Бірақ осы қара

ағашқа біраз қыз-жігіттер басқа көзқараспен қарайтын. Қасынан өткен әрбір адам әлденені есіне алатын. Бір жерінде құпия сыр жатқандай қарайтын. Қысқасы, жанарларға жылы ұшырап тұратын. Осы қара ағашқа қатысы барлар оның өздеріне деген ыстықтығын сезінуші еді. Көбіне-көп жастар.» Осы ауылдан түлеп ұшқан біраз жастың балаң кезі осы қара ағашпен байланысты еді. Жұқалтаң жапырақтарының ғұмыры қысқа дегені – қыз-жігіттің сырлас, достас болуы да қысқа-тын. Екі кеңістік орын алады. Уақыт өте келе ауыл өзгергенмен, табиғат кеңістігі өзгермейді. Уақыт зырғып өтті. «Арада тағы да жылдар өткен». Осы табиғат кеңістігінде сюжеттік желі дамып, кейіпкерлердің мінезі де даралана түседі. Табиғат оқиға желісіне араласып отырады. Табиғат кеңістігіне зақым келтірген ауыл адамдары жастардың осы қара ағашты сағынатынын білмейді. «Ауылды сағынып-ақ қалыппын. Алматыда жүргенде анда-санда қара ағашты есіме алып қоюшы ем. Енді, міне, жанында тұрмын. Екі жыл бұрын Нәйлә екеуміз осы қара ағаштың түбінде тұрып едік. Сол кезде әлденеден секемденгендей ме едім? Оған қара ағаштың не қатысы бар? деп еді ол. Мен олардың жолын бермесін деген едім». Кейіпкерлер қанша сенгісі келмесе де өмір солай жайғастырды. Енді қара ағаш та жоқ. Ауыл адамдары отындыққа керек еткендей. Бірге боламыз деп серттескен екі жас енді әр қалада. Қасында Нәйләсі жоқ. Адамның өз жалғыздығы ұшы-қиыры жоқ кеңістікті қабылдап сезінуі, өкініші, қара ағашқа деген сағынышы арқылы беріледі.

Қай шығарманы алмайық кеңістік қазіргі заман. Кейде табиғат кеңістігі мен, ауыл мен қала кеңістігі қатар жүреді. Бірақ табиғатпен астаса суреттелген оқиға желісінің өрбуі сюжет құру теориясынан тыс қалмайды. Сюжеттің белгілі тәртіппен орын алуы болса, қазіргі қазақ әңгімелерінде керісінше. Сюжет шешіммен басталуы мүмкін. Сюжеттің шешімі аяқсыз қалып, орта белінде шешім қабылданып қоюы мүмкін. Бірақ әңгіменің жанрының кейін емес ілгері қадам басуына алып келеді.

Тәуелсіздік тұсындағы шығармалар тек тақырыптық, образдық тұрғыдан ғана емес, көркемдік ерекшелік, поэтикалық стиль тұрғысынан да жаңарып, түлегені байқалады. Жаңа тақырып пен өмір құбылыстарын бейнелеудегі тілдік айшықтар (орнаментальді) арқылы да қаламгерлердің даралық қолтаңбасы айқындалады. Адам және оның өмір сүріп, тіршілік етер ортасындағы заттық әлем арасындағы қарым-қатынасты суреттеу көркем әдебиетте үзіліп қалған үрдіс болатын. Бұл кемшілік, әсіресе, ұлттық әдебиеттерде туған жер, өскен орта, ұлттық ерекшеліктерін тануды тұмшалау салдарынан орын алды. Біз осы олқылықты жоюға тырысқан қазіргі қазақ прозасындағы «үй мотивінің» көркемдік мәнін қарастыруға талаптандық. Нәтижесінде бұл мотивтің өзі түрлі сипатта: «киелі орын, адам баласының жалпы мекені» дейтін оң бағытпен қатар, гротескілік, аллегориялық, сатиралық фон ретінде де алынатындығы мәлім болды. Қазақтың жаңа прозасындағы жиі кездесетін жалғыздық, айқай, айна сарынының қолданысына, тақырыптық ерекшеліктеріне талдау жасау арқылы философиялық және психологиялық ой-түйіндер мен дәстүр жалғастығы жөнінде ой қорытындылары жасалды.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасы жаңа көркемдік белеске көтеріліп, өзгеше өрнек қалыптастыру жолына түсті деп ой түйіндеуге болады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Қабдолов З. *Жанр сыры*. —Алматы: Жалын, 1964 - 214 бет.
2. *Әдебиеттану терминдер сөздігі*. —Алматы: Ана тілі, 1998. – 321 бет.
3. Омаров Т. *Әдебиет жайлы ойлар*. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. —352 бет.



**Ибадуллаева С.Ж.,**

б.ғ.д., профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., salt\_i@mail.ru

**Майгельдиева Ш.М.,**

п.ғ.д., профессор, Sharban56@mail.ru

**Раманова Л.Б.,**

PhD докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., ramanova1988@gmail.com

**Жандавлетова Р.Б.,**

б.ғ.к., аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., raihanzhandavletova@mail.ru

## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ – ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

***Түйін.** Бұл мақалада Қазақстандағы көптілді білім берудің дамуы талқыланады. Авторлар көптілді білім беруді демократиялық ойлау мен мінез-құлықтың, коммуникативтік дағдылардың және әлеуметтік субъектілердің өзара іс-қимылындағы толеранттылықтың дамуына ықпал ететін тиімді механизм болып табылатынын атап көрсетеді. Осыған орай, авторлар көптілділікті инновациялық идея және білім беру мекемелеріндегі оқыту жүйесі ретінде қарастырылғаны жөн деп дәлелдейді.*

***Резюме.** В данной статье рассматривается вопрос о развитии полиязычного образования в Казахстане. Авторы отмечают, что полиязычное образование представляет собой действенный механизм, способствующий развитию демократического типа мышления и поведения, коммуникативных навыков и толерантности во взаимодействии субъектов образовательного процесса. Исходя из этого, авторы констатируют, что полиязычие необходимо рассматривать и как инновационную идею, и как систему обучения в образовательных учреждениях разного уровня.*

***Summary.** This article discusses the development of a multilingual education in Kazakhstan. The authors note that multilingual education is an effective mechanism that promotes the development of a democratic type of thinking and behavior, communicative skills and tolerance in the interaction of social actors. The authors suggest that polyglotism is viewed as an innovative idea and as a system of education in educational institutions.*

Көптілді тұлғаны қалыптастыру көпұлтты еліміздің зайырлығының ғана шарты емес, сонымен қатар өркениет көшінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың алғышарты десек, көптілді ортада білім беріп жүрген ұстаздардың біліктілігін арттыру, түптеп келгенде Елбасы назарындағы «Қазақстан – 2050» Мәңгілік ел стратегиясының іс жүзіне асуындағы іргелі факторларының бірі екені даусыз.

Ғылыми әдебиеттерде «көптілді білім беру - білім ошақтарында оқыту пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз игерту. Дегенмен де, жаратылыстану білім негіздерін игеру келешектегі басты мақсат болғандықтан, көптілділіктің маңыздылығын кеңінен насихаттап, білім беру стандартының мазмұнын түгелдей түсіндіру, нәтижеге бағытталған алдыңғы қатарлы оқыту әдістемелерін қалыптастыруды қажет етсе тәжірибеде аудармасыз оқыту түгелімен оң нәтиже беріп отыр деп айту қиын. Аудармасыз оқыту көптілдікті қалыптастырудың содан кейінгі сатысы. Яғни бұл жөнінде айтпағымыз, егер бірден аудармасыз оқытудан бастайтын болсақ, білімде де, көптілділік үрдісінде де ілгері жылжи алмауымыз мүмкін. Ағылшын тілі уақыт өткен сайын саны артып келе жатқан түрлі мемлекеттердің өкілдері үшін халықаралық, ұлттаралық, әмбебап, жаһандық қарым-қатынас құралы ретінде қарастырылып отыр. XX ғасырдың орта кезінен XXI ғасырдың бас кезіндегі халықаралық байланыстардың қарқынды дамуы себепті әлемдік аренада ағылшын тілінің деңгейінің жоғарылауы ғылыми қоғамда оның кеңінен таралуы, мәдениеттер, ұлттар арасындағы оның ролі туралы сұрақтардың туындауына ықпал етті. Осы себепті, ағылшын тілінің заманауи өмірдегі ролі, қызметі, статусы туралы түрлі теориялар жарық көрді. Мысалы, Р. Филлипсон ағылшын тілінде сөйлейтін мемлекеттерді орталық (core) және шеткері (periphery) деп бөлді. Осыған байланысты, Б. Качру үш шеңбер түрінде бейнеленген ағылшын тілінің кеңінен таралуын сипаттайтын «үш концентрацияланған сақина» теориясын жасап шығарды:

1) Ішкі шеңбер (the inner circle) ағылшын тілі ана тілдері болып саналатын АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия және Ирландия секілді мемлекеттермен көрсетілген

2) Сыртқы шеңберге (the outer circle) ағылшын тілі мемлекеттік тілмен қатар ресми тіл статусына ие елдер жатқызылған. Әдетте бұл елдерге мультилингвальді өмір сүру ортасы тән болады. Бұл елдерге негізінен, бұрын Ұлыбританияның колониясы болған Үндістан, Сингапур, Малайзия және басқалары жатады.

3) кеңеюші шеңберге (the expanding circle) ағылшын тілі білім беру ортасында негізгі оқытылатын шетел тілі болып саналатын елдер жатады. Бұндай елдерге, Қытай, Ресей және басқалары жатады.

Танымал лингвист Д. Кристал «кеңеюші шеңбер» терминін 1980-ші жылдары енгізілгендіктен анық емес деп санайды және орнына «кеңейген шеңбер» терминін қолдануды ұсынады, себебі, қазіргі күні саяси, экономикалық, әлеуметтік факторлардың әсерінен әлемдегі барлық дерлік елдерді аталған үдеріс қамтып отыр. Бұл шеңберлердің шекаралары шетел тілі ретінде ағылшын тілін қолданатын елдердің саны толастамай өсіп келетіндіктен қозғалмалы және біркелкі емес болып отыр. Ағылшын тілін екінші тіл ретінде қолданатындардың саны бұл тілді ана тілі ретінде қолданатындардан саны жағынан басымырақ деген де пікір бар[1].

Ағылшын тілінің кеңінен таралуын ғалымдар жаһанданумен байланыстырады. Ағылшын тілінің таралуына саяси, экономикалық, стратегиялық одақтар, ғылыми, мәдени бірлестіктер, масс-медиа құралдары, мультинациональді корпорациялар, тұлғаның кәсіби және жеке өмірінің интернациональдануы едәуір әсер етті. А. Гардт және Б. Хуппауф жаһанданудың түсінігінің өзін ағылшын тілімен байланыстырады: «Жаһандану ағылшын тілін екінші тіл ретінде қолдануды бүкіл әлем бойынша кеңінен таратып, басқа тілдердің шетел тілі ретінде оқытылуын азайтумен көрінеді»[2].

Ағылшын тілінің «әлемдік» тіл ретінде пайда болуы – салыстырмалы жаңа құбылыс, яғни аталған құбылыстың маңызыдылығына байланысты түсіндірмелер мен тұжырымдардың жоқ дегенде бір-біріне қарсы келі қалыпты құбылыс. Және бұл тұжырымдарды бағалаудың өзі де эмоциялық бояуға қанық болып отыр. Осыған байланысты зерттеліп отырған құбылыс турасында ойлар мен пікірлер екіге жарылған. Ағылшын тілінің таралуына қарсылық білдіретіндер өздерінің көзқарас тұрғыларын «антикапиталистік және антиимпериалистік себептермен, сондай-ақ адам мен қоғам құқықтарын қорғаумен байланыстырады»[2]. Осыған орай, Р.Филлипсон ағылшын тілінің басқа тілдері үшін қауіпті болуының мүмкін екендігін әрі ағылшын тілінің артып жатқан басымдылығы «лингвистикалық империализм» ретінде қарастырылуы ықтималдылығын атап өткен[3]. Басқа зерттеушілер, экологиялық позицияларды ұстанады, тілдік әртүрлілік, саясат, экологияны біртұтас деп қарастырып, тілдің өміршеңдігін белгілі бір елдің халқы және мәдениетімен байланысты дейді. Осылайша ағылшын тілінің әлемдік жаһандық тілге айналуы көптеген қайшы пікірлер тудырды, оның ішінде, делдал тіл ретінде оң көзқарастың басым болуына қарамастан, ұлтаралық қатынастарда түрлі ұлттардың өкілдерінің ағылшын тілін басқа тілдердің дамып, таралуына кері әсерін тигізетін «киллер-тіл» деп санайтындары да жоқ емес.

Ағылшын тілінің кеңінен таралуының жарқын мысалдарының бірі, жалпы білім беру және ЖОО білімді интернационалдандыру үрдісінде шешуші рольді ағылшын тілі атқаратын білім беру саласы болып табылады. Танымал лингвист А. Пенникук бұл жағдайды оқушылардан ұлтаралық қарым қатынас үшін керек ағылшын тілін үйренуін талап ететін академиялық ұтқырлықпен байланыстырады [4]. Дж. Колеманның пікірінше, қазіргі таңда жоғарғы білім брендке айналған университеттермен сипатталатын жаһанданған нарыққа тиесілі. Білім берудің нарықтық сипатына саны артып келе жатқан академиялық ұтқырлық, оқу ақысының қымбаттығын, сұраныстан ұсыныстың көбейгенін келтіруге болады. Осыған байланысты, Дж. Колеман жоғарғы білімнің демократиялық еуропалық аймағын құру үшін жасалған Болондық декларация білім беру жүйесінің халықаралық маркетингизациялануының көрінісі деп айтып өтті[5]. Осылайша, нарықтық қарым-қатынас жағдайында білім беру саласында ағылшын тілінің барған сайын маңызы артып жатыр.

Д. Граддолдың пайымдауынша, әлемдегі ең маңызды білім беру тенденцияларының бірі ағылшын тілін қолдану арқылы жүргізілетін курстар болып табылады[6]. Белгілі бір пәндерді өз туған тілінде емес, ағылшын тілінде оқуға ықыластың болуы да түсінікті: мысалы, ғылымда әлемдік тілде жарияланған заманауи оқулықтар мен ғылыми мақалалардың қолжетімділігі едәуір жоғары. Ағылшын тілінде оқыған студенттер, кейін университет бітірген соң да күнделікті өмірде осы тілді қолданатындықтарынан, олардың балалары да ағылшын тілінде сөйлеуі нәтижесінде туған тілдерінен ағылшын тіліне оп – оңай ауысып кетеді.

Дж. Колеман ағылшын тілі оқыту тілі болып бекітілген бағдарламалар мен курстардың енгізілуінің себептерін 7 категория бойынша бөліп қарастырады:

- 1) пәндік-тілдік біртұтастандырылған оқыту
- 2) интернационализация
- 3) студенттермен ауысу

- 4) білім беру, зерттеу материалдары
- 5) профессор-мұғалімдік құрамның академиялық ұтқырлығы
- 6) бітірушілердің жұмысқа тұрғызылуы
- 7) халықаралық студенттер нарығы

Пәндік-тілдік біртұтастандырылған оқыту кезінде оқушылар шетел тілін табиғи түрде меңгереді, яғни пәннің мазмұнын делдал тіл арқылы оқып меңгереді. Қазіргі таңда әлемнің барлық дерлік университеттерінде жетекші тенденцияға айналған интернационализация үрдісі ЖОО – лардың, оқыту сапасының, мәдени сананың, оқытушы мен оқушының келешегінің жаңаруына ықпал жасайды. Көптеген европалық зерттеушілердің пікірінше, ағылшын тілін оқыту пәні ретінде таңдаудың жиі себебі оқу бойынша ауысу бағдарламалары болып табылады. Дж. Колеман пайымдауынша, шетелдік студенттер мен халықаралық білім беру қызметкерлерін қабылдау, сол ЖОО-ның беделінің арта түсуіне, ғылыми жобалар мен зерттеулерге қаржыландырудың тартылуына, сонымен қатар сол ЖОО-ны бітіруші түлектік әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігінің артуына оң әсер етеді[5]. Осылайша, институционалды және жеке мүдделер профессорлық – мұғалімдік құрамға да студент үшін де сәйкес келіп отырады. Жалпы алғанда, білім беру саласында ағылшын тілінің ролін байланысты жасалған жұмыстар сараптамасында көптеген ғалымдардың ағылшын тілінің академиялық әлеуеттілігін жергілікті деңгейдегі болсын, жаһандық болсын, мойындауын байқаймыз.

Дегенмен, білім беру саласындағы ағылшын тілін меңгеруге кедергі болатын әрі қиындық тудыратын факторларды атап өткен жөн:

- сөйлеу дағдыларының жеткілікті дәрежеде игерілмеуі және оқытушылар мен оқушыларды дайындау қажеттілігі;
- туған тілдің ғылым тілі ретіндегі статусы мен мәдени даралығына қатер төнеді деген пікірден туындайтын идеологиялық қарсылықтар;
- жергілікті қызметкерлердің ағылшын тілінде оқыту үрдісін жүргізуге ықпалсыздығы;
- әлемдік нарықта ағылшын тілінде сөйлейтін мамандардың аздығы;
- ағылшын тілі ана тілі болып саналатын оқытушылардың шетелдік студенттерге бейімделуге қабілетсіздігі;
- халықаралық студенттердің жеткілікті дәрежеде білікті болмауы;
- ұйымдастырушылық мәселесі мен әкімшілік инфрақұрылым;
- жергілікті студенттердің ықпалсыздығы;
- өз-өзіне сенімділіктің болмауы және жаңа ортаға бейімделе алмаушылық;
- шетелдік студенттердің мәдени біртұтастығының болмауы.

Көрініп тұрғандай, жоғарыда аталғандардан, ағылшын тілін меңгеру меңгеруші адамнан белгілі бір қабілетті, ықпалды қажет ететін кешенді құбылыс болып табылады.

Осылайша, білім беру саласындағы ағылшындану (Englishization) үрдісі бүкіл әлемді шарпыды. Ағылшын тілінің Қазақстан Республикасының білім беру кеңістігінде ілгері жылжығанына салыстырмалы түрде көп уақыт өте қоймады, осыған орай, білім беру жүйесінің әрбір сатысында едәуір өзгерістер орын алып жатыр.

Әлемдік біртұтастану жағдайында, инновациялық технологиялардың қарқынды дамып, ақпараттық кеңістік ұлғайып жатқан кезеңде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі де көптеген өзгерістерге ұшырауда. 2012 жылдың 27 қаңтарындағы «Әлеуметтік – экономикалық модернизация-Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы адам капиталының сапасының өсуіне баса назар аударған, яғни ең бірінші, білім беру жүйесін модернизациялауға көңіл аудартып отыр[7].

Қазіргі таңдағы ЖОО оқытушысының негізгі мақсаты- нарықтық бәсекеге қабілетті өмірден өз орнын таңдай алатын және өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделе алатын, белгілі бір ғылым саласында өз біліктілігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттілікті игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру. Жалпы білім беретін орта мектептерде көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мамандар даярлау қажет.

Көптілді білім берудің бүкіл әлемде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарға бейімділігін қалыптастыратын лингвистикалық біліктілігі жоғары жетілдірілген жастардың бейімделуге ықпалы мол. Көптілді тұлғаны қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруда жоғары оқу орнының рөлі зор, себебі негізгі құндылықтар мен өмірлік қағидалар осы уақытта қалыптасады. Ұлттық мұраны және өзге мәдениетті құрметтейтін, үш тілді жетік меңгерген, іскер, шығармашыл, дүниетанымы мол, интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру жұмысы болашақта да университетіміздің негізгі міндеттерінің бірі ретінде жалғасын таба бермек.

«Тіл саясаты ағылшынша language policy – ұлт саясатының ажырамас бөлігі; белгілі субъектілердің

(мемлекеттік билік, қоғамдық топтар, партия т.б.) тіл дамуына саналы әрі мақсатты түрде ықпал етудің теориясы мен практикасы. Тілдердің қызмет етуіне мақсатты және ғылыми негізде басшылық ету жәнәтiлдiк қатынас құралдарының жаңа түрлерін жасау және жетiлдiру; ұлтмәселесi бойынша тiлге қатысты мемлекеттiк саясаттың аспектiлерi. Тiлдiк саясат имплициттi (қаулылармен қабылданған құжаттар, iс – шарасыз және практикалық тұрғыдан жүзеге асырылатын) немесе эксплициттi (заң актiлерi, мемлекеттiк бағдарламалармен жетiлдiрiлген) болады[8].

Тiл саясатын жүзеге асыру үшiн өскелең ұрпақтың бiлiмдi болуы шарт екенi даусыз. Қазақстандағы тiл саясатын ғылыми негiзде зерделеу үшiн О.Б.Алтынбекованың, М.М.Ареновтың, Г.А.Базарбаеваның, Л.А.Байдельдинов А.И.Баскаковтың, Г.Досмухамбетованың, С.З.Зимановтың, Р.К.Қадыржановтың, А.Т.Қайдаровтың, Қ.Е.Көшербаевтың, С.О.Оразалиновтың, Ж.С.Смағулованың, М.С.Сужиковтың еңбектерiнiң маңызы зор. Н.Б.Мечковскаяның ойынша тiл саясатын жүзеге асыру, бiрнеше сатылы әрекеттерге негiзделуi керек: концепциялар жасау, тiлдердiң әрекеттесуiнiң заңгерлiк регламентациясын жасау, тiлдердi әкiмшiлiк тұрғыда реттеу [9].

Қазақстан Республикасында бұл әрекеттер мына заңдармен бекiтiлген: Қазақстан Республикасының Ата заңы (1995); Қазақстан Республикасының тiл саясаты концепциялар туралы заң (1996); «Қазақстан Республикасындағы тiлдер жөнiнде» (1997); Тiлдердi дамыту мен қолданудың мемлекеттiк бағдарламалары (1998-2001ж.), Мемлекеттiк тiл қолданыс аясын кеңiту, 2007-2010 жылдардағы бәсекелестiгiн көтеру, Қазақстанның ұлттық бiрлiгi доктринасы (2010ж.) және мемлекеттiк-құқықтық аспектiлерiн реттейтiн өзге де заңдар. Қазақстандық социолингвистердiң пiкiрiнше (Э.Д.Сулейменова, Д.Х. Аканова), Қазақстанда жасалып жатқан тiл саясаты орталықтандырылған (себебi, бұл iске тiкелей мемлекет араласады, барлығын мiндеттейтiн шаралар өткiзедi), перспективтi (себебi, қазiргi тiл ахуалын өзгертуге құрылған), демократиялық (себебi, әлеумет топтардың барлық қырын ескередi), ұлтаралық (себебi, атқаралып жатқан шараның негiзгi бағыты қазақ тiлiн дамыту, орыс тiлiн, және де басқа да этностардың тiлдерiн дамытуды көздейдi), конструктивтi (себебi, тiлдi қолдану салаларындағы тiл функцияларын дамытуға бағытталған және әдеби қазақ тiлiнiң кең таралуы мен әлеуметтiк-қолданбалы рөлiн дамытуға бағытталған)[10].

Қазiргi уақытта Қазақстан Республикасында негiзгi тiлдiк ахуал қалыптастырып отырған қос тiл: қазақ және орыс тiлi. 2009 жылғы халық санауы бойынша, Қазақстан Республикасындағы халықтың 63,1 пайызы қазақ ұлты, солай бола тұра, халықтың 94 пайызы орыс тiлiн түсiнедi, 85 пайызы орыс тiлiнде еркiн жазаалады, ал қазақ тiлiне келер болсақ, жалпы халықтың 74 пайызы қазақ тiлiн түсiнедi, 62 пайызы қазақ тiлiнде еркiн жаза алады. Қазақстанның тiл саясатында ресми тiлге берiлген дәреже бойынша, оны мемлекеттiк құрылымдарда және жергiлiктi өзiн-өзi басқару органдарында пайдалануға құқылы. Тiл саясаты тұрғынан орыс тiлiне ресми тiл дәрежесiн берiп, арнайы баппен ерекшеленуiнiң рөлi зор және әлеуметтiк жағынан маңызды. Қазақстандық ұлтаралық татулық моделiнiң нәтижелi болуының негiзгi факторы елдi мекендеушi басқа да этникалық топтардың талап тiлектерiн ескерiп, тепе-теңдiктi сақтау, бiреуiне ерекше мүмкiндiк туғызып басқалардың құқығын шектеуге жол бермеу. Қостiлдiлiк саясатын тең ұстау осыған өте ыңғайлы.

«Үштұғырлы тiл» бағдарламасын жүзеге асыру тұрғысында болашақ мамандардың тiлдiк құзiреттiлiгiн жоғарылату өзектi мәселелердiң бiрi болып отыр. Қазақстанда 130 астам ұлттар мен ұлыстар мекендейдi. Осыған сәйкес оқу үдерiсiндегi негiзгi мақсат көпұлтты және көптiлдi ортада жеке тұлғаны қоғамның белсендi де жан-жақты, халықаралық аренада бәсекелестiкке қабiлеттi етiп даярлау. Дегенмен жылда жасалатын шетел тiлiн меңгеру деңгейiн анықтайтын мониторинг әлi де бұл тұрғыда жасалатын жұмыстардың көп екендiгiн көрсетедi.

Бүгiнде елiмiздегi орта, кәсiптiк және жоғары бiлiм саласындағы ағылшын тiлiн оқыту жұмысы әлемдiк талапқа сай емес. Мұндағы бiлiм алушылардың шетел тiлiн меңгеру құзiреттiлiгiнiң төмендiгiндегi негiзгi мәселелер: Оқу орындарындағы бөлiнген сағат санының аздығы, сабақ жүргiзетiн пән мұғалiмдерiнiң әлi де болса тiлдiк құзiреттiлiгiнiң төмендiгi, орта мектептерден шетел тiлiн меңгеру деңгейiнiң төмендiгi, кәсiби пәндерге арналған оқулықтармен қамтамасыз етiлуiнiң өте төмен деңгейде болуы. Әсiресе қазақ тiлдi оқу топтарына арналған ағылшын тiлiндегi арнайы пәндер оқулықтарының елiмiз бойынша өте төмен көрсеткiшi негiзгi себептердiң бiрi болып отыр. Кәсiби бағытталған шетел тiлi пәнi барлық оқу орындарында Россиялық баспалардың оқулықтарымен жүргiзiлетiнi баршамызға аян. Тiптi қазақ тiлдi оқу топтарына арналған оқулық жарық көргенiмен оның таратылуы бәсең жүргiзiлуде.

Көптiлдi бiлiм беру жүйесi аясында бiз орта, кәсiптiк және жоғары бiлiм саласындағы оқу-әдiстемелiк құралдарды қайта қарастыруымыз қажет. Себебi осы саладағы бiздiң ағылшын тiлiн оқыту жұмысымыз әлемдiк талапқа сәйкес келмейдi. Осыған байланысты бiз алдағы уақытта көптiлдi бiлiм беру жұмысын әлемдiк деңгейде мойындалған әдiстемелiк құралдар бойынша ғана жүргiзетiн боламыз.

Жоғарыда аталған мәселелерді есепке ала отырып, көптілділік күзіреттілікті қалыптастыру үшін барлық мамандықтар бойынша тиімді ақпараттық-әдістемелік кешендер даярлау қажет. Келешекте осы мәселені шешу жолында нақты іс-шаралар белгіленбек. Қазақ және орыс тілдерін ағылшын тілін оқытудың халықаралық жүйесімен бірдей моделін жасап шығару қажет. Еліміздегі көптілді білім беру жүйесін енгізудің заңнамалық базасын әзірлеу қажеттілігі, осы мәселені үйлестіруші республикалық орталықты құрудың кезек күттірмес мәселе екендігін айқындап берді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. *Michaela Sepesiova CLILL lesson planning. CLIL in foreign language education - 2015*
2. Прошина З.Г. *Вариантность Английского языка и межкультурная коммуникация// Международный журнал социальных и гуманитарных наук - М., 2010. –С.26-28*
3. Philipson R. *English for the Glohe, or only for Glohe-Trotters?The world of the EU// The Politics of English as a World Language: New Horizons in Postcolonial Cultural Studies.-2003 V.7-p.19.*
4. Pennycook A.D. *The cultural politics of English as an international language-London: Longman,1994*
5. Coleman J.A. *English-Medium Teaching in European Higher Education// Language Teaching.-2006 V.39,#1 pp.1-14*
6. Graddol D. *The future of English. London British Council 1997*
7. Н.Ә. Назарбаев «Әлеуметтік – экономикалық модернизация- Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан Халқына Жолдауы, 27.01. 2012
8. [https://en.wikipedia.org/wiki/Language\\_policy](https://en.wikipedia.org/wiki/Language_policy)
9. Мечковская Н.Б. *Семиотика: Язык. Природа. Культура: Курс лекций. Учебное пособие для вузов – М., 2007*
10. Сулейменова Э.Д., Аканова Д.Х. *Языки и культуры в Казахстане: фактор интеграции и взаимодействия. – Алматы, 2007*
11. Майгельдиева Ш.М., Калманова А. *Полязычие как инновационная идея и система обучения //Международная научная конференция «Тенденции современной науки» –г.Шеффилд, 2015.- С.33-38.*

**Майгельдиев Ш.М.,**

п.ғ.д., профессор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., Sharban56@mail.ru

**Байұлов Ғ.Б.**

PhD докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., baiuli@mail.ru

**Абдрахманов Е.А.**

Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы

## **ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ДАМУЫ**

*Түйін.* Бұл мақалада Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық білім дамуының мәселесі қарастырылған.

*Резюме.* В данной статье рассматривается вопрос о развитии музыкального образования в период независимости Республики Казахстана.

*Summary.* This article examines the development of music education in modern Kazakhstan.

Тәуелсіздік мәртебесін алғалы Қазақстан Республикасының білім жүйесін жетілдіру үдерісі жүріп жатқаны мәлім. Бүгінгі білім, ғылым мен мәдениетті жаһандандыру кезінде әр мемлекет өзінің рухани мәдени құндылықтарын сақтай отырып, әлемдік өркениетке кірігуге ұмтылуда. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында Ұлт көшбасшысы: «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – деп тұжырымдайды [1].

Бүгінгі таңда білім, өнер, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы – жастарға жалпы адамзаттық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейде көтеруге ықпал етуде. Қазіргі қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру басталған кезде ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп нығайту және өркениетті елдер қауымдастығының ортасынан орын алу – ұлттық мемлекетіміздің қалыптасуымыздың басты алғы шарттарының бірі екенін ұмытпағанымыз жөн. Рухани мәдениетіміздің тарихына айрықша назар аударатынымыздың себебі де осы. Бұл процеске қоғамтанушы ғылымдармен қатар тарихшылар, филологтар, философтар, психологтар сонымен қатар, педагогтар мен музыканттар да ат салысуда. Бәрінің мақсаты – тамыры тереңде жатқан ұлттық өзіндік философиялық ой-сананың ерте дәуірден күні бүгінге дейінгі тарихына ой жүгірту, оның дамуына өзіндік үлес қосу.

Қоғамның жаңа деңгейге көтерілуімен байланысты оның қозғаушы күші болып отырған – жастарға білім беру ісінде өткен тарихты тәжірибелерді ой-елегінен өткізіп, жаңа заман талабына сай қолданудың жолдарын қарастыру, сөйтіп Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық-педагогиканың зерттелуі бүгінгі күнгі қажеттіліктердің бірі болып отыр. Осыған орай, мақаламызда Тәуелсіз Қазақстандағы музыкалық жоғары білімнің қалыптастыру мен дамуының негізгі себептерін айқындаймыз.

1991 – 2003 жж. – жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда Қазақстан Республикасында музыкалық жоғары білімнің дамуы. Бұл кезең Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде орнауы, Кеңестік социалистік Республикалар одағының ыдырауымен және соның салдары ретінде кеңестік идеологияның бұзылуымен сипатталады. Сәйкесінше, Қазақстан Республикасында болған саяси және экономикалық өзгерістер білім жүйесіне де әсер етіп, бұл инновациялық өзгерістерге алып келді.

90-шы жылдардың басындағы халық дәстүрлері, салттарының қайта жаңғыруы музыкалық жоғары оқу орындарында жаңа мамандықтар ашуға алып келді. Мысалы, Қызылорда педагогикалық институтында 1990 жылы «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының негізі қаланды. Білімнің мемлекеттік емес секторының дамуы жоғары оқу орындарында, оның ішінде музыкалық бағыттарда оқитындардың, студент жастардың саны ұлғаюына ықпал етті (Академиялық инновациялық университет, «Болашақ» Университеті, Қостанай әлеуметтік-техникалық университеті, «Сырдария» Университеті, Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақ-Қытай институты, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университет).

1998 жылы ірі саяси-экономикалық қадам - астанамыздың Астанаға көшуі болды, бұл республика экономикасының өсуіне, облыс орталықтарының келбеті өзгеруіне, астананың мәдени өмірі жоғарылауына ықпал етті. Айталық, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың бастамасымен және қолдауымен 1998 жылдың 31 наурызында Астана қаласында үздіксіз өнбойығы оқытатын керемет оқу орны - Қазақ Ұлттық музыка академиясы (ҚазҰМА) құрылды. 90-шы жылдардың ортасында мамандықтардың жіктемесі мен мемлекеттік стандарттың пайда болуы еліміздің педагогикалық институттарындағы музыкалық-педагогикалық білімді ұйымдастырудың басқы жағына тән музыкалық мамандықтардың атауындағы саналуандықтан («Музыка және ән салу», «Музыка және хореография», «Бастауыш оқыту әдістемесі қосымша музыка мамандығымен» және т.б.) бас тартуға әкелді, алайда бұл олардың мазмұнын біріктіруді емес – керісінше, мамандық мазмұнына бірнеше музыкалық бағыттарды біріктіру туралы дәлелдеді. Осылайша, кеңестік идеологияның бұзылуымен, Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет боп орнауымен байланысты үшінші кезең музыкалық жоғары білімнің ұлттық жүйесі орнауымен сипатталады.

Кәсіби білімнің жаңа шарттары мен талаптарына байланысты музыкалық жоғары білімнің мақсаты қайта қаралды, ол бәсекеге қабілетті, құзыретті мамандар даярлауды көздейді. Осыған орай, білім ұйымдарын ұйымдастыруда, оқыту үдерісті басқару мен стандарттауда, мамандық Жіктеуіштерін халықаралық стандарттарға жуықтатуда, музыкалық жоғары білімнің интеграциялық әлеуетін кеңейтуде өзгерістер болды, оқытудың инновациялық формалары мен әдістерін белсенді түрде енгізу, үздіксіз білімді дамыту жүрде.

Келесі кезең - *2004-2010жж.* - әлемдік білім кеңістігіне ену жағдайларында музыкалық жоғары білім жүйесін жаңғырту кезеңі ретінде белгіленді. 2004 жылдың ақпан айында Қазақстанның Үкіметі ҚР білім жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын мақұлдады. Тұжырымдама негізінде Қазақстан Республикасында 2010 жылға дейін білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына [2] сәйкес Қазақстанның көптеген жоғары оқу орнындарда (ЖОО), оның ішінде музыкалық ЖОО-да әлемдік тәжірибеде қабылданған кредиттік оқыту жүйесіне көшу жасалды, оның жетістіктерінің бірі студенттердің танымдық қызметінде белсенділік пен өз бетіншелікті күшейту болып табылады. Мысалы, 2004 жылдан бастап консерватория кредиттік оқыту жүйесіне жоспарлы түрде көшеді, жаңа кафедралар мен мамандықтар (арт-менеджмент, музыкалық білім педагогикасы мен психологиясы) ашылады. Сонымен бірге 2004/2005 оқу жылында Қыздар педагогикалық институты кредиттік оқыту жүйесіне көшті. Сол жылдарда мамандар даярлаудың халықаралық талаптарын - «бакалавриат – магистратура» көпдеңгейлі жүйесіне көшуді енгізуге алғашқы қадамдар жасалды. Оқу үдерісінің сапасын арттыру мақсатында 2004 жылдан бастап Қазақстанның ЖОО-да, оның ішінде музыкалық ЖОО-да «Сапа менеджменті» жүйесі ресми енгізілді.

Қазақстанның ЖОО-ы халықаралық ынтымақтастық желілерін кеңейте түседі, бұл болып жатқан жаһандану процестерімен шартталды. Консерватория, мысалы, консерваториялардың Еуропалық Ассоциациясымен және Париждегі штаб-квартираның музыкалық жоғары мектептерімен, «Түркі халықтарының музыкасы» Халықаралық Ассоциациясымен және т.б. ынтымақтастық жасайды. Музыкалық-педагогикалық факультеттер де халықаралық ынтымақтастық көкжиектерін белсенді кеңейтеді, мысалы, сол кезеңде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті АҚШ-ғы Азиялық орталықпен (Нью-Йорк); Агахан Қорымен (Женева, Швейцария) және т.б. ынтымақтастық жасайды.

Музыкалық жоғары білімнің мазмұны мен ғылыми-теориялық негіздерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасында жасалып жатқан музыкалық жоғары білімді дамытудың прогрессивті қадамдарын атап өту қажет. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасында сол мерзімде енгізіліп жатқан 2007-2012 жылдарға арналған «ҚР музыкалық білімін дамыту» жобасы [3] қалыптасқан ұлттық музыкалық білім мен әлемдік музыкалық мекемелердің мойындалған тәжірибесі синтезінің негізінде музыкалық білімді заманауи дамыту тұжырымдамасын түзуді көздейді. Осылайша, аталған кезең мен зерттеу нәтижелерінің талдауы қазіргі тәуелсіз Қазақстанның ЖОО-ы қоғамның әлеуметтік сұраныстарын ескере отырып, қарқынды дами түскен ахуалға дер кезінде жауап беретінін көрсетті.

Келесі кезең – *2011ж. бастап қазіргі уақытқа дейін* - шетелдік тәжірибені ескере отырып (бакалавриат- магистратура – PhD докторантура), жаңа формациядағы бәсекеге қабілетті, құзыретті музыкалық-педагогикалық мамандар даярлаудың көпдеңгейлі жүйесін ұйымдастырумен сипатталады[4]. Қазақстан Республикасының білім жүйесі әлемдік білім кеңістігіне енуіне байланысты халықаралық ынтымақтастық, студенттермен алмасу және оқытушы-профессор құрамының халықаралық тағылымдамалары күшейе түсті. Қазақстандағы музыкалық жоғары білімді ұйымдастыру

және одан әрі дамытудағы оң тәжірибені жинақтап, талдау бізге оны жетілдірудің келесі жолдарын белгілеуге мүмкіндіктер берді:

- Қазақстан Республикасында музыкалық жоғары білімді дамытудың ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу қажет;

- жалпы білім беретін мектептердің 12 жылдық білімге көшуіне және бейінді мектептің дамуына байланысты оқыту әдістемесі мен инновациялық технологияларды білу деңгейі жоғары музыкалық-педагогикалық мамандарды даярлауды жетілдіру қажет;

- жалпы білім беретін мектептермен және түрлі шығармашылық бейінді мектептермен, мектептентис мекемелермен ресурстық орталықтар ролінде өзара іс-қимыл жасайтын республиканың шығармашылық және педагогикалық жоо-ы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу қажет;

- өскелең ұрпақты музыкалық тәрбиелеу және білім беруді дамыту, ауылдық жерлерде музыкалық мәдениетті қайта жаңғыртып, дамыту мақсатында ең дарынды ауыл жастарына гранттық мақсатты қолдау жасауды қарастыру;

- музыкалық-педагогикалық мамандардың шетел тілдерін үйрену сапасын арттыру мақсатында арнайы бағдарламалар жасап, материалдық-техникалық жарақтандыруды күшейту қажет;

- қазіргі композиторлық шығармашылықты дамыту, құзыретті музыкалық-педагогикалық мамандарды даярлау мақсатында компьютерлік технологияларды студенттердің шығармашылық және практикалық қызметтерінде қолдану икемділіктері мен дағдыларын, білімдерін жетілдіру. Музыкалық білімнің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, музыкалық ЖОО-ың студенттері үшін информатикадан инновациялық музыкалық-компьютерлік бағдарламаларды әзірлеу;

- музыкалық білімнің қазіргі жаһандану жағдайларында студенттермен және оқытушылармен алмасу бойынша халықаралық байланыстарды күшейту, қос дипломды музыкалық білімді ұйымдастырып, дамытуды қарастыру, халықаралық ынтымақтастық түрлерін кеңейту, халықаралық тағылымдамаларға, әсіресе педагогикалық жоо-да гранттық қолдау жасау қажет;

- біліктілігі жоғары, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау сапасын арттыру мақсатында қысқа мерзімді қосымша білім, қашықтықтан оқыту бағдарламаларын әзірлеу қажет[5].

Қорыта келгенде, қазір, біз Болон процесінің жүйесіне етене енген шақта, оның үстіне, озық 30 елдің қатарына кіруге тырысып жатқан кезімізде, республиканың білім жүйесінің алдында музыкалық оқыту үдерісіне қатысты да жаңа міндеттер қалқып шығуда. Бізге бір нәрсе түсінікті: біз музыка бойынша шетелдік белді ЖОО-ң оқу жоспарларын ұстануымыз және еуропалық білім бағдарламаларына бағдарлануымыз тиіс.

#### **Әдебиеттер:**

1. *Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы Астана, 2012*

2. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2014*

3. *Қазақстан Республикасының 2007-2012 жылдарға арналған «ҚР музыкалық білімін дамыту стратегиясы» - Астана, 2006*

4. *Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – Астана, 2010*

5. *«Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері – Астана, 2014*

6. *Байұлов Ф.Б: Қазақстандағы музыкалық педагогиканың дамуы мен қалыптасуына ықпал еткен факторлар//Қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, этнограф, саяхатшы және ағартушы Ш.Уалихановтың 180 жылдығына арналған «ШОҚАН ОҚУЛАРЫ-19» Халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция материалдары,17-18 сәуір 2015ж.-55-59 бб.*

7. *Байұлов Ф.Б.Тәуелсіз Қазақстанда музыкалық педагогиканың қалыптасуы және білім берудегі социомәдени ретінде қарастырылуы// Materials of the II International scientific-practical conference «Intergration of the scientific community tu the global challenges of our time» March 7-9, 2017 - Osaca, Japan. Volume III. -159-164 p.*



**Оспанов Бахтияр Есенгелдіұлы**  
PhD докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., baktiar\_aa@mail.ru

## **СЫР СҮЛЕЙЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ИМАНДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Түйін.** Бұл мақалада Сыр сүлейлерінің шығармашылығындағы имандылық мәселелері қарастырылған, атап айтқанда, рухани-адамгершілік қасиеттер мен діни көзқарастарды тәрбиелеу мәселері.*

***Резюме.** В данной статье автор анализирует отражение в творчестве акынов-сказителей земли Сыра проблемы воспитания нравственности, духовности и отношения их к религии.*

***Summary.** In the article the author analyzes the reflection in the works of the Syrland Poet-storytellers the problems about their spirituality, their hospitality and their religion.*

Сыр елі - жыр елі. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Сыр Алаштың анасы» дегеніндей: Тарихы тереңге тамырлаған осынау топырағы киелілік пен көнелікке бай, дархан да жомарт сыр бойы сонау ғасырлардан бері өлең-жырға толы болған. Сыр бойының өнері, жырау, жыршылық дәстүрі, акындардың шығармашылығындағы діни танымын қозғау, бұл арнайы зерттеуді керек ететін дүние. Сыр сүлейлерінің шығармашылығын тілге тиек етпес бұрын әуелі шығарманың дүниеге келу себебі, авторлары мен халық арасына жеткізушілері туралы білген жөн. Демек, Сыр сүлейлері туралы айтқанда, олардың поэзиясы туралы айтқанда, олардың ерекше суырып-салмалық дарыны туралы сөз қозғамай кету үлкен қателік болар еді. Ақын-жырауларды шығармашылығына қарай ерекшеліктерін анықтап, олардың шығармашылығындағы жыршылық мектебін, жыраулық дәстүрін ажыратып, қарастырған тақырыптары мен ондағы ойысты мәселені айқындап алу қажет.

Дегенмен бір аумақтың барлық ақын-жырауларын бірден алып бір еңбекке сыйдырам деу ол әншейін елірмелік болуы мүмкін, нәтижесі де нан жегізерлік болуы екі талай. Бұл зерттегелі отырған тақырыпты саяздатып жіберуі мүмкін. Бұл тақырыптың төңірегінде еңбек жасаған дарынды ғалым ағаларымыздың еңбектері зор. Олардың қатарында М.Байділдаев, Ә.Қоңыратпаев, Ә.Айсауытов, Р.Бердібаев, А.Алматов, Б.Кәрбозұлы, Қ.Еркөбек, Б.Жүсіпов. т.б. өз халқының рухани мәдениетінің өзегінен сусындаған, ұлт өнерін ұлықтаудан шаршамай, ұлттық рухты асқақтатып келе жатқан ағаларымызды атап айтсақ болады[1,2,3].

Том-том болып тарихтың тасасында қалған жырауларымыздың еңбектерін архивтерден қазбалап, сыни көзбен қарап санаңа сызат түсіретін солақай саясаттан тайсалмай, ауыл-ауылды аралап, халық аузында айтылып жүргендерінен жинақтап ұлттың болашағы үшін өмірін, алтындай уақыттарын сарп еткен ағаларымызға алғысымызды айта кету қателік болмас. Ал сыр сүлейлерінің діни танымы ол өзалдына тың мәселе. Сыр өңірінің ақындық, жыраулық, термешілік өнерінің зерттелмеген тұстары әлі де өте көп. Соның бірі сырдың ақын-жырауларының еңбектеріндегі діни танымдық қыры. Осыдан келіп сыр сүлейлерінің жыраулық еңбектеріндегі жеке өздеріне тән ерекшеліктерін айқындап, әр қайысының сүлейлік сипатқа дейін кемелденуінің ұзақ та қиын жолдарына, әр ақынға жеке-жеке тоқталып кетуді жөн көрдім. Исі қазақтың ұлттық, халықтық рухани байлықтарының арасында, ата-баба мұраларының ішінде ойыстай орыны білініп тұратын жыраулар шығармашылығының жөні бір бөлек. Ақындық өнердің (мейлі жазба болсын, мейлі суырып-салмалық болсын) ең көне түрі - бұл жыраулық болып табылады.

Жалпы «жырау» - сөзі өте ертеден келе жатқан сөз. Мысалы, Қырғыз ағайындар қазақ тіліндегі «жыр»-сөзін «ыр»-дейді. Түркілер заманынан келе жатса да таң қалмас едік. Өйткені Қазақ жырауларының аталарының бірі болып табылатын Қазтуған он бесінші ғасырдың орта шенінде өмір сүрген оны өз заманында да жырау деген. Ал сөздің тілдік ассимиляцияға ұшырап түбегейлі өзгеріп кетуіне үш-төрт жүз жылдың өзі аздық етеді. Осыны ескерсек «жырау», «жыр» сөздері Қазтуған аталарымыздың алдында бірнеше ғасырлар бұрын да пайдаланылған деуге болады.

«Жырау» сөзі ХІ ғасырларда өмір сүрген, бүкіл түркі халқының ортақ данышпаны Махмуд Қашқаридың сөздігінде де кездеседі екен. Ақын-жыраулар ескіліктің көзі болатын діни хиссалар мен батырлар туралы аңыздар, тарихи шежірелер және жыр дастандарды жаттап отыратын тарих пен әдебиеттің тірі бұлағына пара-пар кісілер етін.

Олай демегіміз, аяқ астынан өлең, жыр, толғау шығарып айту осы екі бағыттың да қамтитын қасиеттер болса керек. Жыраулар туралы алғаш хатқа түсуі ХІ ғасырларда басталса керек. Жалпы жыраулар елді патриоттыққа шақырушы адамдар болған. Тарихқа үңілсек қазақ даласында елдің

жоғын жоқтап, зарын зарлап елді бірлікке шақырып ұрандаушы, батырларымыздың батырлығын жырлап, олардың даңқын асқақтатып қазақ ерлерін жігерлендіріп, патриотизмге шақырып отырған. Сан ғасырлардан бері Қазақ жері ұлан ғайыр территорияны алып жатыр. Сол ұлан ғайыр жеріміз тарихтың небір нәубатын бастан кешіріп келе жатқанын біз жақсы білуіміз керек. Сақ дәуірінен бері тізбектемей ақ, кешегі Шыңғысқанның жорығымен кеңес дәуірі аралығында көрген зарымыздың өзі жетіп артыларлықтай. Мысалы: Шыңғысқан жорығы кезінде сол заманда кітап қоры жағынан дүниежүзінде екінші болып табылатын Отырар кітапханасының отқа жағылуы, сол кездегі орта азия халықтарының түгелдей дерлік мәдениетін, дінін, ғылымын отқа жаққанмен пара-пар нәрсе болды. Жері жұмсақ, шөбі шүйгін ұланғайыр Қазақ жері және сол жермен бірге мыңдаған шақырымға жанасып жатқан жібек жолы, Айдахардай ақырған елдің, аюша бақырған елдің және жауыздықты жалау қылған Жоңғарлардың көз күйігіне айналды. Жүздеген жорықтар болды, қанды қырғындарды бастан кешірдік. Діні мұсылманның баласымыз деп білген Қазақ ерлері қайткен күнде де өз туған жерлерін қорғай білді. Оған сол кездегі қазақ жырауларының алтыннан қымбат жауһар жырлары куәлік болады. Соның бірі он сегізінші ғасырдағы қазақ ақын-жыршысы Тәттіқараның мынадай өлең шумақтары осыған дәлел болатын сияқты:

«Кебеже қарын кең құрсақ,  
Артық туған Абылай,  
Көтере көр бұл істі.  
Көп қытайдың жылқысы  
Тұрымтайдай құнысты .  
Жау жағадан алғанда,  
Ит етектен алғанда,  
Ер Абылай қорыққан жоқ,  
Әншейін еңкейе бере жылысты.

Бәсентиін Сырымбет

Оқ жіберіп ұрысты.

Ақыл қалмас қашқанда,

Дегбір қалмас сасқанда, Баяндай ерді көрмессің

Бұрылып жауды шанышқанда." [4.69-б]

Деп жырлаған бабамыз қазақ батырларының ерліктерін паш етіп Қазақ халқының еңсесін көтеріп бірлікке шақырады .

Мынадай өлеңдерді естіген де қай Қазақтың баласы болмасын делебесі қозып тұратыны біздерге жақсы белгілі. Ислам дінін хақ дініміз деп білген аталарымыз шариғи амалдарды жетік білген. Қазақ батырлары «отан сүю иманнан» деп білді. Отанды жәй батыр болып емес, иманды батыр болып жүріп қорғауды мақұл көрді. Осы жолда жүріп, отан үшін, елдің болашағы үшін құрбан болатын өлімді аңсады. «Ел қорып жүріп ерлікпен өлмесең, үйінде жатып қорлықпен өлерсің» деген аталарымыздан қалған нақыл сөз осыны меңзейтін сияқты. Даланың халқымыз, Тәңірдің пендесіміз, Тәңір бізден төзімділікті, қайсарлықты талап етеді деп жүрген даланың қайсар ұлдары болып табылатын түркілерге Ислам дінінің келуі нұр үстіне нұр болды. Бір ғана жаратушының бар екенін біліп, және оны Тәңір деп топшылап жүрген халыққа сол жаратушының нағыз есімі АЛЛА екені мәлім болып оның соңғы кітабы (кәләм- сөзі) Құран және соңғы пайғамбары Мұхаммед (с. а. у) екені белгілі болғанда жүректері жібіп сала берді.

Біз тарихтан жақсы білетін Хараханидтер тоғызыншы ғасырда Ислам дінін «мемілекеттік дін» деп жариялады. Қай кезде болмасын қандай оқиға болмасын ақын-жырауларымыздың алатын ролі жоғары болған. Он сегізінші ғасырда өмір сүрген Қазақтың айтулы жырауы Үмбетей Тілеуұлының «Бәкеге» деген өлеңінде мынадай жыр шумақтары кездеседі:

Дін пұсырман баласы

Адамдықтан жерімес

Тіл пұсырман қарашы

Арамдықтан шегінбес. [4.73-б]

Бұл шумақтың мазмұнынан сол замандағы Қазақ халқының мұсылманшылықты: адамгершіліктің, адалдықтың ақ туы етіп көтергенін байқаймыз. Сонымен қатар мұсылманшылықтың, АЛЛА ұғымының тілде емес жүректе бекуін өсиет еткенін көре аламыз.

Қазақ поэзиясының тарихында орыны тайға таңба басқандай ерекше көрінетін он жетінші-он сегізінші ғасырларда өмір сүрген Бұқар жыраудың «Тілек» деген өлеңінде мынадай шумақтар кездеседі:

Бірінші тілек тілеңіз,  
Бір АЛЛАға жазбасқа.  
Екінші тілек тілеңіз,  
Ер шұғыл пасық залымның  
Тіліне еріп азбасқа .  
Үшінші тілек тілеңіз,  
Үшкілсіз көйлек кимеске,  
Төртінші тілек тілеңіз,  
Төрде төсек тартып жатпасқа.  
Бесінші тілектілеңіз,  
Бес уақытта бес намаз  
Біреуі қаза қалмасқа. [4.82-б]

Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаның заманында қарындасыңды, әйелің мен қызыңды күн ал өзінді құл қылып жатқан қанды қырғын нәубәтшілікте өмір сүрген Бұқар атамыз бұл шумақтарда, жан түршігерлік күнді бастарынанешіріп жатса да халқын сабырлылық пен иманына берік болуға шақырған. Осындай дәстүрде сабақтасып келген дәстүрді жалғастырушылар болып табылатын, он тоғызыншы, жирмасыншы ғасырларда Сыр өңіріне аты мәлім, көпшілікке танымал, айтулы ірі көптеген ақын-жыраулар өмір кешкен. Олардың жыраулық өнері мен дәстүріне көз жіберіп қарасақ, бәріне тән бір ортақ белгілерді байқай аламыз. Демек бір ғана жырау-жыршылық дәстүрдің төңірегіне топтасқандық және бір сарын әуенділігі, жазбаша да, ауызша да өлең шығарғыштық. Жыраулар көбінесе өздеріне ғана тән әуенділік, шешен сөзділік, жырлар жыраулардың сауаттылары көп болуы себепті кейде жазбаша түрде шығармалар қалдырған. Замана мен дәстүр туралы айтпас бұрын оның диалектикалық байланысына тоқталған жөн болар еді. Әрбір ұрпақ өздеріне дейінгілерді еңбектеріне саралап қарайды. Сөйтіп жақсысын үйренеді, жаманынан жиренеді.

Қазақтың жыраулық өнер тарихына көз жіберсек, жалғасып жатқан біртұтастық байқалады. Ертедегі жыраулардан орта ғасыр жыраулары, тіпті Күлтегін, Тоныкөк бабаларымыздың шығармашылығын да осы сарынға жатқызсақ болады. Олардан кейінгі кезеңдердің жыраулары мен ақындары өкшелеп келеді. Осындай түбі бір ұрпақтар арасында тарихи жалғастық, үйлесімділік, дәстүрлі түрлері мен мазмұны өсіп, жетілу заңдылығы талассыз шындық. Қазақ халқы ғасырлар бойы қадірлеп, әр сөзін бойтұмарындай қастерлеп, көздің қарашығындай жадында сақтап жеткізді. Ұрпақтарының дүниесі іспеттес, ел қазынасы ретінде сары алтындай сақталып келді. Бабаларымыз қалдырған татымды терме тұтымды үгіт, адамгершілік өсиет әр кез ақын-жырауларын тебіrentкен аса құнды туындылар.

Мысалға алып қарайтын болсақ, сүлейлер секілді Қазақстанның басқа өлкелерінде жыраулар мектебі болмаған. Себебі қалған өңірлер де орыстандыру процесі қатты жүріп ата баба шежіресінен қол үзіп қалды. Қызылорданың астана болуымен сонда кіші баспалардан азын аулақ басып шығарылып. Осылай сақталды. Он тоғызыншы, жирмасыншы ғасырларға жеткен біраз тобы Сыр бойын мекендеп өскенін білеміз. Сыр жырауларының дәстүрінде қалыптасқан жүйрік тілді, сурып салма ақындық өнердің биігінен көрінген сыр сүлейлерінің көпшілігі Қармақшы, Арал табанындағы елдімекендерде туып-өскен.

Сыр өңірі - қазақ халқының ең ертеден келе жатқан ата қонысы. ХІХ-ХХ ғасырларда Сырдың бойының төменгі ағысы Арал маңында өмір сүрген ақын-жыршыларымыздың арасында қисынды сөз бен ширатпа шумақтардың, арнау-толғау және жыр-дастандардың шамшырағы атанған Қарасақал Ерімбет Көлдейбекұлының алар орны ерекше. Жыраудың жинағында көптеген діни-философиялық, дүниетанымдық ғибраты мол, өлеңдері және арнау-толғаулары, «Мұхаммед пайғамбар туралы хикая», «Атымтай жомарт» және көптеген басқа да дастандары танымал. Сонымен қатар «Ісболмас жаратқансыз бір халі-хал» сынды қысқа шумақты терең ойлы, діни танымдық өлең жырлары көп.

Қазақ елі осындай теңдесі жоқ өнер иелеріне мейлінше бай болды. Асқар арман мен санаға сіңімді болатын тұңғыық терең ойдан тұратын халықтың зары мұңын айтатын өзіне сай трагедиялық сипаты да мол болды. Өз елінің болашағы мен ұрпағының ұяң болып қалмауын ойлаған аталарымыздың еңбек жырлары беймәлім болып келгені ішті қынжылтады әрине. Әйтеуір асыл ерлеріміз бен ғибратты ғалымдарымыздың арқасында, біздерге қайта бұйырды. Қазақстан республикасының жері мен байлығының сан ғасырлардан бергі иесі, ол - қазақ халқы болып табылады. Сондай егелік қылып қалатын және бір байлығымыз ол қазақ фальклоры болып табылады.

Олай демегіміз қазақ жерінде қалыптасқан қоғамның сан ғасырлық дамуының белгілі тұтастарын жүргізілген ішкі және сыртқы саяси іс әрекеттердің, алапат соғыстар мен ел басына тускен сан түрлі қайғы қасіреттерді, жаулаушылар жасаған қуғын-сүргіндердің зардабынан кейбір зиялылардың өздері

тұрмақ, сөздері де жойылып, тарих беттерінен мәңгілікке аластатылып, халқымыздың ой-санасынан сылынып тасталынды. Осындай жаратылысы бөлек тарлан таланттарды – Қорқыт атамыз сияқты даналардан бастап, небір көреген көсемдерімізбен сөздің майын тамызған шешендерді, халқымыздың тарихы мен оның мәдени-рухани құндылықтарын, қазақтың қай баласының болмасын бойынан табылуы тиіс адамгершілік пен патриоттық мәні зор өлеңдермен өрнектеп, халық санасында мәңгі өшпес із қалдырған ақын-шыйырлар мен жыршыларды тудырған алтын құрсақ, құт –береке дарыған аймақтардың бірі және бірегейі Сыр бойы мен Арал өңірі десек, артық айтқандық болмас. Қорқыттың зираты, оның үстіне қазіргі ұрпақ орнатқан зәулім ескерткіші Сыр бойында тұр.

Сайып келгенде Сыр өлкесіндегі жыраулар мектебінің тарихы тереңде жатыр. Өнерді өлтірмей жалғастырып келген көптеген жыраулар ұрпақтары өмір сүріп келеді. Жоғарыда аталған ақын – жыраулар мен сүлейлеріміздің әрқайсысы өз алдына арнайы зерттеуді қажет ететін айтулы тұлғалар.

Жалпы дін атаулының адамзат өмірі үшін маңызы өте зор. Дін –адам баласының басты тірегі болғандықтан, қай жерде де маңызды рөл атқарып келеді. Сыр өңірі де дәстүрлі діндердің қазақ даласындағы екінші отанына айналды. Сыр өңірінің ақын-жырауларының әдеби мұраларды жинақтап, оларды ұрпақ кәдесіне жаратуға сіңірген күллі Қазақ үшін жасалған еңбек деп бағалау керек[5,6].

Айта кететін болсақ он тоғызыншы ғасыр мен жирмасыншы ғасырдағы сыр сүлейлерінің қазақ әдебиетінде тарихында айрықша ерекшелігі бар ақын-жыраулар. Сыр бойындағы сыр сүлейлерінің шығармалары көп мәселені қамтыған. Сүлейлер өз өлең- жырларын насихатқа құралған арнау өлеңдерден бастап, дінитанымдық және ағартушылық бағытқа келді. Сонымен қатар, кеңес заманының жаңа тұрмысын жырлаған шығармалары арқылы қазақ әдебиетіне үлкен үлес қосты. Сондықтан, ақын-жыраулардың творчествосындағы имандылық мәселесін зерттеудің мәні қазіргі заманда өте зор.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Айсаутов Ә. *Сыр елінің өнер өрендері.* – Қызылорда, 1999
2. Еңсегенұлы Т. *Сыр бойы ақын жыраулары.* – Алматы: Білім, 2000
3. Шораяқов О. Шайыр . – Алматы: Жазушы, 1984
4. *Бес ғасыр жырлайды.* – Алматы: Жазушы, 1989
5. Оспанов Б.Е. *Сыр бойы ақын-жыраулар шығармашылығының тәрбиелік сипаты// II-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары, Осака қаласы, Япония, 7-9 наурыз 2017 .*
6. Оспанов Б.Е. *Сыр сүлейлері шығармаларындағы Жаратушы мен адамзатқа деген махаббат//Ғылым және инновация атты IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. - Польша, 15-қазан 2013 ж. - .84-89бб.*
7. Жанбердиева Ұ. Н. *Тал жібектей таза сөздің тарланы.* – Қызылорда: Тұмар, 2006

**Бекболатова Қ.М.**

Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты  
6D010700-Бейнелеу өнері және сызу мамандығының 3-курс PhD докторанты,  
sunkarz@mail.ru

## **ЗАМАНАУИ ӨНЕР САЛАСЫНДАҒЫ ЭКОДИЗАЙН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ**

**Аңдатпа:** Бұл мақалада көркем білім берудегі өнер мамандарының экологиялық бағытылығының маңызы мен қажеттілігі баяндалып, экодизайн ұғымы түсіндіріледі. Болашақ өнер мамандарына көркемдік білім беруде қоршаған орта мен ондағы табиғат құбылыстары мен қайнар көздер алғашқы адамзат дамуында қызмет атқарғанын айта отырып, қазіргі еліміздегі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс үдерісіндегі заманауи өнер саласындағы экодизайн технологияларының мүмкіндіктері сипатталады. Экодизайн тақырыбына зерттеу жұмыстарын арнаған алыс, жақын шетелдік ғалымдар еңбектеріне сілтемелер беріледі. Көркем білім берудегі дизайн саласының заманауи экодизайн технологияларының сән дизайнда пайдалану жолдары айтылады. Экодизайн материалдарының ертеден-ақ қазақ халқы тұрмыстық бұйымдарында табиғи, таза болғаны жайлы мәліметтер беріліп, бүгінгі нарықтағы экологиялық таза материалдар арқылы сәнді бұйымдар дайындаудың қолжетімділігі талданады. Заманауи өнердегі стилдер алуантүрлілігі айтылып, ұлттық өнеріміздің негізін жоғалтпай дамытудағы экодизайн технологиялары атқаратын қызмет түрлері сипатталады. Болашақ жастарды экодизайн технологиялары арқылы жаңаша көзқарастар мен шығармашылық жұмыстарға үйрету мен оны жасаудың ізденушілік, жобалық, конструкторлық, технологиялық, әдістемелік, жүйелік қызметтерін дамыту мәселелеріне арналады. Дизайндағы экологиялық көзқарастар шетелдік дизайн мектептері мысалдары негізінде талданып, экодизайнның бес негізгі қағидаларына өзіндік пікірлері беріледі.

**Кілтті сөздер:** экодизайн, қоршаған орта, дизайн, костюм, сәулет, қыш, экодизайн технологиялары.

